

Әтемова Қ.Т., Турсунходжаева Н.А.

**ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ПАЙДАЛАНУ**

Оқу құралы

Шымкент, 2018

ӘОЖ 37.013

КБЖ 74.6

Ә 78

Оқу құралы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенатында қаралып, мақұлданған.

(Хаттама №6, «22» 06. 2018 ж.)

Пікір жазғандар:

Торыбаева Ж.З. – педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Омарова Г.Ә. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент

Әтемова Қ.Т., Турсунходжаева Н.А.

Ә 78 Қыз тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану:
оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2018.
– 86 б.

ISBN 978-9965-677-30-4

Оқу құралы отбасында қыз тәрбиесінің ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасай отырып, оларды болашақ отбасылық өмірге даярлауда ата-аналарға кеңестер беруді мақсат етеді. Бүгінгі қыздарымыздың ертеңгі отбасылық өміріне қажеті болатын іс-әрекеттер түрлеріне тоқтала отырып, оларды іске асыруда ұлттық құндылықтарымыздың мәнін ашып түсіндірудің маңыздылығы баяндалады. Аталмыш еңбек «Түркі халықтарының қыз балаларды ұлттық құндылықтар негізінде болашақ отбасылық өмірге даярлау дәстүрлері» атты ғылыми жоба аясында орындалды.

Оқу құралы педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, мектеп мұғалімдері мен ата-аналарға және көпшілік оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 37.013

КБЖ 74.6

ISBN 978-9965-677-30-4

© Әтемова Қ.Т., Турсунходжаева Н.А., 2018.

КІРІСПЕ

Қазақ халқының әу бастан-ақ, ұрпақ тәрбиесіне бейтарап қарамай, бүкіл халық болып тәрбиелеуге атсалысуы тегін емес. Бүгінде де осы дәстүрді қайта жаңғыртып, ел боламыз десек ұрпақ тәрбиесін ең алдымен қыз тәрбиесінен бастап қолға алу шараларын қарастыруымыз керек. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу баршамыздың міндетіміз екендігін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Балалар қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар қорғансыз болуға тиіс емес... Бала тәрбиесі – тек ананың ғана емес, ата-ананың екеуінің де міндеті. ...Ең алдымен біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек», - деп атап көрсетуі арқылы барша педагогтар мен ата-аналарды өз міндеттерін адал орындауға шықырды.

Қазіргі уақытта қыз бала тәрбиесінің табысты болуы педагогтар мен ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде қыз балаларының мінез-құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуы, сонымен қатар, мектеппен ынтымақтаса отырып теріс қылықтарды болдырмауды бірлесе ойластыруы шарт.

Қазіргі қазақ қыздарының жүріс-тұрысы, өз бойын күтуі, киім киісі, қоршаған ортадағы өздерін ұстауы мен қарым-қатынасы баршаны ойландыратын жағдайда. Бүгінгі таңда кейбір қыздардың арақ ішіп, жігіттермен тең тұрып темекі тартуы, түнгі клубтардың есігін баққаны бүгінгі күні қалыпты жағдайға айналып барады. Ол жағдайға олардың ата-аналары да алаңдаушылық білдірудің орнына, қыздарына қолдау көрсетеді. Осындай әрекеттердің салдарынан қыздар әртүрлі келеңсіз жағдайларға тап болып, оның арты өкініштерге соқтырып жатқаны да жасырын емес. Бұл ең алдымен қыз балалардың тәрбиесінің ұлтымызға тән емес қасиеттермен қалыптасқанын көрсетсе, жетім қаракөздердің көбейе түсуі қоғам, ел, жұрт болып осы мәселеге бей жай қарағанымыздың салдары болмақ.

Бүгінде тәрбиені ата-анасынан емес, теледидар мен компьютерден алып келе жатқан жастар буыны қалыптасып келеді. Кейбір ата-ананың қыздарымен, сөйлесіп, ортақ әңгіме айтуға

уақыты да жоқ. Осыдан келіп қыздарымыз отбасынан жырақта «Көше тәрбиесін» көріп өседі. Бала кезінен жылулық мейірімді көрмей, анасының ақылы мен мейіріміне қанып өспеген қыз біртіндеп қатыгездікке бойы үйрене бастайды. Сондықтан бұл да ата-ананың отбасы тәрбиесінде ұрпақтарының болашағына немқұрайды қарағандығы деп білу керек. Ол аз болғандай қаладағы қазақ қыздарының көбі бір-бірімен орысша сөйлеседі. Өз ұлтының тілінде сөйлеуге талпынбайтыны өз алдына, кейбіреулері тіптен оны намыс көреді.

Отбасында ана тәрбиесін көрген және ұлттық дәстүрге мойынсынған қыз әрдайым көрегенділік таныта біледі. Сондықтан, отбасында, қала берді мектепте сынып жетекшілері тарапынан ата-аналарға қыз балаларын тәрбиелей отырып, оларды болашақ отбасылық өмірге даярлауда кеңес беру қажеттілік туғызады.

Қоғамның бүгінгі дамуы мен әлеуметтік ортадағы күн сайынғы болып жатқан құбылыстар әсіресе қыз балаларымыздың тәрбиесіне өз ықпалын тигізбей қоймайды. Әйтсе де, кез-келген ата-ана оны біле бермейді. Сондықтан, мектеп мұғалімдері мен сынып жетекшілері тарапынан ата-аналарға отбасы тәрбиесінде, соның ішінде қыз балаларының тәрбиесін тиімді ұйымдастыруға байланысты қажетті кеңестер беріп тұруы қажет.

Бұл оқу құралы «Түркі халықтарының қыз балаларды ұлттық құндылықтар негізінде болшақ отбасылық өмірге даярлау дәстүрлері» атты ғылыми жоба аясында орындалды.

Ұсынылып отырған аталмыш оқу құралының мақсаты қыз балаларды отбасы құндылықтары негізінде тәрбиелеуде ата-аналарға педагогикалық кеңестер бере отырып, оларды болашақ отбасылық өмірге даярлауды көздейді. Сондықтан, бұл оқу құралы отбасы салт-дәстүрлерін жаңғырту негізінде ұлттық құндылықтарды меңгеруге және қыз тәрбиесін тиімді ұйымдастыруда оң нәтиже береді деп үміттенеміз.

1. ҚЫЗ БАЛАСЫНЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Баланың ана құрсағында пайда болуынан бастап, оның өмірге келуіне, оның алғашқы қадам басуына, тұсауын кесіп өміріне ақ жол тілеуіне, тілінің шығуы мен алғаш сырға тағуына арналған жеке-жеке әдет-ғұрпымыз, жол-жоралғылармыз бар. Тіліміздің өзін ана тілі деп атауы-аналарға ұрпақ тәрбиесінде үлкен жауапкершілікті артады.

Бала тәрбиесінде ата-аналардың ішінен әсіресе әйел адамның тәрбие ісімен шұғылдануын хадистерімізде: "Қыз балаларға тәлім-тәрбие берумен ер кісілердің емес, әйел кісілердің айналысқаны жөн" деп көрсетеді. Өйткені, Ислам әйелді құрметтеп оған үйінде яғни отбасында атқаратын ұлы жұмыс - бала тәрбиелеуді жүктеді. Кім біледі, әйел тәрбиелеп жатқан бала үшін үлкен болашақ күтіп тұрған шығар, мүмкін ол мемлекет басшысы немесе әскери басшы, тіпті қоғам қайраткері болатын шығар. Осы тұста бір данышпан: "Бесік тербетіп тұрған әйел бүкіл әлемді тербетіп тұрғандай" деген екен.

Ана-барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар оны қатарға қосып, өмір сүруге бейімдейді. Бұл туралы мынадай түркі халықтарының аңыз әңгімесі бар:

"Өмірге келейін деп тұрған нәрестеге періштелер адамзат қоғамының талаптары мен тәртіптерін түсіндіріп, сын-сағаттың жеткендігін айтады. Сонда нәресте осы өмірге үйреніп қалғанын, ол дүниенің таныс емес екендігін айта отырып, осында қалғысы келетінін айтады. Сонда, Алла Тағала, қорықпа, онда саған оқуды, адамдармен қарым-қатынасты, еңбек етуді және т.б. көптеген өмір сүру әрекеттерін үйрететін бір періште болады, сол саған көмектеседі, - деп көндіреді. Нәресте көніп, жолға аттанады. Жолда келе жатып, қап, бір нәрсені сұрауды ұмытып кетіппін деп қайта оралады. Сонда сәби қайта оралып, сіз маған өмір сүрудің бәрін бір періште үйретеді дедіңіз, бірақ оның атын айтпадыңыз ғой!, - дейді. Сонда періштелер: "Оның аты маңызды емес. Сен оны "Ана" деп атайтын боласың", - деген екен [ел аузынан].

Міне, аналарымыз балаларын қатарға қосып, әлеуметтік ортада өз орындарын табуы үшін барын салып тәрбиелейді. Әсіресе ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша

қауымның міндеті. Халқымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен де тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, ру жауапты. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу-халқымыздың игі дәстүрлерінің бірі.

Ал, қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, кітаптар мен кинолар, барлар мен дискотекалар жан-жақты әсер етіп, қыздарымызды тәрбиелеуде. Ата-аналары күні бойы жұмыста болғандықтан, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт күннен-күнге азайып барады. Сондықтан, қыздарымыз өзімен-өзі қалып, ортаның немесе құрбы құрдастырының кеңесі бойынша тәрбиеленіп жүр деуге де болады. Сондықтан, ата-аналарға отбасындағы қыз балаларының тәрбиесінде олар оқитын мектеп тәлімгерлері мен сынып жетекшілері тарапынан бақылау болып, ата-аналарымен ынтымақтастықта тәрбие жұмысын қолға алу қажет.

Мектеп жасындағы қыз балалар тәрбиесін педагогтар негізінен үш кезеңге бөліп қарастырады. Оның *біріншісі*, қыз балаларының бастауыш сынып жасындағы кездегі тәрбиесінің ерекшелігі. Бастауыш сыныпта оқып жүргендегі тәрбиенің басты мақсаты қыз балаларын тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрете отырып, олардың назарын білім алуға аудару, интеллектуалдық мүмкіндігін ашу және оқуға деген құштарлығын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастырумен байланыстырады.

Екінші кезең, бесінші-тоғызыншы сыныптар арасын қамтып, ол кезде алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері ары қарай дамытыла түседі. Бұл тұста, жас ерекшелігіне қарай, қыз бала анасынан ешнәрсені жасырмай айтатын кезі. Мектептегі және құрбылары арасында болған жағдайдың бәрін айтып келеді. Сол шыншылдығы мен ашықтығын пайдаланып қыз баланың келешегіне ең керекті қасиеттер: нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, әдептілік, ұстамдылық, намысқойлық сияқты мінездерді қалыптастыру ананың басты борышы болмақ. Сонда бұл қасиеттер келешекте жарасымды қыз баласының жақсы жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын сапаларын қалыптастыруға негіз қалайды. Оның үстіне, бұл кезең бала дамуының өтпелі кезеңіне сәйкес келетіндіктен, аналар қыздарының жыныстық жетілуін бақылауға алып, дұрыс дамуын

қадағалауы қажет. Алғашқы махаббат та осы кезеңде басталады. Үнату сезімі мен іс-әрекеті байланыста дамитындықтан, қыз бала әрекетінің астары мен мотивін бақылауға алып, бағыт-бағдар беріп отыру қажет.

Үшінші кезең оныншы-он бірінші сыныптарды қамтиды. Бұл кезеңдегі тәрбие алдыңғы кезеңдермен тығыз байланысты болады. Қарым-қатынастағы мейірім қыз баласының жас кезінен, ең жақын адамдарын сүюден басталады. Сондықтан, әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, отбасы тіршілігінде қыз балаларының орны мен міндеттерін сезінуге баулыса, болашақта олардан әдепті де инабатты келін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларына өнеге көрсете алатындай қамқор ана, ардақты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.

Қыз балаларды құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу, киімнің әсем-сәндісі мен әшекейлі бұйымдардың жақсысын қыздарына арнау-ежелгі дәстүріміз. Жиын-тойларда қыз баланы әр уақытта сыйлы орынға отырғызған. «Қыз өссе-елдің көркі, гүл өссе-жердің көркі» деп, олардың көріктеріне мән беріп, қыз қылығы мен әдептілігін сақтауға бар күшін салған.

Қазақ халқында қыз баласының тәрбиесі ата-анаға үлкен сын. Қазақ қыздары ғасырлар бойы отбасылық тәрбиемен өсті. Олардың отбасынан алған бар тәрбиесі жақсы келін болу ғана еді. Одан өзге ешқандай мамандықтары болған жоқ. Жан-жақты білім беретін, әртүрлі мамандықтарға үйрететін, өз бойындағы өнерін өрістететін мемлекеттік тәрбие алуға қазақ қыздарының қолы ХХ ғасырдың орта кезінде ғана жетті.

Бүгінгі күні қыздарымыз білімді, мамандықты игеріп, өз саласында түздің де үйдің де шаруасын дөңгелетін әкетіп жүр. Қыз баласының жас кезінен арын таза ұстап, намысын сақтауы – отбасы тәрбиесінің ең негізгі талабы. Қазақ «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» дейді. Адал жар болу үшін арыңды сақта. Арын жоғалту - қыз бала үшін өліммен тең. Әрбір қыз намысын таптатпай, арын сақтауды білім өсуі тиіс. Оны отбасында аналары мен жеңгелері үйретіп отыруы тиіс. Ана қызға өнеге. Осы тұста «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастаңғышыл болады» деген мақал анасына қарап қызының бой түзейтінін дәлелдей түседі. Сондықтан да «Қамысты бос ұстасаң қолыңды қияды» деп білген халқымыздың ұстанымын басшылыққа алып, ұл-

қыздарымызға орынды тыйым салып, өнегелі тәрбие беруді жүзеге асыру қажет.

«Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ», - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, қыз баланы кішкентайынан төрге шығарып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіретін қазақ халқы қыз тәрбиесіне бүгінгі күні де көп көңіл бөледі. Ғасырлар бойы бұл дәстүр үзіліссіз жалғасып, мүлтіксіз орындалып келеді. Әрине, заманның ағымы немесе батыс мәдениетінің кірігуіне сай біршама ескеріле бермейтін жағдайлар да кездесіп жатады. Десек те, қазақтың қаймағы бұзылмаған ортада бұл дәстүрді қатаң сақтайтын отбасылары баршылық.

Қазақ халқы қыз балаларын жастайынан еркелетіп, қонақ деп күтім жасаған. Қазақ халқының киіз үйінің жартысы қонаққа арналған. Ересек ұлдары жеке отау құрып шығып, кенже ұл әкесінің орнын басады. Қыз да қонақ, күйеуге шыққан соң басқа үйге кетеді. Сондықтан қызды «Қонақ» немесе «Оң жақта отырған қыз» деп атағандығы жақсы білеміз.

Төр – киіз үйдегі ең құрметті орын. Үй иесі табалдырықты аттаған қонақты «Төрге шығыңыз», «Жоғары шығыңыз» деген қошеметпен қарсы алады. Қонақ неғұрлым сыйлы, қадірлі болса, ол соғұрлым жоғары отырғызылады. Ертеде киіз үйдің есігі шығысқа қаратылып тігілген. Сонда Күннің алғашқы шапағаты киіз үйдің тура төріне түскен.

Киіз үйдің сол жақ бөлігі әйелдер жағы деп есептеледі. Бұл – отбасылық бөлік. Мұнда сүйекті немесе күмісті тақтайшалармен әшекейленген үй иесінің ағаш төсегі тұрады. Қонақ қанша құрметті болса да, оған үй иелерінің төсенішін пайдалануға болмайды. Үй иелерінің көрпесі немесе жастығына тиіскен жағдайда бақ тайып, жанжал шығады, күйзеліске ұшырайды деп санаған. Киіз үйдің оң жақ бөлігі ерлер жағы деп аталған. Әкесінен әлі бөлініп шықпаған болса, ұлы мен келінінің немесе қызының төсегі төрдің оң жағында, үй иелерінің төсегіне симметриялы етіп орналастырылады. Оларға жібек шымылдық құрылған.

Үйдің жартысы қонаққа арналады. Үйдің ортасында үш аяқты ошақта Қазан тұрады. Бұл – үйдегі ең киелі орын. Отбасы дегеніміз - оттың бастау алатын орны. Қайда от болса, сонда өмір, тіршілік

бар. Мұнда киіз үйдің ішіндегі талаптар мен ережелер қазақ тайпаларының өзіндік мәдениетін қалыптастырып, отбасы тәрбиесінде ұштасып отырған.

Қыз балаларын қонақ ретінде төрге шығару дәстүрі туралы әртүрлі аңыздар мен ырымдар қалыптасқан. Солардың бірі мынадай:

Нұх пайғамбар үнемі қызын дастархан басында отырғанда үш ұлынан жоғары, төрге отырғызады екен. Бұл жайт үлкен ұлы Самның көңіліне күдік салыпты. Ол «Уәсиланың жасы бізден кіші. Неге менен жоғары отыруы керек. Әкеміз бізді алалайды-ау» деп ойлайды. Бір күні дастарханда отырғанда:

– Әке, Уәсила кіші болса да, неге бізден жоғары отыруы керек? Ұлдың мәртебесі әрқашан биік емес пе? – дейді. Сонда Нұх:

– Біздің ырзық-несібеміздің көп болуы Уәсилаға байланысты. Құт қызды жағалап жүреді. Оны босағаға отырғызсаң, шамданады. Төрге шығарсаң, қуанады. Орны жайлы болса, дастарханнан астағамды үзбейді. Тұрмысыңды түзейді, – депті.

Содан бастап Нұхтың үш ұлы қарындасын төрге шығарып, құрмет көрсететін болыпты. Үш ұлынан өрбіген ұрпақ бұл жоралғыны сақтап, берік ұстайды. Қазақ арасында «қызыңды төрге отырғыз», «қызды босағаға отырғызба» деген талап-ырымдар осыдан шыққан екен.

Халық даналығында «Қыз өссе – елдің көркі» деген сөз бар. Қыз бала өмірге келсе, бақ келді, шаттық келді деп ерекше қуанып, қыз тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін болған. Содан да болар «Қызды төрге отырғыз, төреңдей күт» дейтін халық қыздарын бақыт құсына балап, ерекше аялап, әлпештеп өсірген.

Ертеде қыз балаға құрметпен қарағаны соншалықты, өзгелер олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізет сақтаған екен. Ер-тұрманы күмістен әдіптелген сұлу жорғаларды қыздары мен қарындастарына мінгізіп, киімнің таңдаулысы мен әшекей бұйымдардың қымбатын қыздарына ұсынған. Тіпті жаңа түскен жеңгелері де қайын сіңлілерін атымен шақырмай, «Еркем», «Шырайлым» деп еркелеткен.

Әйгілі жазушы Ғабит Мүсіреп өзінің бір сөзінде «Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ақ түрлі жұмыс істейді: көлден су әкеледі, шай құяды. Жұмыстың басқа түріне қайын ененің қолында жаттығады», - деп қыз балаға өз үйінде құрмет көрсетілетіні

соншалықты ауыр жұмыс істетпей, әлпештеп өсіргені туралы айтады.

Қазақтар арасында әйелдерге деген өзгеше, ерекше көзқарас бұрыннан қалыптасқан. «Қазақ қоғамында қазақ әйелінің әлеуметтік еркіндігі «қыз салтанаты», «әйел салтанатынан» көрінеді. Ақжүніс, Баян, Қыз Жібек, Құртқа, Назым, Еңлік, Айманның шынайы махабаттары мен сұлулығы қазақ эпосының ғана емес, шығыс халқының эпосының лирикалық образына айналды. Қыз-келіншектер бой түзеп, сән-салтанатпен жүрді. Көш кезінде ауылдың сыйлы бәйбішесі, ерке, сұлу қыздары көштің алдына жүре берген. Себебі ер адамдар, ауыл ақсақалдары көштен бірнеше шақырым озып кеткен, кейде әңгіме-дүкен құрып, жолда кідіріп, көштен кеш қалып, артынан көш уақытша тоқтаған кезінде қуып жеткен». Бала кезден махаббат пен мейірімге қанып өскен қыз баласынан болашақта туған елі мен жерін сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығатыны сөзсіз. Дәл осы себепті қыз тәрбиесінде оның жақсы болып өсуі үшін өскен ортасы мен бірге жүретін құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының дұрыс болуын қадағалаған. Қазақтың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынғандығын көреміз. Тарихшы Тәттігүл Қартаеваның айтуынша, белгілі әскери зерттеуші Әбубәкір Диваев 1880 жылдары Сыр бойына жасаған экспедициясы кезінде отбасылық тәлім-тәрбиеге қатысты ырым-тыйымдардың бірқатарын Перовск уезінің қазағы Мұхамедәли Шахмұратовтан жазып алған екен. Зерттеушінің «Приметы...» атты кітабында (1896) қыз бала тәрбиесі мен тыйым жүйесіне қатысты мәлімет былай деп келтіріледі: «Қыз бала босағаға отырмайды, яғни алдыңғы бұрышқа, әдетте «ақсүйек» сұлтан тегінен шыққан адамдар мен қарттар отыратын құрметті орынға отырады. Бойжеткен қызға әулеттің ұлмен бірге тең құқықты мүшесі ретінде қарайды және соған орай, оған құрмет жасайды. Жалпы алғанда, оны құрметтейді. Қазақтар өздерінің бойжеткен қызға деген құрметін айқын көрсететін ырым қалыптастырған, бұл – құрмет жөніндегі ереже, сонымен бірге өмірде басшылыққа алынатын кең таралған тұжырымға айналған, мұны орындамаған үй қожасын бақытсыздық, жоғарыдан жаза күтеді».

Сонымен қатар, қазақстандық ғалым А.Х.Марғұлан өзінің

"Қазақ әлемі" деген еңбегінде Шоқан Уалихановтың Петербургтен келгеннен кейін орыс достары А.К.Гейнс пен Г.Н.Потанинмен бірге әкесі арнайы дайындатып тіккізген киіз үйде бірнеше күн тұрғандағы оның достарының киіз үй туралы алған әсерлері туралы баяндайды. Онда дала комиссиясының мүшесі А.К.Гейнс қазақ халқының тұрғын үйі - киіз үйдің түрлері: ақ отау туралы, қыз балалары мен ер балаларға арналғаны және т.б. туралы да көптеген пікірлер айтылады. Соның бірі: "Қазақтар қыз балалары тұратын бөлменің рөлін атқаратын жылжымалы үйлер құрып алады. Мен оның кереметтігін сөзбен сипаттап жеткізе алмаймын", - деп қазақ киіз үйінің сыр- сымбатын таңдана сипаттаған.

Бұдан шығатын тұжырым, қазақ халқы қыз балаларын сұлулықтың символы ретінде қабылдап, бар сұлулық атаулысын қыздар үшін және қыздармен іске асырғандығын көреміз. Сондықтан, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу үшін ата-бабалар салған жолмен жүріп отыру бүгінгі отбасындағы қыз балалар тәрбиесін ұлттық құндылықтарымызбен сусындата отырып заман талабына сай етпек.

Қазақ халқы қыз баланың қадір-қасиеті мен қылығы ұлттың ұлылығын танытады деп халықтық болмыспен астастырған. Сондықтан қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, сол тәрбиені қалыптастырудың жолына барлық игі жақсылықты топтастырған. Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. «Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тыйым» жасайды. Осы тұста қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды. Бұл байланысты аталарымыз «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді» деп тұжырымдаған. Өйткені әке-шеше айта алмайтын сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс-бітімі мен тәрбиесінің басы-қасында аяулы жеңгелер жүреді. Ата-ана қызынан еш нәрсені аямайды. Оның ешнәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Өйткені «қызға бергенді қызыр өтейді» деп біледі. Сонымен бірге, қазекен қызды бетімен де жібермейді. «Қызды қымтап ұстаған

ұялмайды» дей отырып, оларды «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсіруді парыз санайды. Олардың ар-ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін еш уақыт ұмытпаған. «Қыз баққаннан қысырақ баққанның оңайлығын» жадынан шығармай баянды отанын тапқанша өзінің жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы құндыздай күтеді. «Күйеу жаман болса қызыңнан» деуінде үлкен мән бар. Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді.

Қызы дұрыс тәрбие алмаған ата-анаға бабаларымыз тағы да «Қызды күте алмаған күң етеді, жібекті түте алмаған жүн етеді» деген. Қыздарымыздың асыл қасиеті, жан-дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, дәулетке, байлыққа жиһазға қызықпағандығын жыр-дастандардан білеміз. Қазақ қызды махаббат атты асыл сезімді айрықша қастерлеп, аялаған. Сүйген адамымен қол ұстасып бірге жүрсе, тіпті қатықсыз қара көже ішсе де бақыттымын деп, өмірге риза болған. Бойындағы бір жақсы ұлттық қасиеттерді – тілін, дінін, әдеп-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы – әрине, әйел-ана. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке-бірлігін, туыстық татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел-ана. «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» деген ұлағатты сөз осыдан туса керек.

Кең-байтақ ұлы даланы мекендеген қара орман халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрінің, мінез-құлықтарының да біркелкі ұқсас болып келуі – бұрынғы өткен қасиетті Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі. Қазақтар әдетте елге келін болып түскен қыз өз елінің барлық жақсы қасиетін, рухани-моральдік құндылығын өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағасының игілігіне, қала берді. Сол бір бүкіл қалың елге сіңірген. Бұл жақсы үрдіс, ғибратты кәде бүкіл ұлттық бірлігіне, рухани болмысына игі ықпалын тигізген. Сондықтан да халқымыз қыздарына төрден орын беріп, қонақ деп еркелетіп, парасаттылыққа баулып еркін өсірген. Ұлт аналары, иманды әйел, қасиетті ана солардан шыққан.

Рухани тарихымыздың тарғыл беттерін парақтасақ, қазақ қыздары мен қазақ әйелдері, жалпы аналар әлемі туралы толғанбаған тұлғалар сирек екен. Оның үстіне жүрек тербер, сезім

қоздырар қазақтың халық әндеріне, немесе мақал – мәтелдеріне бір сәт көңіл аударып көрсек бұларда аналарға, қыздарға тән әрі тәрбиелік, әрі тағылымдық мәні ерекше толғамдар бар. Соларды саралай қазақ қауымында қыз баланың орны ерекше болғандығын байқауға болады.. Оны мынадай мақал мәтелдерден анық аңғарамыз. Ата – бабаларымыз қызды қонақ деп есептеген, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген.

«Қыз – өріс, ұл-қоныс» деп білгендіктен халқымыз өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «Қызға қырық үйден тыйым» жасайды. Қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды. «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді». Өйткені әке – шеше айта алмаған сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс бітімі мен тәрбиесінің басы- қасында аяулы жеңгелер жүреді. Сүйген жігіті мен екі арадағы әдепті қарым – қатынастың табиғи өрбуіне сеп болатын осы жеңгелер болып табылады. Ата-ана қызынан ешнәрсені аямайды. Оның ешнәрседен мұқтажсыз, еркін өсуін қадағалайды. өйткені қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі. Сонымен бірге қазақ халқы қызды бетімен де жібермейді. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз санайды. Олардың ар ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін ешуақыт ұмытпаған. Содан да болар, бір жағынан «қыз бен жылқы жаудыкі» деп қыз тәрбиесіне мейілінше сақ қарайды. «Қыз баққанан қысырақ баққан оңайлығын» жадынан шығармай баянды отанын тапқанша өзінің, жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы құндыздай күтеді. «Күйеу жаман болса қызыңнан» деуінде үлкен мән бар. Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді. «Қызды күте алмаған күң етеді, жібекті түте алмаған жүн етеді» мұның көбі, негізінен қыздың шешесіне байланысты айтылған пікірлер. Сондықтан, қыз көретін жігіттер, алдымен жеңгесі арқылы шешесінің қандай адам екенін анықтағысы келген. Бұл дәстүр бүгінгі күні де сақталып келеді. «Шешесі жаманның қызын алма, немесе «шешесін көріп қызын ал» деуде осындай мақсат бар. Заманның бағыт бағдарына қарай мақал-мәтелдер де түрленіп, өзгеріске түсіп отырады.

«Шешесі отырып, сөйлеген қыздан безін» деп келе, қыздың жақсысын іздейді. «Ақылды қыз білімге жүгінер, ақылсыз қыз сөзге ілігер» деп біледі. Осындай негізгі тәрбиелік жұмыстарды жүргізіп алған соң, қазақ халқының құдайдан тілейтіні қызының барған жеріне тастай батып судай сіңуі. Барған жерінде бағының ашылғанына қатты қуанады, бағы тайса қатты күйінеді. Қорқатыны – «қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» екені. Сондай-ақ, «Шыққан қыз шиден тысқары» деп қыз баланың ендігі жердегі тіршілігі шектеулілеу болатыны. Ол келіндік және әйелдік дәуір. Бұл қыз бала үшін мейілінше жауапты кезең. Жаңа түскен келінге сыншы да, мінші де көп. Ол енді төркінінде алған тәрбиенің қаншалықты екенін көрсетуге тиіс. Жеңгесі мен шешесінің көргенін істеп, қайын жұртының көңілінен шығуға тырысады. Қазақ қыздың өз жұрты мен бірге қайын жұртының да тәрбиеге жауапты екенін қатты сезінеді. Оның қандай елге, қандай отбасына келін болып түсуіне көп нәрсе байланысты. «Жақсы елге түскен келін, келін, жаман елге түскен келін келсап». Бұл жерде қайын ененің ролі көріне бастайды. Көбінесе «Келіннің қайын ене топырағынан жаралғандай» болып келуін қалайды. Шынында көргенді елден шыққан қыздың көсегелі елге тап болуы зор бақыттың кепілі.

Сонымен бірге келген келін татулық жаршысындай болса деп армандайды. Әсіресе абысындар арасының ынтымақты болуы көзделеді. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса, ас көп». «Ағайынның азары болса да, безері жоқ», «ағайынға қарап, мал өсер, ағашқа қарап тал өсер» . Қыз,әйел, абысын ажын, ағайын туралы мақал мәтелдерді саралай отырып, халық даналығына қайран қаласың. Атам қазақ ешбір жарғы, нұсқау жазып әуре болмай ақ әрі қысқа, әрі нұсқа нақылдармен тәрбие тағылымнаң тамаша үлгісін түйіп айтып отырған. Халқымыз «қыз-қонақ» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Ата-бабаларымыз «қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отырған.

Ал қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, түрлі кинофильмдер жан-жақты әсер етуде. Қазақ қыздарының менталитетіне қарапайымдылық,

сыпайылық, инабаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ақылдылық, имандылық сияқты қасиеттер кіреді. Тарихқа көз жүгіртсек, Айман, Құртқа, Назым сияқты қыздарымыз, Домалақ ана, Айша Бибі сияқты аналарымыз нағыз қазақ әйелдерінің үлгісі болды. Аналарымыз «баланы жастан» деп, бала тәрбиесін құрсақтан бастаған. Ұлжан ана данышпан Абайды ғұсыл-дәретсіз емізбегені – адамзаттың баласын тәрбиелегені болып табылады.

Қазіргі қазақ қыздарының жүріс-тұрысы, өз бойын күтуі, киім киісі, үлкен-кішіге ұшырамы мүлдем өзгеше. Жастар тәрбиесінде «ұзын арқан, кең тұсауға» түсіп кеткені айдан анық. Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Отбасы қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Сондықтан да бүгін жалпы берілетін тәрбиенің ішінен қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алғандығы негізгі мақсатым: адамгершілігі мол, әдепті, инабатты, сыпайы қыздарымызды тәрбиелеп шығару. Бұл бағыттағы жұмыстардың көпшілігі ата аналармен қоян-қолтық араласуды тікелей қажет етеді.

«Анасын көріп қызын ал» дейтін халық мақалы текке айтылмаса керек. Ана тәрбиесін көрген қыз әрдайым көрегенділік танытады. Жаңа ғасыр, тек жаңалықты қабылдау керек деп, шетелге еліктеп немесе ғаламтор арқылы керексіз дүниелерді қабылдаудың қажеті жоқ. Заман ағымынан қалмай, орынды киініп, орынсыз нәрселерден аулақ болып, өзге тілде емес, өз тілінде сөйлеп, дәстүрді сыйлап, ибалығын сақтау қажет. Өзінің ана тілін қадірлемейтін қыздардан жақсы ана шығады деп айта алмаймын. Тілін қадірлемеген адам, ол ұлттың салтынан да, дәстүрінен де хабарсыз болары айқын. Қай қоғамда, қай заманда өмір сүрмесін, ол қазақ қызы деген атқа лайық болуы қажет. Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Қыз бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қарау қажет. Бүгінгі қазақ бойжеткендері ертеңгі еріне адал жар, балаларының анасы. Бүгін ол қыздар өнегелі тәрбие алса, ертең ұрпақ тәрбиелейтін қазақтың дана аналарына айналары сөзсіз.

2. ҚЫЗ ТӘРБИЕСІН ОҒАН КӨРКЕМ ӘРІ МАҒЫНАЛЫ ЕСІМ БЕРУДЕН БАСТАҢЫЗ

Қазақ отбасындағы тамаша дәстүрдің бірі - нәрестеге ат қою дәстүрі. Қазақ халқы нәрестеге ат қоярда ойланып, өзіндік себептеріне сай есім қоятын болған. Адам есімі онымен бірге жолдас болып, оның өмірлік баспалдақтарда қатар жүретін және оған қызмет ететін серігі іспетті. Сондықтан, қазақ халқы бала есімін таңдауға аса бір мұқияттылықпен мән бере қараған. Өйткені, халқымыз тәрбиеде қашанда шариғат шеңберінен аспай, дініміз талап еткен жолмен ұрпағын тәрбиелеп келген. Соның ішінде нәрестеге ат қоюда да талаптар ескеріліп отырған.

Ата-ананың перзенттері алдындағы міндеттерінің ең алғашқыларының бірі, өмір есігін жаңа ашқан *нәрестеге жақсы ат қою* міндеті деп көрсетіледі хадистерімізде. Балаларға ат қою Пайғамбарымыздың сүннеті. Бала дүниеге келгесін бір аптадан кешіктірмей оған ат қою қажет.

Мұсылмандықтың шарты бойынша балаға ат қою тәртібі азан шақырумен басталады. Баланың аяғын Құбылаға қаратып жатқызып, оң жағында тұрып азан, сол жағында қамат айтады. Соңынан: «Сенің атың пәлен болсын», - деп құлағына қойылған есімді үш рет естіртеді. Ата-анасының перзенті алдындағы борышы осылай басталады. Бұл жөніндегі парыз хадисте: «Әкенің бала алдындағы міндеті – жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру», - делінген. Отансыз адам болмайды. Ал Отаны болған адамның бойында ата құлқы, ана сүтімен бойына сіңген Отанына деген сүйіспеншілік болуға тиіс. Басқаны былай қойғанда, ата салтымызды ардақтап, ұл - қызымызға ежелден қалыптасқан нағыз қазақ есімдерін қою – отаншылдық рухта тәрбиелеуде маңызы зор екендігінде сөз жоқ.

Қазақ халқы қашанда бала есім берерде кітап аштырып, көбінде діни есімдерді қоюды мақұл көрген. Мұсылманда балаға әдемі ат қою, мұбарақ есім беру басты шара деп түсіндіріледі. Пайғамбарымыз Мұхаммед: «*Қиямет күні өз аттарыңыз және әкелеріңіздің аттарымен шақырыласыздар. Сондықтан балаларыңызға жақсы ат қойыңыздар*», - деген екен. Әйтсе де, кейде өмірде жағымсыз, мағынасы ауыр аттарды қойған жағдайлар да кездесіп жатады. Ондай жағдайда ес кіріп, ойланып, көзқарасы

өзгеріп жатса, атын өзгертіп жататындар да кездеседі. Мұндай жағдай туралы хадисте мынадай мысал келтіріледі: Расуллулаһ (с.ғ.с.) мағынасыз және жағымсыз аттарды жақтырмайтын еді. Бірде Мұхаммед пайғамбар бір сахабасымен кездесіп, одан: «*Атың кім?*» - деп сұраған. Ол: «*Хузн (яғни қайғы)*», - дегенде Мұхаммед пайғамбар: «*Сенің атың – Сахл (мағынасы «жеңілдік») болсын*», - депті. Сонда сахаба: «*Жоқ. Әкем қойған атты өзгертпеймін*», - деп өлгенше сол атпен жүріпті. Кейіннен Хузнның баласы: «*Әкем қойған атын өзгертпеді. Біз ешқашан қайғыдан құтылмадық*», - деген екен.

Бұдан шығатын тұжырым, халқымызда бала атына тартады яғни балаға берілген ат оның тағдыры мен болашағына әсер етеді деген түсініктің қалыптасқандығын дәлелдейді. Сондықтан, нәресте дүниеге келгенде әрқашан оған мағыналы да көркем ат қою ата - ананың ең алғашқы парыздарының бірі болмақ.

Қазақ халқының отбасылық тіршілік әрекеттері мен болмысына сай балаға ат қою дәстүрлері де өзіндік ерекшелікке ие. Кейде баланың есімі оның өмірге келу жағдайымен де байланысты аталады. Мысалы, нәрестенің өмірге келуі баршамызға қуаныш сыйлайды, алдағы уақытта да өміріміз қуанышты сәттерге толы болсын деген ниетпен «Қуаныш» деп ат қояды. Отбасы өмірінің жағдайларына байланысты көңіліміз жадырасын деген ниетпен «Жадыра» деп атайды. Міне, осылайша өмірге келген нәрестемен бірге әрбір жаңа есімнің пайда болуы отбасы өміріне тілейтін ниетпен, арман-тілекпен байланысты туындап жатады. Сонымен қатар, ер балаларға артылған сенім мен үміт те олардың есімдері арқылы көрініс табады. Сондықтан олардың есімін «Асқар», «Қайрат», «Болат», «Алмас», «Мейір», «Абзал» секілді есімдермен атайды.

Қазақ халқында қыз балаларына деген құрмет қашанда жоғары болғандығын жақсы білеміз. Қыз үйдің сәні мен қызығы деп ұққан халқымыз қыз балаларына да олардың табиғатына сай есімдер беруге тырысқан. Мысалы, ақылды да данагөй болсын деп «Дана», осы әулеттің ең сұлу бойжеткені болсын деген ниетпен «Бике», сондай-ақ, осы үйдің иесі, ырысының берекесі болсын деген ниетпен «Бибі» деген аттарды қояды. Әйтсе де, қазақ халқы ұл балаларының орнын ерекше бағалаған. Қыз қаншалықты сыйлы болса да, шаңыраққа ие болып қалатын ұл баланың орны одан да

ерекше. Сондықтан да халқымыз «Ұл туғанда, күн туған» деп ерекше қуанған. Отбасында ұл балаларының өмірге келуі кешеуілдеп, қатарынан қыз балалар дүниеге келсе, қыздарының арты ұл балалармен жалғассын деген ырыммен «Ұлдана», «Ұлбике», «Ұлбибі» деген есімдер қойған. Кейде тіпті, ашық, тікелей «Қыздығой», «Ұлтуар», қыздан жаңылысып ұл болып келсін деген ниетпен «Жаңылыс» деп те атаған. Ал, кейде перзенттерінің бәрі ұл бала болып, қызды аңсап жүрген аналар Тоқтар, Тоқтасын деген сынды аттар қойып қыз бала күткен.

Халқымыз адам атының денсаулық пен адам өмірі үшін де маңызды рөлі бар деп ұққан. Олай деуімізге бала есімін ырымдап қоюдың оң нәтиже беріп жататындығы дәлел болады. Кейде аналар бір қиыншылықтарға тап болып, бала өмірі қыл үстінде болғанда, немесе туылған балалары шетінеп кете беретін жайттар қайталана бергенде ырымдап «Тұрар», «Тұрсын», «Жүрсін», «Есен», «Аман» секілді есімдер қойған. Сонымен қатар, мұндай жағдайда бала есімі көптің назарын қызықтырмайтын болсын, көз тимесін деген ниетпен өрескел естілетін аттарды да қойып жатады. Ол да халықтың наным-сенімінен туған ырымдау тәсілі болып табылады. Мысалы, «Саммитбек», «Азиада», «Олимпиада» және т.б. осындай ниетпен қойылған есімдер де кездесіп жатады.

Әдетте, қазақ халқының дәстүрі бойынша балаға есімді сол әулеттің үлкендері қояды. Аталары, нағашы жағының үлкендері, әйтсе де, кейде үлкендер қарсы болмаса жастар өз балаларына қалаған есімдерін қойып жатады. Үлкен кісілерге ат қойдырудың өзіндік артықшылығы бар. Олар нәрестеге есім берумен қатар, өз баталарын да береді. Сырттай тілеулес болып, олардың өніп-өсуіне үнемі дұға жасап, қамқор боп жүреді. Халқымыздың сенім-нанымдары бойынша «Батаменен ел көгерер» демекші үлкеннің ризашылығына бөлену қашанда жастар үшін сәттіліктің бағдары іспетті болған. Олар шын ниетпен ат қойғандықтан, бала атына сай, іс әрекеті затына сай болып жататын тұстары көп кездеседі.

Сәбиге көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген мақсатпен мағынасы ерсі немесе сиқысыз есімдерді қойған. Мысалы, Сасық, Қисық, Шоқпыт және т.б. Бірақ қазірде бұл ескірген ырымдар қатарында. Бұрынырақта балаға қолбасшы, пайғамбар, батырлардың есімін берсе көтере алмай, ауырып қалады деп сенген. Сондықтан ондай есім бергеннің өзінде есейгенше еркелетіп, басқа

атпен атаған. Адам есімі тағдырына байланысты дегенді ескерсек, ежелде бала аурушаң, не үлкен қасіреттен аман қалса, тағдырын өзгерту мақсатында атын да өзгерткен. Қазіргі уақытта өзге елдерден есімдері теледидардан немесе өмірден көріп түйгені бойынша қойылып, қазақ қыздарының төл есімдеріне айналған есімдер де жетерлік. Солардың қатарында иран есімдері: Айдана («ақылды, дана»), Айнагүл («таза, мөлдір»), Ахан («темір»), Бибігүл («Гүл шашқан ханым»), Дана («данышпан, ақылды»), Жәния («нәзік жанды»), Раушан («көрнекті, ашық-жарқын»), Рүстем («батыр, ержүрек»). Қазірде түрік (Айлин, Әмина, Айша), ұйғыр (Ділназ, Гүзел, Адель, Гүлзар, Арслан), татар (Замира, Зухра, Мунира, Насима) аттары қазақ қыздары арасында кең таралған.

Қазақ халқында құрметті де абыройлы кісілердің жолын жалғастырсын деген ниеттен туған да есімдер отбасында ырымдалып қойылып жатады. «Әулетімізде абыройы асқақтаған апамыз бар еді, сондай болсын», - деп сол кісінің атын немерелеріне немесе перзенттеріне қойып жатады.

Әйтсе де, бүгінгі күні тұрмыста әртүрлі есімдер кездесіп жатады. Бала өскенде өз есімінен өзі ұялып, құрбы құрдастары арасында жасқанып, танысуға, есімін айтуға ұялып жүрмеуі үшін ата-аналары балаларына ең таңдаулы есімдерді қойғаны абзал. Ең дұрысы өз ұлтымыз бен табиғатымызға сай қазақша аттарды қоюға назар аударғанымыз жөн. Түріміз бір бөлек, есіміміз екінші бөлек, ал тіліміз үшінші бөлек болып тұрмауы үшін ұлттық тәрбие мен ұлттық болмысымызды қалыптастыруды осы есім қоюдан бастау керек секілді. Сонымен қатар, бала есімін оның тәрбиесінде пайдаланудың бірден бір жолы - атына заты сай азаматты қалыптастыру мақсатында көтермелеу, ынталандыру, сенім білдіріп отыру маңызды деп білеміз. Үнемі ата-анасы тарапынан бала есімінің мағынасы мен мәнін еске салып, оның қандай азамат болып өсуін бағдарлау бүгінгі қоғамдық қажеттіліктің бір сипаты деуге болады. Сондықтан, әрбіріміз нәрестеге ат қоярда мың ойланып барып, бір шешімге келгеніміз жөн болмақ.

3. ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫ ҚОНАҚ КҮТУГЕ ҮЙРЕТІҢІЗ

Жалпы түркі халықтарының ұлттық құндылықтарының өзегі болған қонақжайлылық қасиеттерінің мәні мен ерекшеліктерін қыз балаларының болашақ отбасылық өмірінде білуі маңызды. Әрбір ұлт өз халқының қонақ күту дәстүрін қызына үйрете отырып оның мәні мен мағынасына көңіл бөледі. Түркі халықтарының қайсысын алсаңыз да тәрбие мектебі – дастархан басында жүргізілгендігіне көзіміз жетеді. Соның ішінде қазақ халқының дастархан басындағы тамақтану және қарым-қатынас мәдениетінің өзі үлкен тәрбие мектебі іспетті. Қазақ астың мәні мен тәрбиелік күшін үнемі дұрыс пайдаланып келген. Еліміз егемендікке қол жеткізгелі халқымыздың дастархан басындағы мәдениетін ескеруінің бүгінгі күні өзектілігі артып келеді. Сондықтан, халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған қонақ күту дәстүрі мен оның тәрбиедегі рөлін ашып көрсету арқылы қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлау маңызды. Сонымен қатар, дастархан басындағы қарым-қатынас мәдениеті мен оның ырымдық және тәрбиелік астарын білу де қыз балалары үшін пайдалы болмақ.

«Ас – адамның арқауы» деп білген халқымыз тұлға қалыптастырудың өзегі оның тамақтану құнарымен қатар мәдениетімен де байланысты деп түсінген. Сондықтан, қазақ халқының дастархан басында тамақтану дәстүрінің өзі үлкен тәрбие мектебі десе боларлықтай. Қазақ халқы малмен өскен, сондықтан төрт түлік малдың әрқайсысының өз орны мен мәнін жақсы білген. Қазақ халқының өмір сүруі мен тіршілігінде төрт түліктің орны ерекше. Сондықтан болар, олардың амандасу дәстүрінде «мал-жан аман ба?» - деп малдың амандығы жан басының амандығын қамтамасыз етуші ретінде қарастырылған. Сондықтан да ең сыйлы қонаққа қой еті басымен ұсынылған. Бүгінде ата-бабаларымыздан келе жатқан қонақ күту дәстүрі мен жоралғыларын білу ауыл тұрмақ, қала тұрғындары үшін де қажеттілік болып отыр. Сондықтан, қыздарымызға осы мал басын асып берудегі жоралғылар мен қонақ күту мәдениетін меңгерту қажет.

Құт қойдың құлағында деп білген халқымыз қой басын қонаққа ұсынғанда бір құлағын кесіп алып келетін ырымы бар. Бүгінде қыздарымыз қонақ күтуде осы ырымды ескере отырып, оның мәнісін білгені дұрыс. Оның сыры мынада: Ерте заманда Сырлыбай

дейтін кісінің ауылына кешқұрым қонақ келіп түседі. Ол ит-құстың тілін біледі екен. Дастархан басында отырғанда сырттан ұлыған қасқырдың даусын естиді. Оған ит үріп жауап беріпті. Қасқыр: - Әй, ит екеш, інім. Әлімсақтан екеуміз туыс едік. Алла менің жеті несібемді желден, бір несібемді үйден жаратқанын білесің. Бүгін көзім осы ауылға түсіп тұр. Маған бір қой бер, - дейді. Ит:

- Қасеке, менің тоқтығым осы қойлардың амандығы емес пе? Қойды алдырсам, қожайынның алдында ұятты болмаймын ба? - деп көнбейді. Қасқыр:

- Ендеше, қонағыңның атын бер, - дейді.

- Қазір босағадан сығалаймын. Қонақ маған сүйек берсе, атты бере алмаймын. Егер сараң болса, ала бер, - дейді. Қонақ мұның бәрін естіп отырады.

Бір уақытта қонаққа ет тартылды-ау дегенде, ит жайлап келіп, босағаны сығалайды. Ол итті көріп, қолындағы жұмсақ сүйегін сыртқа лақтырып жібереді. Үй иелері түсінбейді. Кәде етіп, силап берген асымызды далаға тепкені несі деп іштей ренжиді.

Тамақ желініп болған соң, бәрі ұйқыға кетеді. Танертең қонақ абыр-сабыр айқайдан оянып кетеді. Түнде қасқыр шауып, қорадағы қойларды айдап әкетіпті. Үй иесі қонаққа:

- «Қонақ жақсы болса, қой егіз табады, жаман болса қораға қасқыр шабады» деген. Пиғылыңыз лас адам екенсіз, - деп ренжиді. Қонақ сыртқа шықса, батысқа қарай кеткен екі ізді, шығысқа жүрген төрт ізді байқайды. Қожайынға:

- Қам жеме, қойың аман. Шығыста жайылып жүр. Ал, итің қасқырмен жан алысып, жан берісіп жатыр. Батысқа кеткен ізі соны меңзейді. Иттің артынан барма. Ол ием келді деп саған алаңдап, қасқырға алдыруы мүмкін. Қасқырдың артынан барсаң, ол қорыққаннан артына қарайды. Итің бас салып талайды,-дейді. Сырлыбек қонақты ертіп, қасқырдың ізімен барады. Айтқандай, иті мен қасқыр бір бірін ала алмай, көзбен арбасып тұр екен. Қасқыр арт жағынан келе жатқан адамды иісінен танып, жалт қарағанда ит тамағынан шап береді. Қасқыр мерт болады.

Сырлыбай қонағын ертіп шығысқа барса, сайдың ішінде қойлары жайылып жүр екен. Буаз қойлары егіз қоздап, қозыларын емізіп тұр екен. Сырлыбек қуанып:

-Аңдамай, ашумен айтқан сөзімді кешіріңіз. Жақсы қонақ келсе қой егіз табады деген екен. Сіз тегін адам емес екенсіз. Көңілімді

қалдырмай, тағы бір күн қонақ болыңыз, - деп үйіне түсіреді. Қонақ тағы бір күн қонақтайды.

Ертесіне үй иесі одан:

-Не бұйымтайың бар?-деп сұрайды.

-Итке қатты қызығушы едім. Көңілім бөрібасарыңызға ауып тұр. Қарғысын берсеңіз жетектеп кетер едім,-дейді. Сырлыбек:

-Итіңіз не, марка қой берейін, жылқы жетектетейін, - дейді.

-Жоқ, ниетіңізге рахмет. Итіңізді бұйымтай еттім, - деп, итін жетектейді. Ит кетіп бара жатып, киіз үйдің іргесінде жатқан шиге дәрет сындырады. Қонақ:

-Қожайын, мен ойландым. Иттен гөрі, мына жаман шиді алсам, қалай қарайсыз. Кемпірім: «Ши әкеп бер», - деп қақсай беруші еді. Соның тілегін бір орындайыншы. Итіңізді қоя берейін, - дейді. Сырлыбек түсінбей келіседі.

Қонақ шиді ала бергенде әлгі қойдан туған егіз қозының бірі шидегі иттің дәретін жалайды. Қонақ қайтадан Сырлыбекке бұрылып:

-Қожайын, шиді басқа жерден табармын. Көңілім жаңа туған қозыңызға түсті. Жас қозының етіне аңсарым ауып жүр еді. «Іздегенге сұраған» деген. Маған қозыны сойып беріңіз, - деп қозыға бата жасайды.Сырлыбек қонағының көңілін қимай, әлгі қозыны бауыздайды. Қонақ:

-Қозының басына ешкімнің қолын тигізбей алдыма тартсаңыз. Құмарым қанып, бір тояйын,-деп өтініш жасайды.

Ас піскен кезде Сырлыбек қозының басын тартады. Қозының бір құлағы жоқ екен. Қонақ:

-Қожайын, қозының басына ешкімнің қолы тимесін деп өтініш етіп едім, құлағы қайда?- деп сұрайды.

-Жолаушы, айып етпеңіз. Жаңа ғана қозының басын қазаннан түсіріп, суытып қойғанбыз. Біздің көзді ала бере, үйдегі жүгірмектің бірі қозының бір құлағын кесіп алып, жеп қойыпты. Ат-шапан айыбымды өтейін, қаласаңыз, марка қой сояйын. Тек бізге ренжімеңізші, - деп жалынады. Қонақ мырс етіп күліп:

-Шаңырағыңа тепкілесе де кетпейтін бақ орнапты, - дейді де, естіп-білген оқиғасын бастан - яқ айтып береді.

- Сенің ырысың итінде екенін білгенмін. Алып кетейін дегенімде, итін айла жасап, дәрет сындырып, ырысыңды қалдырып кетті. Дәрет тиген шиді алмақ болғанымда, қозы келіп жалап, құт

қозыға қонды. Қозының басын жеп, берекенді аламын ба дегенімде, оны кенже ұлың жеп, маған бұйырмады. Құдай сүйген қылығың бар екен. Қонақжайлылығыңды жоғалтпа, - деп батасын беріп, аттанып кетіпті.

Осыдан бастап ел аузында «Ырыстың бірі қой құлағында» деген түсінік қалыптасыпты. Қонаққа бас тартқанда оның оң құлағын кесіп алып, үйдің бір мүшесіне береді екен. «Иесін сыйласаң, итіне сүйек сал» деген мақал да осыдан қалған екен деседі. Міне, халқымыз қандай ырым жасаса да отбасы берекесінің игілігі үшін жасайтындығы осыдан белгілі.

Халқымыз ас мәзірін жасағанда гигиеналық тазалыққа да өте ұқыпты қараған. Өйткені, қой басын қонаққа берерде оның тістерін қағып, тазалап әкелген. Әйтсе де, осы бір дәстүр астарында халқымыздың ой-пікірі мен көңілі білдірілген тұстары да бар. Қазақ біреуге ренжісе бетінен алмаған. Өзгенің көңіліне қаяу, жүрегіне қылау салармын деп сақтық еткен. Назын тұспалмен, ыммен білдірген. Сондықтан, егер қой тістері қағылмай келсе үй иесінің қонақта бір назы немесе реніші бар дегенді білдірген. Бұл жөнінде Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» атты кітабында да айтылады. Онда былай делінген: «Қонақтар кеткен соң жаңалап шай жасап, енді өзіміз дастархан басына отырдық. Байқаймын атаның (Бауыржан Момышұлы) қабағы салыңқы. Бір кезде:

-Дастарханың толымды, астарың дәмді болды. Әсіресе «ұмытылған тамақ қой мыналар» деп әсіп пен сүт құйған өкпе оларға өте ұнады. Бірақ соның бәрін сен жіберген төрт қателік жуып кетті. Қонақтар оны байқады-байқамады дей алмаймын. Ал мен анық көрдім,-дегенде дымым ішіме түсіп, көзім қарауытып кетті. Бүріскенім соншалық, құрттай тесікке сыйып-ақ кетер едім.

-Ол не папа?-деп Бәкең әкесіне қарады. Бірақ ата маған қарап, маған арнап сөйледі.

-Біріншіден, есі дұрыс қазақтың әйелі қонаққа бас көтеріп кірмейді. Жаман-жақсы болсын басың аман. Екінші қателігің - басты шүйде жағымен әкелгенсің. Қой шүйдесі емес, тұмсығын алға беріп жүреді. Үшінші қателігің – қойдың тісін қақпай әкелгенің. Бұл – ең алдымен, тазалық. Қой тісінің түбінде не жатқанын қайдан білесің. Шөп жейтін, жем жейтін мал ғой. Содан кейін мұның екінші мағынасы бар. Қазір ұмытылған, көнекөздер болмаса, көпшілік біле бермейтін жағын да айтайын. Қазақтар

талай нәрсені ым, тұспал, ишара арқылы білдірген текті халық. Соның бірі осы қағылмаған тіске байланысты. Сыйласып жүрген екі адамның біреуі әлденеге ренжіп, бірақ соны «сөз көбейер» деп айта алмай жүрсе, өзі ренжіп жүрген адамы үйіне келгенде етпен бірге алдына тісі қағылмаған басты қояды. Сонда бас ұстаған адам: «Ә-ә, мынаның ішінде маған деген бір қыжылы бар екен, тісін басып жүр екен-ау», -деп ұға қояды. Ары қарай реніштің түйінін шешіп, түсінісуге бет түзейді. Ал, төртінші қателігің – басты қасқаламай әкелгенсің. Талайлар мұның мәнін ұқпайды. Ол –«төрт құбылаң тең болсын, мандайың ашық болсын» деген ізгі тілек», - деген екен.

Міне, бүгінде хазақ халқының көргенді ұрпақтары осы дәстүрді сақтап –ақ келеді. Әйтсе де, оның астарына үңіліп, себептерін түсіне бермейді. Десек те, дастархан басындағы осындай дәстүрлі талаптарды қайта жаңғырта отырып, ұлттық құнды ниеттеріміз бен тілектерімізді қыздарымызға түсіндіре отырсақ, ұлттық дәстүрлеріміздің жаңғырып, мағынасы ашыла түсері анық..

Қалыптасқан әдеп бойынша, дастарқан басына әуелі жасы үлкендерді шақырады. Олардың жас ерекшелігі, жолы – жөніне қарай рет - ретімен алатын орны - төр. Келген қонақтар дастарқан басына орналасқаннан кейін әлдебір себептермен кешігіп келетіндер болады. Әдетте арнайы шақыртылған қонақ кешікпеген. Ал кешігіп келсе, қазақ «неге кешіктің?» деп сөкпеген. Кешігіп жатса, тиісті сыбағасын сақтап қойған. Ал, себепсіз келмей қалса, «Сыбағанды ит ішкір (жегір)» деп ренжіген. «Шақырғанға бармасаң, шақырғанға зар боларсың», «Шақырусыз тойға барғанша, таяқ ал да қойға бар», «Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма» деген мақал – мәтелдер осыдан шыққан.

Ретіне қарай дастархан басына орналасқан қонақтардың жасы кішісі өзінен кейін келген жасы үлкендерге төр жақтан орын береді. Лұқпан айтты деген сөз бойынша, жас адам өзінен кейін келгендердің үшеуіне ғана орын бере алады. Одан кейін келгендерге бермейді. Берсе өз беделін, қадірін, құрметін түсіреді. Сондықтан болар «тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар» деген қазақ бабаларымыз.

Егер қонақтар түгел келе алмаған жағдайда олардың сыбағасы алып қойылған. Егер түгел келсе үйінде қалған адамдар үшін «сарқыт» беріп жіберілген. Егер қонақтар асығыс болса

дастарханнан нан ауыз тиген.

Қонаққа ас берерде табаққа мүше-мүше мал етін салып, рет-ретімен таратылады. Үлкен кісіге – бас, жамбас тартылса, күйеуге тоқпан жілік, төс қойылады, балаларға құлақ, сирақ, бүйрек, келіншектерге таңдай, тіл беріледі және т.б. Осы тұста бала тәрбиесіндегі үлгі етерлік қазақ халқының тағы бір тамаша дәстүрі-ересектер тарапынан дастархан басында еттен балаларға өз сыбағаларын үлестіріп, дәм татқызудың да үлкен мәні бар. "Жақсы сөз жарым ырыс" деп ырымдаған қазақ балалардың қабілет ерекшелігін болжай отырып, оларға тіл, көз, құлақ, сирақ секілді мал мүшелерін үлестіргенде: "Көзің қырағы болсын", "Құлағың түрік жүрсін", "Тілің сайрап, шешендікке жет", «Аяғың жүйрік болып, жортқанда жолың болып жүрсін», "Ақылың тасысын" деп ырымдап беріп отырған. Бұл әрбір жасөспірім бала үшін болашаққа жолдама батасын алғандай әсер етіп, оларды ізгі мұраттарға жетелеген.

Сонымен қатар, қонақтар табақтағы асты жеп болған соң табақты алып кетуге келген келіндер тамақ жеген үлкендерге иіліп сәлемін салып тұрып алады. Үлкендер болса «Өркенің өссін», «Бақытты бол қарағым» деген секілді сөздерімен батасын беріп, ризашылығын білдіреді.

Сондай - ақ, балалар дастархан басында өрескелдік мінез көрсетпесін деп және олардың қонақ алдында, көпшілік алдында тәртіп сақтап, өздерін қалыпты басқаруын тәрбиелеу үшін әр түрлі тыйымдарды да ойлап шығарған. Мәселен, қонақ күткенде сыйлы кісілер алдына бас қойғанда балалар басқа таласпасын деп: «Әкесі бар баланың бас ұстауына болмайды, жетім қалады», - деп деп ойландырған. Бұл тыйымдардың әсері өте күшті болғаны айтпаса да түсінікті. Ешкім бақылауға алмай - ақ жастар ол тыйымды бүгінгі күнге дейін бұлжытпай орындап келеді.

Қазақ халқының түсінігінде отбасына келген барлық жақсылық, ырыс, құт қонақпен бірге келеді деп түсіндіріледі. Сондықтан қазақта қонақ арнайы шақырумен де, шақырусыз да келе беретін болған.

Үйдегі кішілер, әсіресе балалар жасына қарай, келген қонақпен қол беріп сәлемдеседі: «Ассалаумағалейкум», «Хош келіпсіздер!» сөздері айтылып болған соң, жамбасына қалың қабылған құрағы әдемі қонақ көрпе төселіп, қолтығына жастық қойылады. Егер сырт

киіммен келсе шешуіне көмектесіп, өз қолына алып киім ілгішке іледі.

Қонақтар қолын шайып болған соң қонақ су құйған балаға «Тәңір жарылқасын!», «Үлкен жігіт бол», «Бақытты бол», «Мейірің үстем болсын!» т.б. деген секілді алғысын айтады. Мұндай алғыстар қысқа да нұсқа болады. Су құюшы бала әрі қарай жылжып, келесі қонақтан да сондай бата алады.

Сонымен бірге, жас балаларды келген қонақтың алдына шақырып алып: «Ағаңның қолын ал, сәлем бер» дегендей өскелең ұрпақты ересектермен қарым-қатынас жасау мәдениеті мен әдебіне үйреткен. Келген қонақ өнегелі де білімді болса «Жақсы оқысаң, сен ағаң секілді студент боласың» деген сөздері арқылы көтермелеп ынталандырған.

Қазақта «Қонағының алтынын алма, батасын ал» деген мәтел, «Көптің батасы тисін» деген тілек бар. Сол көптің батасын алу, үлкенге ізет, көпке құрмет көрсету осындай кіші – гірім қызметтен басталады. Бұл да қазақ отбасы тәрбиесінің нәтижесі деп білу керек.

Қазақ халқындағы әрбір жолаушының кез-келген ауылға түсіп қонақ болып, емін - еркін келуінің тағы бір себебі туралы ғалым А.Сейдімбет өзінің "Қазақ әлемі" атты еңбегінде қазақ халқының салт - дәстүрлерін қарастыра келіп, "бөлінбеген енші" туралы түсіндереді. Ғалымның сипаттауы бойынша қазақта "бөлінбеген енші" деген ұғым бар. "Енші" сөзі байырғы түркі тілінде "инчу" деп аталса, мұның өзі "мұра" деген мағынаны береді екен. Қазақ тілінің "Түсіндірме сөздігінде": "Енші - атаның балаға жеке үй болғанда бөліп беретін малы, мүлкі", - делінген.

"Бөлінбеген енші" - әрбір отбасының кез-келген қонаққа берер қонақасы. "Әкенің балаға қалдырар немесе бөліп берер мұрасының белгілі бөлігі міндетті түрде қонаққа тиесілі бөлінбеген енші деп есептеліп, ол екінші ас-дәм түрінде берілетін болған. Мұның өзі кез-келген қазақ отбасы үшін айнымас салт- дәстүрге айналған. Яғни дала халқының осынау салт-дәстүрі үй болып шаңырақ көтерген кез-келген отбасы үшін бұлжымайтын моральдық - этикалық қалып түрінде қалыптасқан. Бұл рәсімді бұзған отбасыдан қонақтың айып шармаулауға құқы болған дейді А.Сейдімбет. Яғни сахара жолаушыларының кез-келгені жолай ұшырасатын үйде өзіне тиесілі бөлінбеген еншісінің барына алаңсыз сеніп, өзін еркін сезініп босағадан аттағаны сондықтан.

Осыған сай, өзін ел қаралы санағысы келетін әрбір үйдің иесі де жолаушы-қонақты барынша сән-салтанатымен, ынта-ықыласымен қарсы алып, ақ тілекпен шығарып салуды өмірдің айнымас киелі шартына балаған. Көшпелі елдің бұл сияқты салт-дәстүрі қонақты аттан қолтықтап түсіріп алып, қолтықтап аттандырғанға дейінгі аралықта атқарылар алуан түрлі жөн - жоралғыны, тәртіп - талғамды, кісілік қалыптарын, дәм- тағам берудің рәсімдерін қалыптастырған.

Міне, осылайша қазақ халқымыз дастархан басында қонақты қарсы алып отырып –ақ, ұрпақ тәрбиесін іске асыра білген. Олай болса, бүгінгі ұлттық құндылықтарымыз бен рухани мұраларымызды қайта жаңғырту жағдайында ұлттық мәдениетіміздің тірегі болар дәстүрлерімізді жастарға насихаттау мен отбасында қолдану оң нәтижесін берері анық. Әсіресе қыз балаларға осындай дәстүріміздің тарихымен таныстыру ертеңгі келіндік өмірінде қажет болады.

Қонақжайлылығымен тәнті еткен қазақ халқы осы қонаққа қатысты, қонақты күтудің сауабына қатысты көптеген ырым, наным-сенімдерді ұстанғанын төменде берілген ырымдардан байқауға болады:

Қонақ болып барған үйінде қызды төрге отырғызады. Себебі, «қызда қырық көліктік бақыт бар». Төрде отырса ол бақыттың жұғыны қыз отырған төрде қалады. «Қызда қырық қырсық та бар». Босағада отырса, сол қырсық сол үйде қалады. «Қызда оттай ыстық мейір бар». Төрде отырса, сол мейір сол үйге бағышталады. «Қызда мұздай суық ызғар да бар». Есік жақта отырса, сол ызғар сол үйді шалады. «Қызда қырық періште бар». Төрде отырса, сол періштелер сол үйге қонады. «Қызда қырық сайтан да бар». Есік жақта отырса, сайтандар сол үйде қалады. Жолаушылап келе жатқан адам бір үйге сусын ішуге түспек болса, сол үйдің есігіне тура беттеп келіп аттан түспейді. Оң жағынан түседі, әрі үйді айналмайды. Себебі, жау үйінің жай-күйіне қарамайды, өлімнің суық хабарын естірткелі келген адам да күй таңдамай үйге кіреді. Сондықтан, жолаушының жүрісі жаман ырымға ұқсамасын дегені. Дос, туыстар оң жол, оң тілеумен оң жақтан келіп, оң аяқпен үйге кіреді.

Қыдырып, қонаққа келген жас баланы үйден құр қол шығармайды. Өйткені, сәбидің меселі қайтпасын, көңілі қалмасын, жүрегі суымасын, келер бақытының беті қайтпасын, үйде оттай

ыстық ықыласы қалсын деп ырымдаған. Егер, сәби суық рай көріп, кейіген кейіппен шығып кетсе, бұл шаңырақтан бақ, төрден бақыт, дәннен ырыс кетеді деп ырымдалады.

Үйде отырған қонақты саусақпен санамайды. Оның ішінде ақ сақалды қариялардың да отыруы мүмкін. Малды, қолға түскен тұтқынды ғана саусақты шошайтып санайды. Үлкен тойда, аста немесе салтанатты мереке-мейрамда сыйлы қонаққа көк қасқа тай, ақ сары бас қой, атан түйе, дөнен өгіз сойылады. Сонда барлық тілек қабыл болып, зор бақыт қонады деп сеніп, ырымдалады. Қазақ үйіне қонған қонақты ырымдайды. Қонақ қонған түні мал төлдесе, құйрық асып, қонақты сыйлайды. Әрі киіт кигізіп, «Ақ жолтай қонақ» деп шығарып салады. Дастархан оң бетімен жайылады. Дастархан қос қабатталған болса, қонақ келгенде оның тұйық жағын қонаққа қаратып, оң бетін келтіріп жаяды. Мұны «дастархан оң болмай, ісінде жол болмайды» деп ырымдайды. Дастархан – береке-бірліктің, тірліктің бейнесі ретінде қастерленеді. Қонақ келгенде есікті үй иесінің өзі ашады. Ал қонақ шығарда есікті үй иесі ашпайды, қонақтың өзі ашып шығады. Қонақ үйге келгенде құт бірге кіреді деп жориды. Қонақ кетерде үй иесі есік ашып берсе, құт та әлгі кісімен ілесіп кетеді деп ырымдалады. Қонақтың пышағы немесе бәкісі дастарханмен бірге жиналып кетсе, қайтарып берілмейді. Қонақ ет турағанда пышағын өзі сүртіп қынына салып алуы керек. Егер дастарханмен бірге жиналып кетсе, қонақ үндемейді, пышағын сұрамайды. Сұраса «Қырық пышақ боп өштеседі» деп жориды. Ұзақ жолдың азабын тартып келген жолаушыны жаңа босанған әйелдің үстіне кіргізбейді. Ол өте жақын туыс болса ғана біраз демалғаннан кейін беті-қолын жуып, сыртқы киімдерін шешіп, жеңілденгеннен соң барып кіруге тиіс. Өйткені, жол азабын тартқан адамның түсі сұсты, қабағы қатыңқы болады. Өмір есігін жаңа ашып, көзі мөлдіреп жатқан сәби мен сүйек-сүйегі босап, әлсіреп жатқан ана шошып қалмасын, секемденбесін, сырттан кірген қонаққа ілесіп келіп, жын жабыспасын деп ырымдаған. Қазақта кетік, жырық ыдыспен қонаққа ас бермейді. Себебі, ыдыстың кетігінен сайтан қосарлана ас ішеді, қонақ қорланады, қонақтың жебеуші иесі шамданып, кәрін төгеді деп ырымдайды.

Қонақ күту – кез - келген үй бикесі үшін нағыз сынақ. Қонақтардың көңілінен шығарлықтай дастархан жайып, ас пісіру, дастархан жабдықтарын дайындау, бөлмені ретке келтіру,

қонақтардың көңілін аулау бүгінде оңай шаруа емес. Бұл міндеттердің барлығы отбасында қыз-келіншектерге жүктеледі. Қонақтарды жақсылап тамақтандырумен қатар ережеге сай күтіп алу да маңызды. Мұның барлығы қонақ күту мәдениеті екенін көптеген ханымдар байқайды. Мүмкін, кейбір жандар мұны соншалықты маңызды деп қарамауы да мүмкін. Алайда, қонақ күтуді бастаған соң аяғына дейін қадағалаған дұрыс. Бұл ережені жақын туыстарды күткенде емес, әсіресе ұжымдастар мен дос-жарандарды немесе сыйлы үлкен кісілерді қонаққа шақырған кезде ұстану әбден қажет. Өйткені қызметте істейтін адамдар қонаққа келгенде өте сыншыл келеді. Дастарханға тағам түрлерін салатын ыдыстардың бәрі бір сервистікі болғанын қадағалаңыз. Қонақтарыңыз жақсы көңіл - күймен кетуі үшін қандай ережелерді ұстанған жөн, осы туралы қызыңызға үнемі айтып, түсіндіріп отырыңыз.

Қыз балаларды қонақжайлылыққа үйретуде оларды шақыру уақытын болжай білу маңызды. Егер сіз қонақ шақыратын болсаңыз, олардың дайындалуға уақыты жеткілікті болуын ескеруіңіз керек. Әсіресе бұл үлкен мерейтойлар немесе үйлену тойына қатысты. Тойға келетін қонақ не киім киіп келеді және тойға қандай сыйлық жасайды, осыларды реттеуі үшін оларға біршама уақыт керек. Үлкен мерейтойларға шақырту қағазы кем дегенде 20 күн бұрын берілуі қажет. Ал егер кішігірім басқосу болса, бір апта бұрын телефон арқылы ауызша шақырту берілуі қажет.

Сонымен қатар, қонақтарды қабылдау уақытын да білу маңызды. Күннің қай мезгілін таңдауыңызға байланысты, егер таңғы асқа шақыратын болсаңыз 10 – нан 12 - ге дейін, түскі асқа шақыратын болсаңыз 14 - тен 19 - ға дейін, кешкі асқа 19 - дан 21 - ге дейін. Жай шайға шақыратын болсаңыз 17 - ден 19 - ға дейін белгілеуге болады. Қонақтарыңызды жұп-жұбымен шақыру қажет. Мәселен құрбыңызды қонаққа шақырып оның жігітін ұмыт қалдыруға болмайды. Бұл құрбыларыңыздың және әріптестеріңізге де ұнай қоймайды. Тек құрбы қыз-келіншектерге арналған бас қосу болса шақырмауға болады.

Қонақтарды күтіп алудың да өз мәдениеті бар. Қонақтар үйге кіріп келген сәттен бастап мерекелік көңіл - күйді сезінуі қажет. Үйге кіріп келгеннен үй бикесінің жылы қарсы алуы, жадырап - жайнаған келбеті үйге бірінші келіп жатқан жаңа таныстарға да

жағымды әсер етеді. Қонақтардың алып келген сыйлығы болса, сыйлықты сыпайы қабылдап, рахметіңізді білдіріңіз, тіпті ол сыйлық сізге ұнай қоймаса да.

Қонақтар келгенде тұрмыстық құралдар дайын болғаны жөн. Қонақтардың сырт киімдерін және бас киім, аяқ киімдерін қоятын орынның жеткілікті болуы да назар аударыңыз. Аяқ киім киюге арналған құралды және қол сүртуге арналған сүлгіні көзге көрінетін жерге ілген дұрыс.

Бүгінгі таңда қонақтар өз аяқ киімдерін ала баруды әдетке айналдырған. Соған қарамастан үйге арналған аяқ киімдеп болғаны дұрыс. Аяқ киімді жақын таныстарыңыз немесе туыстарыңызға ұсынуға болады. Алайда, аяқ киімнің таза жаңа болуын қадағалаңыз, ескі аяқ киімді ұсынбай - ақ қойған дұрыс, бұл гигиенаны сақтамау болып табылады.

Егер шақырылған қонақтар арасында жаңадан қосылғандар кісілер болса, оларды дастархан басына отырған мезетте тездетіп таныстыру сіздің міндетіңіз.

Қонақтарды күтуде олардың отыратын орнындарын белгілеу де маңызды. Егер үйде кішігірім басқосу болған жағдайда, қонақтар қалаған орнына отыра береді. Егер үлкен мерейтой немесе үйлену тойы болған жағдайда, қонақтардың аты - жөні белгіленген тізім іліп қоюға болады. Бұл көп қонақ шақырылған кезде тәртіпсіздік орын алмауы үшін қажет. Қонақтарды кіммен отырғызу жағына да көңіл аударған жөн, себебі бірге отырған қонақтар өзара араласып жүрген әңгімесі жарасатын жандар болғаны дұрыс. Жұбымен келген қыз-жігіттерді және ерлі-зайыптыларды бірге отырғызған дұрыс.

Қыз баланы столдың соңғы жағына отырғызуға болмайды. Қазақтың ата дәстүрі бойынша қыздарды төргі орындардың біріне жайғастырған жөн.

Қонақты тек тамақтану үшін шақырмаймыз. Қонақ болудың басты мақсаты жақыннан қарым-қатынас жасау арқылы рухани азық алмасу болып табылады. Сондықтан, мәдениетті адамдар үшін қал - жағдай сұрасу, жарасымды әңгіме дүкен құру ең бастысы болып табылады, ал, тамақтану – қонақ болудың жай ғана қосымша атрибуттары деуге болады. Сондықтан мерекелік дастархан жайған кезде мұны да ескеру қажет. Соншалықты майлы, ауыр тағам түрімен дастарханды толтырып тастауға болмайды. Түрлі жеңіл салат түрлері мен жаңғақтар, кепкен жемістер қойған дұрыс, бұл –

қарым-қатынас жасай отырып яғни тілдесіп отырып шай ішуге ыңғайлы болмақ.

Дастархан қонақ келгенге дейін жабдықталып, дайын тұруы тиіс. Әр қонаққа берілетін киім былғанбас үшін төселетін орамалдар және қол сүртетін қағаз майлықтар дайын тұрғаны жөн. Дастарханға тамақты өзіңіз әкеліп қоюыңыз қажет. Кейде қонақтарға салып беріп қызмет көрсетуге болады, кейде қонақтар өз қалауынша салып алады. Негізгі асты салып алып келгенде қасына салып алатын құрал қоюды ұмытпаңыз. Әйтпесе әр адам өзінің қасығымен салып алуына тура келеді, мұны айналада кей адамдар құп көрмеуі мүмкін. Тойды ашу үй егесіне жүктелетін болғандықтан, бұған жауапкершілік танытыңыз. Егер уақытылы бастамай кешіктірсеңіз, қонақтар өздерін ыңғайсыз сезіну мүмкін, ал егер қонақтар түгел жиналмай бастап жіберсеңіз де сынға қаласыз.

Дастархан үстінде қонақтарға кейбір тамақ түрін «же, же» деп мәжбүрлемеген дұрыс. Сонымен қоса: «Сіз тамақ аз жейді екенсіз», «Түк жемедіңіз», «Сізге тағам түрі ұнамай отыр ма?» Мұндай сұраулар қою, сыпайы түрде айтқанда әдептілікке жатпайды. Мұның себебі: тамақ ұнамай отырғандықтан емес немесе тамақ дәмсіз болғандығынан емес, басқа себептері болуы мүмкін. Мысалы, денсаулығына байланысты диетада жүрген адам болуы мүмкін немесе алдында ғана тамақтанған болуы мүмкін. Сіздің әлгіндей сұрауларыңыздан кейін қонағыңыздың ақталуына тура келеді.

Дастархан үстінде әңгіме - дүкен құрып отыру сізге жүктеледі. Келген қонақтар бірін - бірі жақсы танымағандықтан шүйіркелесе кетуі екіталай. Сондықтан қандай тақырыпта әңгіме-дүкен құрған дұрыс, қандай тақырыпта әңгіме қозғамаған дұрыс оны да білу маңызды. Қонақ шақыру үшін көп қаражат жұмсағаныңыз туралы шағымдану, өз денсаулығыңыз, отбасылық қиындықтар, жұмыстағы келеңсіздіктер туралы айту да ыңғайсыздық тудыратын жағдайлар болып табылады.

Қонақтармен қоштасу іс шараның ең маңызды бөлігі деуге болады. Қонақтарға көп отырып алғаны туралы айтуға болмайды. Қонақтар кетпей тұрып, үйдің ішін ретке келтіруге кіріспеген абзал, бұл қонақты сыйламау болып есептеледі. Қазақ халқы өте қонақжай халық. Ата - бабаларымыз қонақ күтуге ерекше көңіл бөлген сол үрдіс күшейе түспесе әлсіреген жоқ.

Қонаққа бару да аса бір мәдениеттілікті керек етеді. Қонаққа барарда үй иелеріне қандай сыйлық алатыныңыз қандай киім киетініңізбен қоса, ондай орында өзінді қалай ұстау керек, бұл да маңызды. Кез келген адам қонаққа барудың кейбір ережелерін қатаң ұстануы әдептілікке сай болып табылады.

Қонаққа кешігіп баруға болмайды, бұл үй иесін сыйламау дегенді білдерді. Сондай - ақ белгіленген уақыттан бұрын баруға да болмайды, ерте барып үй иесін әбігерге салып қоюыңыз мүмкін. Ұқыптылық таныта отырып, дәл белгіленген уақытында барғаныңыз дұрыс.

Киіп баратын киімдерді күні - бұрын дайындап қойған жөн. Киім өзіңізге жарасымды мерекеге сай болуы тиіс. Ұқыпты әрі сәнді киініп келу арқылы, үй иесіне деген құрметіңізді көрсетесіз.

Қонаққа сыйлықсыз келу де мәдениетсіздікке жатады. Ол тіпті, күні бұрын жоспарланбаған кішігірім отырыс болса да, тәтті немесе жемістер ала барыңыз. Мереке барысында өзіңізді емін - еркін сезініңіз және табиғи қалыпта ұстаңыз. Қонақтарға жылы шырай танытып, ортақ әңгімеге қосылып, жылы атмосфера қалыптастыруға тырысыңыз. Дастархан басында жеке мәселелер мен қиындықтар туралы айтпаңыз, қонаққа келгеніңізді ұмытпау керек.

Уақытты ескеріңіз, қонақта ұзақ отырып алмаған жөн. Уақытында келгендей, уақытында қайту қажет. Қонақтармен қоштасыңыз, үй егесіне жылы қарсы алғандары үшін алғыс айтуды ұмытпаңыз.

Осындай қарапайым ережелерді орындасаңыз жеткілікті. Егер бұны басты қару етіп ұстанатын болсаңыз, айналаңыз сізді сыпайы әрі мәдениетті тұлға ретінде көретін болады.

Мерекелік дастархан басында өзінді қалай ұстау қажет екендігін де қыз балаларымыз жақсы білуі тиіс. Дастархан басында отырғанда адамның мінез-құлық ережесінің – қыр-сыры көптеген әдептіліктің бір бөлігі іспетті. Әйтсе де, оны көп адамдар біле бермейді. Қарапайым мерекелік дастарханда түрлі ас құралдары көп болмағанымен де негізгі ас құралдары: қасық, шанышқыны қалай пайдалану керектігін білу керек. Дастархан үстінде өзіңізге ұнаған тағамды алу үшін қолды алысқа созу қажет емес, жақын отырған адамға алып беруін сұраңыз.

Көршініңізбен әңгіме-дүкен құрарда тек басыңызды жай ғана бұрып сөйлесеңіз жеткілікті. Дастархан басында көп қимылдамаған

дұрыс. Өйткені, қайта-қайта қимылдай беру қонақтарға ыңғайсыздық туғызуы мүмкін. Сонымен қоса дастархан үстіндегі асты сынау мәдениетсіздіктің белгісі.

Қасықты мұқият ұқыпты ұстаған жөн, одан астың бір тамшысы да тамбауы қажет. Егер шанышқы мен пышақ пайдаланып отырсаңыз, шанышқыны – сол қолға, пышақты – оң қолға ұстау керек. Егер тек шанышқы ұсынса, оң қолға ұстаңыз. Сонымен қоса тағамды шайнау үстінде, қолыңызды төменірек түсіріңіз.

Тамақтанып болсаңыз ас құралдарын тәрелкенің үстіне қойыңыз, бұл сіздің тамақтанып болғаныңызды, тәрелкені ауыстыруға болады дегенді білдіреді. Кейде, мереке кезінде ыдыс - аяқ сынбай тұрмайды, егер сізде сондай жағдай орын алса, сындырып алғаныңыз үшін үй егесінен кешірім сұраңыз. Алайда, қайта-қайта сол туралы ызындап айта бермеңіз.

Сонымен қатар:

1. Қағаз орамалды жаймен ашып – алдыңызға төсеп қойыңыз. Үлкен болса екі қабаттап төсеген дұрыс, жинақы болып тұруы үшін.

2. Столда қалай отыру керектігін қыз балаларына жастайынан үйретіңіз: арқаны түзу ұстап отыру қажет, шынтақты стол үстіне қоюға болмайды. Егер қолыңызды қайда қоюды білмесеңіз, жай алдыңызға тізе үстіне қойып отырыңыз.

3. Стол үстіне телефон, темекі, сөмке, көзілдірік т. б заттарды қоюға болмайды. Тамақтану кезінде тамаққа қатысы жоқ кез келген бұйым онда тұрмауға тиіс.

4. Жаңа тағам келген сәтте, басқалардан бұрын бастамай, аздап күтіңіз.

5. Тамақты асықпай ішіңіз. Асығу – қонақтарды сыйламау болып есептеледі.

6. Асты жегенде кішкентай бөліктерден бөліп жеген дұрыс, егер сізге сұрақ қойған жағдайда, асты жұтып тез жауап беру үшін.

7. Сорпа ішкенде түбінде 1-2 қасықты ішпей қалдыруға болады. Сықырлатып отырмас үшін.

Міне, осындай қонақ қабылдау мен қонаққа бару мәдениетін заман талабына сай үйрену қыз балаларымызды болашақта жақсы келін, жайлы отанасы болуға қалыптастырады.

4. ҚЫЗЫҢЫЗДЫҢ КИІНУ МӘДЕНИЕТІНЕ МӘН БЕРІҢІЗ

Отбасы тәрбиесінде аналарымыз қыздарының қалай киініп жүргендігіне аса мән беріп, бақылауға алуы тиіс. Ұлтымызға тән киіну мәдениетін қыздарымыздың жастайынан бойына сіңіріп, биязылық пен әдептілігінің киімінен көрініп тұратынын аңғарту керек. Түркі халықтарының әйел балаларына тән киіну мәдениеті мен мінез-құлқының талаптары о бастан өзгеше. Бүгінде сол түркі әлеміне сай дүниелерді бүгінгі жастар тәрбиесінде ескеру қажеттілікке айналып отыр. Себебі, бүгінгі күні мода екен деп қыз балаларының жарассын, жараспасын тар шалбар мен ұсқынсыз киімдірге құмарлығы олардың ұсқынын қашырып тұрғанын біле бермейді. Бүгінде көйлек киетін қыздарды кездестірудің өзі бірен саяқ болып барады.

Қазақ халқының «Еркек үйдің егесі, әйел үйдің шегесі» деп айтқанындай кез-келген отбасының босағасының беріктігі мен ынтымағының жарасымдығы ондағы әйел баласының мықтылығына тікелей байланысты. Осы тұста елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында әйел баласының шындығында да отбасының тірегі екендігін ескертіп: «Біз қыздарымызға ертеңгі жар, ана деп қарап, тәрбиелеуіміз керек», - деп қыз балаларының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуді тапсырған еді. Бұл әсіресе, бүгінгі жаһандық тәрбие дәстүрлерінің күнделікті тіршілігімізге дендеп еніп, ұлттық болмысымызға едәуір ықпал етіп отырған заманда өте өзекті мәселеге айналып отыр. Соның нәтижесінде әрбір отбасындағы әйел болмысы мен оның қоғамдағы орны, рөлі ұлттық сипаттан алшақтап бара жатқаны жасырын емес.

Қазақ әйелдерінің болмысы мен мінез-құлқы, тіпті қарым-қатынасының түп тамыры бүкіл түркі әйелдерінің болмысымен тығыз байланысты. Әйелдің орны қаншалықты ұлық болса да, шариғи тұрғыдан өзіндік нормасы мен әдебін сақтау керек.

Сондықтан, тәрбие негізін қалайтын отбасындағы ана болмысын оның қыз кезінен қолға алу оның киім киюімен де байланысты екендігін бәрі біле бермейді

Түркі халықтарының қыз балаларына тән киіну әдебінің өзі оның тәрбиелілігі мен мәдениетінен дерек береді. Әдетте қазақ

әйелдері кең етек ұзын көйлек киіп, бастарына ақ орамалдарын салған. Бұл киіну әдебінің де тектен тек емес екенін бүгінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жүрген ғалымдар бар. Орамал тағудың физиологиялық тұрғыдан да әйелдерге пайдасы көп екендігін медицина саласының мамандары мойындауда. Медицина ғылымының докторы, профессор Қарлығаш Тоғызбаева бұл жайлы былай дейді: "...Ер адам көбіне көктен, әйелдер жерден қуат алады. Сондықтан болар, әйелдің шашы магнит тәрізді ауадағы кір-лас қуатты жинағыш келеді. Бұл да оның, әсіресе, бас ауруына ұшырауына әсер етеді. Ашық-шашық жүрген әйел көктен өзіне қажет емес, артық қуатты алады, сөйтіп оның бойында еркектерге тән гистостерон гормоны пайда болады. Нәтижесінде, ағзаның гормональды бұзылуы етек алып, жыныс органдарындағы қатерлі ісік және т.б. ауруларға жол береді. Ал баланың бітуі мен тууына аса қажет әйелге тән экстрогенос гормондарының керекті мөлшерде қалыптасуына ықпал ететін жерден келетін қуат ұзын, кең көйлек арқылы әйел денесіне молынан, еркін өтеді. Тар шалбар осындай аса маңызды процеске кедергі жасайды. Осы процестер дұрыс жүзеге аспағандықтан, қоғамда жантүршігерлік түрлі оқиғалардың (лесбиянкалар, гомосексуалистер, трансвеститтер, т.б.) орын алуына себеп болуы мүмкін. Күшті феминистік қозғалыстар салтанат құрған Батыста бедеу әйелдер мен еркектердің көбеюі, сөйтіп моральдық азғындаудың шыңына жетпеген ТМД елдерінен бала асырап алу өзекті мәселеге айналуы тегін емес". Сондықтан "Есті қыз етегін қымтап ұстайды" деген дана сөз де босқа айтылмаған.

Қазіргі таңдағы қыздардың киім кию үлгісінен оларға тән әлеуметтік, жасына байланысты ерекшеліктерді ажыратуға болмайды. Әйтсе де, әсіресе оңтүстік өңірлерде, көбінесе ауылдық жерлердегі жиын-тойларда тұрмысқа шықпаған әйел затының орамалсыз, жалаңбас жүруі, ал келіндердің орамал тартуы, жасы келген әйелдердің жаулық тартып, кейде кимешек киюі қалыпты жағдай болып есептеледі.

Қыз бала 14-15 жасқа жетісімен-ақ бой түзей бастайды. Үсті басын таза ұстап сәнді киінуге, өзінің есейгенін сезіп, айналасындағыларға әдемі, сымбатты көрінуге тырысады. Осы айтылғандар шаш күтімі, бет, тіс күтімі сияқты кісіге ажар беретін косметикалық-гигиеналық атрибуттар. Мәселен қыз баланың көркі

алдымен арқасына өрген білектей бұрым, яғни шаш күтіміне байланысы болатынымен келісу керек. Бойжеткеннің өңіне шашының қалыңдығы мен ұзындығы, өрген қос бұрымы қандай жарасымды.

Ал бүгінгі бойжеткенге сырт келбетке қарау, оған уақыт табу, киім киюде өзіндік өрнегінді іздеуге ұмтылу, әлде қайда қиын жұмыс деп білеміз. Уақыт талабына сай киіну – қымбат киімдерің болсын деген сөз емес, ол аз ғана киімді болып, соны ұқыптылықпен, орны-орнымен, сәнімен киіну, яғни үстіндегісінің бәрі бір-бірімен үйлесіп тұрсын деген сөз. Қыз баланың талғаммен киінуінің бір сыры – өз тұрқының кейбір табиғи кемістігін жасырып, жақсы жағының бәрін айқын көрсете алатындай, яғни сәнді өзіне бейімдей ала білуінде. Ішкі, рухани мәдениеті төмен адамның дұрыс талғаммен әдемі киіне алуы екіталай. Жас адамның, әсіресе, қыз баланың бүкіл кескін келбеті (отырыс-тұрысы, жүріс-жүгірісі, сөз саптауы, жұртпен қарым-қатынасы т.б.) әсем де нәзік болуы тиіс.

Қоғам алға жылжып, заман өзгеріп, материалдық және рухани құндылықтар өзгерген сайын қазақ қыздарының киім үлгілері де ауысып, соған сәйкес киім киюге деген көзқарастары да өзгеріп отырғаны даусыз. Сондықтан, әрбір ана қыздарының көйлек киюіне мән беріп, қадағалағаны дұрыс болады.

5. ҚЫЗДАРЫҢЫЗДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ДҰРЫС ҚАЛЫПТАСУЫН ҚАДАҒАЛАҢЫЗ

Қыздарымызды жастайынан ұлтына тән, табиғатына сай ұяңдық пен сыпайылыққа үйрету отбасы үлкендерінің (ананың, жеңгенің, әпкенің, ағаларының) міндеті. Қазақ қыздары мен келіншектерінің тұлғалық сапаларының ең басты көрінісі олардың мінез-құлқының жағымды болуымен айқындалған. Себебі, адам мінезінің жайдары да ашық, сабырлы да ұстамды болуы оларды кез-келген ортада дұрыс ұстауға жағдай туғызған. Ол туралы да әжелеріміз жас қыздарға үнемі айтып, естеріне салып отырған. Оны «Күле, күле, күлкім жетті басыма, күлмей жүрсем, кім келеді қасыма» деген мақалдар астары дәлелдейді. Бұл қатарлар арқылы жастарға адам мінезінің тым жеңілтек те, тым салмақты да болмағаны дұрыс екендігін ескере отырып, орта шамасын ұстағанды жөн көреді. Себебі, тым жеңілтектік түбінде бір пәлеге ұрындырары хақ, ал тым тұйықтық өзімен өзі қалып ортадан ажырап қалуға алып келуі мүмкін дегенді меңзейді.

Адам баласының мінез-құлқының адам өмірінде маңызды рөл атқаратынын ғұлама әл-Фараби атап көрсеткен. Ол өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде: «Адамның бақытты болуының бірден-бір шарты жақсы мінездің болуы. Кімде-кім өмірде бақытсыз болса, оған ешкім де кінәлі емес, оған тек өзінің жаман мінезі кінәлі», -деп айтқан. Шындығында да мінезі жақсы адам кез-келген ортаға сыйымды болады. Жаман мінездімен де сыйысады. Ал мінезі қиын адамдар ешжерде тұрақтай алмай қиналады. Сондықтан да халқымызда «Жақсы адамға кез келген жерде бір кісілік орын бар» деп тегін айтпаған.

Түркі халықтарына, соның ішінде қазақ әйелдеріне тән мінез-құлық пен жүріс-тұрысындағы мәдениеттілік нормаларын қазақтың ақын жазушылары өз шығармаларында дәріптеп жазған. Солардың бірі Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» шығармасында қазақ әйелдерінің болмысының қазақи мәдениетін былайша сипаттаған: *"Ең соңынан кірген кішкене денелі қазақ әйелі ауыз үйдегі орыс жұмыскерлері мен орыс әйелдеріне қарап таңырқап тұрып қалыпты. Мойындарына дейін ашық, жалаң бас, еркектермен қатар отырған орыс әйелдері Күнзилаға, тіпті, таң көрінді. Шашын желкесіне қырыққан жас келіншек Елизавета Быкованың*

барлық еркектерден жоғары отырғаны ерсі көрініп кетті» деп суреттейді. Қазақ әйелінің көңіл-күйі, сезім әлемі, ішкі дүниесі нәзік болуымен бірге шытырманға толы, аса күрделі құбылыс еді. Бұл сипаттаудан байқағанымыз, түркі әйелдерінде аңғарымпаздық белгілердің, тіпті олардың ұсақ-түйегіне дейін бірден байқап, тез арада айтылмақ ой мен емеурін, ишараны шешетін туа бітті қабілеттері ерекше дамығанын жоғарыдағы деректер растайды.

Оның үстіне, әйелдердің гендерлік болмысына сәйкес, әйел адамдардың ассоциативті ойлау жүйесіне көбінесе адамгершілік, ізгілік, жылылық, күнделікті күйбің тіршілік жақын да, ал ер адамдардың ассоциативті ойлау жүйесіне ерлік жасау, батырлық көрсету, кәсіппен шұғылдану және т.б. әрекеттер жақын болатыны белгілі. Соған байланысты, олардың қарым-атынастағы мінез-құлықтары да ерекшеленуі тиіс секілді көрінеді бізге. Сондықтан, еркекке тән қылықтар мен болмыс әйелге тән емес болды.

Әйтсе де, бүгінгі күні бұл көзқарастар өзгерді, әйел мен еркек болмысы араласып кеткендей. Олардың табиғатына тән болмысының өзіндік заңдылығы мен салдарының болатындығын ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан, жастар тәрбиесінде әйел болмысының заңдылықтарын сақтауды тәрбиеде ескеру маңызды.

Жақсы мінезге қыз бала жастайынан үйренсе ғана, ол бойға қонымды болмақ, мінез-құлық тәлімі туралы жазылған, жақсы ақыл-кеңестер беретін кітаптар да аз емес. Мүмкіндігінше, соларды тауып оқу әр бойжеткеннің парызы болмақ. Алайда әдемі кісілік пен жақсы тәлім жайлы қаншама кітап оқып шыққанмен, ешкім өзінен әдепті де жақсы мінезді бола алмайтыны белгілі. Бұл арада есейіп, ер жеткенге дейін ата-ана тәрбиесі елеулі орын алса, ескіріп, ой мен бой толысқан кезде адамның өзін-өзі ұдайы тәрбиелеуі, ауыздықты тежеп отыруы аса маңызды. Сондықтан да, С.Торайғыров «Жақсылық көрсем - өзімнен, жамандық көрсем - өзімнен «тағдыр қылды» деулерді шығарамын сөзімнен», - деп тебіренді.

Қыз - аяулы жар, болашақ ана. Қыз ұрпақ қана емес, ұлт тағдырында да үлкен рөл атқаратын жауапты тұлға. Қыз - бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетуші абзал жан. Өкінішке қарай, кейбір қыздарымыздың бір қолынан темекі, бір қолынан ішімдік көретінім жасырын емес. Сол әдемі гүлдеріміздің бір қатары арамшөпке айналып бара жатқандай.

Атамыз қазақ ежелден қыз баланы ардақтап, «Аз күндік қонағым, алтынның сынығы, шұғаның қиығы», - деп құрметтеп өсірген. Олардың бойларына қазақы тәрбиелілік пен инабаттылықты дарытқан. Олар үлкеннің алдын кеспеген, сөздерін бөлмеген.

«Аяғына қарай асын іш, анасына қарап қызын ал» - деген ата-бабамыздың асыл сөзі осының айғағындай. Өнегелі, тәрбиелі қыз бала қандай болуы керек? Қыз - өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт- байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім-тәрбие алатын қасиетті ұясы. «Тәлімді ана - тәрбиелі келін» атанады. Адамның сыртқы бейнесі оның ішкі жан дүниесімен тығыз байланысты. Ендеше, ішкі жан-дүние – мінез-құлық. Дауыс көтеріп, оспадарсыз сөйлесең, сыртқы бейнең қанша сұлу болып, әдемі киініп тұрсаң да жарасым таппайды.

Адаммен қарым қатынасың сөз ғой, міне, сондықтан да айналаңнан күнделікті өмірде жақсы, жанға жағымды сөзбен даусыңды, сөйлеу мәнеріңді түзетіп, жақсылықты бойыңа жина. Рухани байлығың білім мен тәрбие. Сыртқы киім киісі, жүріп-тұрғаны көңілге қонымды, күнделікті сабағын тиянақты оқып жүретін оқушыны ұстаз да, ата-ана да мақтаныш тұтады. Теледидардан, көргеннің бәріне еліктеуге, үйренуге болмайды. «Жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» - деген бар, сондықтан жақсы мен жаманның арасын ажырата білу керек. Батыстың мәнсіз музыкасын тыңдап, соған бой алдырып, еліріп қисаңдаған қыздардан не күтуге болады? Қазақтың әсем сазын, асқақ әуенін бағалап тыңдай білгенге не жетсін.

Қазақ халқы қызының жазылмас дертке ұшырамауы үшін, жаза қадам баспау үшін қыздарына мынадай он түрлі талап қойған:

- | | |
|-------------------------------|-----------------------------|
| 1. Әдепті; | 6. Сабырлы – салмақты болу; |
| 2. Ар-ожданы пәк болу; | 7. Адал, ақ жарқын болу; |
| 3. Кең пейіл, кешірімді болу; | 8. Моральді, мұратты болу; |
| 4. Мейір-шапағатты болу; | 9. Өжет, батыл болу; |
| 5. Ақыл-парасатты болу; | 10. Ұят, намысты болу. |

Инабатты қыз өсіру ниетімен тыйым сөздерін де пайдаланған, қызға 40 үйден тыйым болған:

1. Жарыса сөйлеуге тыйым.

2. Жалғыз қыдыруға тыйым.
3. Жыртақтап күліп, сыпсындап сөйлеуге тыйым.
4. Орынсыз ұрынуға тыйым:
5. Басқаларға қол тигізуге тыйым.
6. Өтірік өсекке тыйым
7. Суық жүріс, сумаң қылыққа тыйым.
8. Кісіге қарай керіліп, есінеуге тыйым.
9. Талтайып отыруға тыйым:
10. Шалқайып жатуға тыйым.
11. Тамақты обарлана асауға тыйым.
12. Ұрлық-қарлыққа тыйым.
13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге тыйым.
14. Бұраңдап қылымсуға тыйым.
15. Қызыл іңірде жатуға тыйым
16. Түске дейін ұйықтауға тыйым
17. Кісі алдында қасынуға, киім ауыстыруға тыйым
18. Салт-дәстүрден аттауға тыйым
19. Елді ғайбаттауға тыйым
20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға тыйым
21. Ішімдік пен шегімдікке тыйым
22. Ұрыс-керіске тыйым
23. Беттен алып, төске шабуға тыйым,
24. Қараулыққа, ысығандыққа тыйым
25. Рахымсыздық пен қатыгездікке тыйым
26. Түнде суға жалғыз баруға тыйым
27. Жат жыныстылармен араласып жатуға тыйым
28. Күйеуге қашып, тиюге тыйым
29. Әдепсіз сөзден тыйым
30. Тарс-тұрс жүріске тыйым
31. Адам мен жануарларды тебуге тыйым
32. Кісіні қорлап жәбірлеуге тыйым
33. Тәккәппарлық пен сайқымазақ жасануға тыйым
34. Айғай сүреңге тыйым
35. Шектен тыс сыланып, жасануға тыйым
36. Қызғаншақтық пен күншілдікке тыйым
37. Менмендік пен өзімшілдікке тыйым
38. Алдап- арбауға тыйым
39. Көрсеқызарлыққа тыйым
40. Нәпсі құмарлыққа тыйым.

Бұл тыйым сөздердің мағынасын түсініп, есте сақтау қажет. Айтылған өнегелі тыйым сөздер ұстаздардың, сынып жетекшілерінің үйреткен, ақыл-кеңес, білімі, ата-ананың берген тәрбиесі, бәрі-бәрі адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады. Қыз балалардың анасынан жасыратын еш нәрсесі болмау керек. Түсінбеген, өз басына кездескен кейбір жағдайларды ашып айтып, пікірлесу де адамдықтың белгісі.

Бүгінгі қыз балалар тәрбиесін қолға ала отырып, қоғам тәрбиесін түзейміз, қоғамда тәртіп орната отырып болашаққа жарқын жол салатынымызды ұмытпағанамызы жөн болар.

«Қызды тәрбиелегенің – бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген екен ата-бабамыз. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Біз қыз баланы тәрбиелеуде ұлттық тәрбие, ұлттық педагогика негіздерінен алшақтап кеткенбіз.

Атам заманнан келе жатқан салт-дәстүрдің қуанышы мол, қызықтысы – ұлын ұяға қондыру, қызын қияға ұшыру, бір сөзбен айтқанда қыз ұзатып, келін түсіру болған. «Алып анадан туады» дегенді түптей түсінген қазақ елінде ананы ардақтау, сыйлау, оның ішінде жаңа түскен жас келінді құрметтеу бұзылмас салт-дәстүрге айналған. Ұрпағымыздың бойына ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді сіңірсек, халқының әдеп-салтын жақсы білетін, ата-анасын сыйлайтын, ел үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеген боламыз. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) «Кімнің үш қызы болып, оларға дұрыс тәрбие берсе, маңдай терімен тапқанына киіндіріп бақса, олар (қыздарын тәрбиелеп өсіргені) сол үшін тозақ отынан қалқан болады», – деген. Бұл шынымен де қыз бала тәрбиесінің ата-анаға оңай түспейтіндігін дәлелдейді.

Қыз баланың ары мен абыройы, сыры мен сымбатын сақтауы, келешек өміріне даярлығы әрқайсысы өз алдына дербес тақырып. Халқымызда «бір ұл тәрбиелесең – бір әулетті тәрбиелегенің, бір қыз тәрбиелесең – бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген дана сөз бар. Әубәкір сынды үлкен ақын «Қыз бала – үйдің бояуы» деген екен. Сол кісінің айтқанындай қыз – әлемнің көркі әрі ұрпақ көбейтуші. Қыз баланың тәрбиесін ұлттық болмыстың барлық іргетасымен астастыратын халықтық қағиданы бүгінгі таңда біз де қалтқысыз ұстануымыз қажет. Оның болмысын биіктететін, тұлғалық ерекшеліктерін айқындайтын тәрбие мен ұлттық құндылықтарды айтар едім. Ана тілімізде «қыз» деген сөз бар. Ол – ең қасиетті де, құрметті сөз. Қасиетті болатыны – бүкіл адамзат әйелден тарайды:

қыз келін болады, анаға айналады, одан кейін әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді.

Қазақ халқы қыз баланың қадір-қасиеті мен қылығы ұлттың ұлылығын танытады деп халықтық болмыспен астастырған. Сондықтан қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, сол тәрбиені қалыптастырудың жолына барлық игі жақсылықты топтастырған. Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. «Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тыйым» жасайды. Осы тұста қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды. Бұл байланысты аталарымыз «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді» деп тұжырымдаған. Өйткені әке-шеше айта алмайтын сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс-бітімі мен тәрбиесінің басы-қасында аяулы жеңгелер жүреді. Ата-ана қызынан еш нәрсені аямайды. Оның ешнәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Өйткені «қызға бергенді қызыр өтейді» деп біледі. Сонымен бірге, қазекен қызды бетімен де жібермейді. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсіруді парыз санайды. Олардың ар-ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін еш уақыт ұмытпаған. «Қыз баққаннан қысырақ баққанның оңайлығын» жадынан шығармай баянды отанын тапқанша өзінің жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы құндыздай күтеді. «Күйеу жаман болса қызыңнан» деуінде үлкен мән бар. Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді.

Ал, қыз бала бойындағы ұлттық құндылықтар қалыптасуының негізі - бұрыннан-ақ ата-бабаларымыз бен ұлттың, елдің назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім, ниеттерден тұрады. Негізінде ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Сол себепті де қыз балаларымызға ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру - біздің ұрпақтан-ұрпаққа

жеткізетін асыл қазынамыз. Ол - болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Халықта «Қыз – өріс, ұл – қоныс» деген ата сөзі бар [26]. Ал, тәрбие тамыры - тереңде, халық қазынасында, оның қадір-қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы қыз балаларымыздың бойына сіңетіні даусыз. Қыз бала тәрбиесінде кешігу дегеніміз - мертігумен бірдей. Міне, осы ұлы сөзден аңғаруға болады, қыз баласына тәрбие беру дұрыс болмаса - бүтіндей бір ұлттың апатқа ұшырауы.

Қазақ халқының мақсаты – қыз балаларымызды әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін бойына сіңіре отырып, ұлттық құндылықтар: денсаулығы, әдептілік, қонақжайлылық, салт-дәстүрді білуі, ана тілін құрметтеуі, сөйлеу мәдениетін білуі, ақылды, адамгершілік, парасаттылық, имандылық т.б арқылы тәрбиелеу [27].

Қазақ отбасында әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді қыз балаларының құлағына құйып өсірген. Қазақ отбасында қыз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып үйреткен. Үнемі отбасында осылай тәрбие көрген қыз бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі қызына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, қыз балаларының бой жетіп өскенінде, болашақ - Ана болуға мақсат еткен.

«Ер адам әдепті болып үйренсе, бір адамның әдепті болып үйренгені. Әйел әдепті болып үйренсе, бір қауымның әдепті болып үйренгені». Әдептілік - ұлтымыздың қыз бала тәрбиесіндегі ең құнды-құндылық. Ұлтымыз әдептілікті қыз баланың бойына кішкентайынан сіңірген. Өйткені, бүгінгі бармақтай қыз бала - ертең бойжетеді, бүрсігүні - ана болады. Адамзатты осы анадан деп түсінген қазақ әдепті болуды ана арқылы қыздан бастаған. Жат жұрттық қыз баласының қолында бірнеше жыл ғана болатыны алдымен анаға ғана аян. Осы бір кезде ананың арқасына салынатын жүктің ауыр әрі ардақты екені белгілі.

6. ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫ ТАЗАЛЫҚҚА ҮЙРЕТІҢІЗ

Отбасындағы тіршілік пен үй шаруаларын тындыру әйел адамның міндетіне жүктеледі. Сондықтан аналарымыз қыз балаларды жастайынан оларды үйдегі тіршіліктің сыры мен мәніне қанықтырып, тазалық пен үй іші әдебін сақтауды үйретеді. «Қызы бар үйдің сәні бар» деп ұққан халқымыз қашанда қыздарына үйдегі тәртіп пен тазалықты талап етіп келген. «Қызы бар үй» өзге үйден ерекшеленіп тұруы керек секілді. Көршілер мен сырт көзге де солай. Үйінде бойжеткен қызы бар деп ол үйдің шаруасы тап тұйнақтай болуын күтеді. Әсіресе, ыдыс аяққа қатысты тазалық пен әдептіліктерді қыз балалары жақсы біліп өсуі тиіс. Халқымыз қашан да жақсыны ырымдап, әрекеттерінде қате қимылға бармауды назарда ұстаған. Соның бірі ас-су, тамақ қалдықтарын ашық тастамай жинап, бетін жауып жүруге үйретіп отырған. Жай ғана талап ететін болсақ жастар естен шығарып оған аса мән бермеуі мүмкін. Сондықтан, астың бетін ашық тастамаудың себептерін түсіндіріп тәрбиелейтін болсақ қыздарымыз оны жақсы қабылдайтын болады. Сондықтан, астың бетін ашық тастамай, ыдыс аяқты жуып болмай жатпау керектігін қыздарымызға ұқтыруымыз керек. Ол үшін астың бетін ашық тастамауға байланысты мына аңызды білу маңызды:

Ертеде бір кейуана болыпты. Ол аяғы ауыр әйелдердің босануына жәрдемдеседі екен. Әйелдер «қолы жеңіл» деп оның алдына жиі келеді екен.

Бір күні түн ортасында есігін біреу қағады. Кейуана есікті ашса, ешкім жоқ. Кемпір «қағыс естіген шығармын» деп, төсегіне қайтып келіп жатады. Бірақ оқиға дәл осылай екі рет қайталанады. Үшінші ретте есік алдында тұрған ақбоз атты кісіні көреді. Түр-тұрпаты бөлек, өзгеше екен. Жақын маңайдың кісілеріне ұқсамайды.

– Бір жас келіміз босана алмай жатыр, соған жәрдем берсеңіз, – дейді ол. Кемпір келісіп, жолға шығады.

– Апа, көзіңізді тарс жұмыңыз, біз белгі бергенше ашпаңыз. Әйтпесе, майып боласыз, – дейді. Кемпір көзін тарс жұмып отырады. Жолда гүрсілдеген, салдырлаған, оқыс дыбыстар шығып, зәресін ұшырады. Бір жерге жеткенде:

– Апа, көзіңізді ашыңыз, – деген дауыс естіледі. Қараса, бір

үйге келіпті. Төрде жас келіншек босана алмай қиналып жатыр екен. Кемпір оны аман-есен босандырып алады. Нәрестенің кіндігін кесіп:

– Баланы, шомылдыратын су әкеліңдер, – дейді. Өзін ертіп әкелген кісі: «Қазір», – дейді де, біраз уақытқа жоғалып кетеді. Сәлден кейін су емес бір шара сүт әкеледі. Кемпір түсінбей таңғалады. Баланы шомылдырып жатып қараса, шара көршісінің сүт құятын ыдысына ұқсайды екен. Кемпір секем алып қалады. Басқаларға білдірмей, сақинасын сүтке салып жібереді. Бәрі біткен соң, олар нәрестені шомылдырған сүт пен тостақты қайтадан алып кетеді.

Үй иелері оған мол сый-сияпат беріп, үйіне әкеліп тастайды. Кемпір таң атқанша көз ілмейді.

Ертесіне түндегі шараны тексеру үшін көрші үйге барады. Таныс ыдыс көзіне оттай басылады. Ішінде сүт тұр екен. Ол сүтті сүзіп, сақинасын тауып алады. Сол кезде барып, түндегі бейтаныс кісілердің жын-пері екенін түсінеді. Көршісіне болған жайды баяндап, сүтке жын баласының шомылғанын айтады да, сүтті адам аяғы баспайтын жерге төктіреді.

Көрші үйдің келіні бұрыннан салақ еді. Ырым-тыйым талаптарға жеңіл қарайтын. Майлықтары, жаулықтары айлап-апталап жуылмайтын. Кешкі астан соң ыдыс-аяғын жууға ерініп жата салатын. Үйдегі ас-ауқаттың бетін бүркеп жатуға да ерінетін. Сол күні түнде сүттің бетін жаппастан жатып қалыпты. Оның ашық-шашық ыдыстарын жын-жыбырлар жалап кетеді екен. Соның кесірінен үйінің берекесі қашып, байы еселеп мал тапса да, бақуатты өмір сүрмейтін.

Осыған байланысты ел ішінде түнге қарай сүт пен суды, ас-ауқатты ашық тастамау, ыдыс-аяқты жуып жату туралы ырым-талаптар көбейген екен. Міне, сондықтан да қыздарымызға ыдыс аяқты таза ұстау мен тамақтың бетін ашық тастамай жауып жүруді түсіндіріп, әдетке айналдыруымыз керек.

Сонымен қатар, қыздарымызға ыдыстарды таза ұстаумен қатар, оларды бүтін, жарылмаған, шеті ұшып сынбаған етіп ұқыпты ұстауын қадағалап ескертіп отыруымыз керек. Себебі, қонақ келгенде шай ұсынатын ыдыстарыңыз тазалығымен тартымды болуымен қатар, әдемілігімен де тартымды болуы шарт. Әдемі ыдыстармен ас ішкенде адамның көңіл күйі жадырап, тәбеті ашыла

түседі. Екінші жағынан, сынық немесе жарылған ыдыстармен ас ішудің қазақ халқында ырымдық та мәні бар. Келген қонаққа сынық ыдыспен ас ұсынсаңыз «Жүзің сынық болсын» деген ниетпен берді деп өкпелеген. Сондықтан, мұндай ырымдарды ескере отырып қыздарымыз бен жас келіндерімізді әдептілік пен эстетикалық талғамдылыққа баулыған. Үй іші шаруаларын орындағанда қыздарымыз кір жуу талаптарын да білгені абзал. Қазақ ырымға сенген және оған мән берген халық. Ер азамат пен әйел баласының болмысымен қатар, олардың тұтынатын заттарын да ерекшелеп пайдаланған. Әйел баласының ер азаматының киімін ұқыпты ұстауға үйренуімен қатар, оны жуып тазалауында да ырымдық жоралғылар бар екенін білгеніміз артық болмайды. Үй іші заттарын жуғанда кір жуғыш мәшинеге әртүрлі бұйымдарды араластырып салмай, сүлгілер мен киімдерді бөлек, ер кісінің киімі мен әйел кісінің киімдерін бөлек жуған дұрыс. Көптеген отбасыларында ер азаматтың киімін ерекшелеп алып, өз алдына бөлек жууды әдетке айналдарған. Оның да өз себебі бар көрінеді. Мына бір әңгімені назарларыңызға ұсынайық:

XVIII ғасырда Қазақстанның батыс өңірінде Есенгелді деген кісі өмір сүрген екен. Ол жеті атасынан келе жатқан бақуатты, малжаны мыңғырған өте бай адам болыпты. Болыс болып, ел де билеген адам екен. Оның тоқалынан Бекей деген ұлы болыпты. Бекей орысша сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу жігіт екен. Бірақ байдың бәйбішесінен туған басқа ұлдары оның осындай ел ішіндегі беделі мен абыройын көре алмай, әкесін ұлына қарсы қойып айдап салады. Оған: «Балаңыз атадан қалған дәулетті бей-берекет шашып жүр. Ел-жұртқа бізді абыройсыз қылып бітті», - деп жамандайды. Балаларының сөзіне иланып қалған Есенгелді:

-Олай болса, маған қандай ақыл бересіңдер?-деп сұрайды.

-Ондай баланың барынан жоғы. Тез құтылғаныңыз жөн, - деп азғырады. Зұлымдардың тіліне ерген бай Бекейді мерт қылады.

Бұл оқиға кейін барлық жерге әшкере болады. Байдың келіні өте есті жан екен. Әкесінің өз ұлының түбіне жеткендігін дәлелдеп, қазы-билердің алдына барады. Бай баласын өлтіргенін мойындап, өкінішін білдіреді. Даудың соңы құнға кеп тірелгенде өжет әйел:

-Еріме құт болмаған дәулет маған да бақыт бермейді. Бір ғана тілегім бар. Қайын атамның жеті атасынан бері келе жатқан құндыз жағалы тоны төрінде ілініп тұр. Соны бір аттап өтем. Басқа

талабым жоқ,- депті. Келіннің өтініші орындалады. Кейіннен көп ұзамай Есенгелді бір жұтта төрт түлік малынан тегіс айырылып, таяқ ұстап қалады. Киелі киімі аяққа тапталғандықтан, байдың бағы тайыпты. Ақыры Есенгелді жоқшылықта, қайыр тілеп жүріп өлген екен. Осы жағдай киімнің де құты болатындығын, оны басқанда киесі кетіп, шаңырақтан бақтың ұшатынын көрсетеді. Сондықтан, әйел адам ер кісінің киімін астына басса, оның басынан бағы таяды деген сенім қалыптасқан екен.

Міне, қыз балаларымызды болашақ отбасы өміріне тәрбиелегенде осынай ер адамның киміне қатысты мәселелерді ескертіп, есіне салып отыру артық болмас.

7. ОТБАСЫНДАҒЫ ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНЕ ӘКЕНІҢ ДЕ ҚАТЫСУЫНА КӨҢІЛ БӨЛҢІЗ

Біз отбасындағы ұрпақ тәрбиесіне ана жауапты деп көп айтамыз. Әйтсе де, отбасындағы барлық болып жатқан құбылыстардың нәтижесі мен салдарына әке жауап береді. Әке тәрбиесі баланы материалдық тұрғыда қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Қыз баланың дамуында, қоғамның толыққанды азаматы болып жетілуінде анасының бере алмайтынын әкесі бере алады. Жақсы тәрбие әке мен ананың бірдей атсалысуынан қалыптасады. Өйткені, 3 жасқа жеткенде қыз ер адам мен әйелдің айырмашылығын біле бастайды. Осы уақытта қыз балада әйел затына тән қылықтар мен әдеттер дамиды. Анасынан гөрі, әкесінің жанында өзін еркін, «ханшайымдай» сезінеді, тек әке ғана қызының нәзіктігі мен сүйкімділігін қалыптастыра алады.

Психологтардың айтуынша, аналар балаларының жынысына мән бермейді, олар үшін бәрі бауыр еті баласы. Ал, әкелер алғашқы күннен-ақ сәбиін ұл немесе қыз ретінде қабылдайды. Сондықтан анасы мен әкесі бар толыққанды отбасыларында қыздарға тән нәзіктік, биязылық пен ұяңдық ертерек дамиды.

Әкенің қыз тәрбиесіндегі алар орны да ерекше. Қыздың дамуы, болашақ жарымен қарым-қатынасы, отбасылық өмірдегі жетістігі мен өзін-өзі танытуы дәл осы әкенің қызына деген қарым-қатынасына байланысты қалыптасып, көрініс береді. Қыздар болашақ жарын әкесінің қасиеттері мен тұлғалық сапаларына қарап

таңдайды, әкесіне ұқсағанын қалайды. Қызына жылы сөйлеп, үнемі мақтап отыратын әке қыздың өзін-өзі бағалап, үлкен жетістіктерге жетуіне, дұрыс жолды таңдауына себепкер болады.

Ал, «Қызды қырық үйден тый» деп жөнсіз дәрекілік танытып, кемсітіп, ұрсу қыздың жігерін жасытып, тұлға болып, болашақтағы әйел болып қалыптасуына кедергі келтіреді.

Қыз балаларының бойындағы кемшіліктеріне ескерту жасағанда да «қызым, оның дұрыс болмайды», «қыз балаға ол қылық жараспайды» деген сияқты сыпайы түрде айтқан жөн. Қыз балаларды балиғат жасқа толғанда тым еркелетіп, айтқанын екі етпей орындай беру де қыз балаларын теріс қылықтарға жетелейді. Анасы қызын үй шаруасына баулып, ертеңгі күні бір үйдің келіні болатынын, ана болатынын үнемі есіне салып айтып отырса, ал, әкесі өмірдің басқа да жалпы түсініктерін қалыптастыра отырып, болашақ өмірге дайындауды мақсат тұтса қыз тәрбиесі дұрыс болады.

Қызымен бірлесіп ойындар ойнау, логикалық есептер шешу, сабағын бірлесіп оқу – қыздың дамуындағы маңызды сәттер. Мейірімділік таныту, көмек сұраған сәттерінде қол ұшын беріп, ақылын айту – әкенің міндеті. Өзі отбасын құрған кезде де жұбайына балаларымен осылай қарым-қатынаста болуының қажеттілігіне кеңес береді. Отбасы өмірі мен қызметтерін дұрыс бөлуге қабілетті болады. Қыз отбасында не көрсе соны болашақ ұясында жасайтынын естен шығармаңыз.

Қазіргі таңда өкінішке орай, жалғызбасты аналарымыз көп. Олар балаларын асырап бағуды да, тәрбие беруді де, әрі әкесі әрі анасы болуды да өз мойындарына алған. «Өзім-ақ, әкесіз-ақ өсіремін» деу, әрине үлкен қателік. Әке тәрбиесін, әкенің орнын ешкім де баса алмасы анық. Ұл мен қыз тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Кейбір ер азаматтар бала тәрбиесіне олар есейгенде ғана араласқаным дұрыс, ал сәбиі жыласа жұбатып, қарны ашса тамақтандырып, жөргегін ауыстыру – тек әйелдің міндеті деп ойлайды. Ал кейбіреулері тіпті «балаларымен әурелену» олардың «еркек» деген атына нұқсан келеді деп ойлайды. Шындығына келсек, бала өмірінің бірінші жылында-ақ анасын әкесінен, ал әкесін өзге ер адамдардан ажырата біледі. Баланың әкесі мен анасына деген қарым-қатынасы екі түрлі болады. Осы алғашқы жылында әке баланың жанында көп болып,

тәрбиесі мен қамқорлығына көп мән берсе екеуінің арасында тығыз психологиялық байланыс орнайды. Ал бұл сәбидің болашақ дұрыс мінезін қалыптастыруына алғашқы қадам болмақ.

Әкесі баласын анасының ұрысқанынан, жәбірлегенінен қалай қорғаса, шектен тыс еркелетіп, тым есіртіп жіберуінен де солай сақтауы керек. Аналар балаларына «ол болмайды», «оған тиіспе», «ол дұрыс емес» деп шектеуді көп қояды. Ал әкелер баласын еркіндік бере отырып, шектен шығып кетпеуін қадағалайды. Осылайша ненің дұрыс ненің бұрыс екенін өз көзімен көріп тәжірибе жасап өскен бала, өзін және өзінің іс-әрекетін сырттай бақылап, баға бере біледі, кез-келген жағдайда дұрыс шешім қабылдай алатын болады.


Әкеміз, үнемі біздің еш қиындықсыз, ешнәрседен тарылмай бақытты өмір сүруіміз үшін талмай еңбектенеді. Шаршаса да балаларын ойлағанда барлық қиындықтарды ұмытып кетері сөзсіз. Үнемі еңбектену үстінде жүрсе де, балаларының тәрбиесі жөнінде еш ұмытқан емес. Бір айтқан ақылы, үнемі санаңда жүреді. Ұл бала тәрбиесінде қаншалықты орын алатындығы, айтпаса да түсінікті. Ал қыз бала тәрбиесінде ананың айтқан ақылымен бірге, әкенің берген тәлімінің маңызы зор. Әкеміз, үнемі қыз баласын еркелетіп, алақанына салып өсіреді. Ешқашан зекіп сөйлемей, ақылмен немесе еркелете отырып барлығын түсіндіреді. Ешкімнің ала жібін аттамай, тек шыншыл болуға тәрбиелейді. Қыз баланы ержүректілікке, өжеттілік, сабырлыққа үйретеді. Әкеміз, қыздарының ибалы, өнегелі, салмақты болып өскенін қалайды. Қыз баланың ибалылығы - әке тәрбиесінің айнасы.

«Кез-келген отбасында ата-анасы қыздарына әрдайым, тәрбиелі, салмақты, ақылды бол» деп үнемі санасына сіңдіріп отырады. Ана мен әкенің сөзін тыңдай білген бала да, тәрбиелі болып өседі. Тәрбие басы қашан да әдептілік болғандықтан, ата-аналарымыз әуелі балаларына өздерін құрметтеуді, сыйластық көрсетуді үйретеді. Еліміздің болашағы, келешек ұрпақтың тәрбиесіне байланысты. «Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген сөздің астарына мән берер болсақ, қазақи салт-дәстүрімізді ұмыт қалдырмауда қыз баланың алған тәрбиесі маңызды. Халқымыз қыз баланы қонақ деп есептеген. Әкеміз аялы алақанында еркелетіп өсірсе де, үнемі қадағалап отырады. Сондықтан, әкеміз бен анамыз қыздарының қылықты, парасатты

болып өскенін қалайды. Отбасында әкенің мінезі, сөйлеген сөздері, өмірлік ұстанымы, ақыл-парасаты баланың көз алдындағы үлгі-өнеге. Қыз бала әрдайым әке сүйіспеншілігін іздеп тұрады. Әкеміз бізді қанша еркелетсе де, жеткіліксіз сияқты көрінеді. Міне, сол себепті де әкеміз- біздің ең мықты қорғанымыз. Әкесінің жанында, кез-келген қыз баласы, өздерін ханшайымдай сезінеді. Сол арқылы қыз бала тән нәзіктік, сыпайылықты бойына сіңіреді. Терең ойлы ақылын айтып, кішкентай ғана жеңісімізге немесе жетістігімізге мақтау айтатын да әкеміз. Бұл қыз баланың өзін-өзі бағалай біліп, алдыға қарай талпынып, дұрыс жол таңдай білуіне себепкер болады. Бұл тұста «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөзде бар. Қыз бала үшін әрбір маңызды ережені есінен шығармауда, ананың ақылы мен әкенің мысы басым болуы керек. Яғни, анамыз ақылмен санамызға жеткізсе, әкеміздің қас-қабағынан-ақ ісіміздің дұрыс, не бұрыстығын аңғара білуіміз қажет. Әке қызын өсіргенде оған сүйіспеншілік көрсетіп, өзіне жақын ұстай алса, болашақта өз-өзіне сенімі мол, аяғын нық басатын қыз болып қалыптасады. Баяғының білімпазы Ибн Фахруддин: «Әйелдері тәрбиелі болған халық тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық тәрбиесіз. Әйелдері үнемшіл, пысық, жігерлі, талапты болса, халық бай; ал жалқау, салақ немесе ысырапшыл болса, халық пақыр, кедей болады», – деп бекер айтпаса керек. Әке – баланың идеалы, қай жағынан алса да үлгі тұтар жалғыз адамы. Отбасының басшысы әке екенін анасы «әкең ұрсады», «әкеңнің ашуы жаман» деу арқылы әкеден қорқуға емес, сыйлауға, «әке» абыройын сақтауға өз үлесін қосуы керек. Ал, әкесі балаларына бұйырып, жекіп емес, дұрыс ақыл-кеңес беріп, сырласы бола білуі тиіс. Шектен тыс қаталдық танытып, шеттете берсе бала қорқақ, жалтақ болып өседі. Бала әкем меннен күшті, сондықтан айтқанын екі етпеуім керек деген ұғыммен емес, дұрыс жол көрсетуші, ақыл айтып, қорғаушы, қамқоршы жақын адам болғандықтан айтқандарын тыңдауым керек деп өскен бала өзінің болашақ отбасында осы іс-әрекеттерді қайталай отырып, өзінің балаларына да дұрыс тәрбие бере алатын болады. Сондықтан, әке баласының дене дамуы жағынан да, рухани тұрғыдан да мықты болып өсуіне көп мән беруі керек. Сондай-ақ, ұқыптылық, адалдық, мейірімділік, өзгелерге жақсылық жасау сияқты адами қасиеттерді әңгіме, ұзынсонар ақыл ғып айтып емес, әке өзінің іс-әрекетімен көрсетуі тиіс. Балапан ұяда не көрсе,

ұшқанда соны ілетінін ұмытпағанымыз жөн.

Еліміз қыздың тәлім-тәрбиесінің дұрыс болуы әр елдің тағдырындағы үлкен тұтқасы деп қараған. Сондықтан қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, сол қыз баласының бойына тәрбие арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың жолында игі жақсыны топтастыра білген. Қазақ ұлтында ескіден қыз баланың орнын ерекше қараған. Қызына тәрбие беру барысында барлық нәрсеге мән берген. Оларды төмендегідей етіп көрсеттік.



Сурет 1 - Қазақ қыз бала тәрбиесінің көздері

Қазақ халқы қыз бала мүшел жасқа жақындағанда: «Ұлдың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – анаға», - деп баланы – әке, ал қызды - анасы өз қарауларына бөліп алады. Бұлай бөліп тәрбиелеудің өзінде үлкен мән мен тәрбие жатыр. Себебі екеу: бірі - осыған дейін сыртта да, үйде де бірге ойнайтын қыз - өз-өзінен ұлдардан бөлініп, анасына бейімделеді. Бірі – қазақта қыз балаға әкенің ақырмауы, қол тигізбеуі – жылжымайтын, өзгермейтін заң болып табылады. Себебі, осындай қарым-қатынасты дұрыс қалыптастырып отыратын – ана болып табылады. Ол - қыз бала өміріндегі алғашқы, ең маңызды және рөлі жоғары тәрбиешісі болып табылады. Қыз ес білген кезден бастап - қыздың қылығы үйде. Оған анасы баса қарайды. Әйел - қыз бала тәрбиесінде ағаттық кетуіне жол бермеуі керек. Себебі, қыз деген қисық бұтаққа ұқсайды, дұрыс емес бітсе

түзете алмайсың, керісінше сындырып аласың. Сол себепті қызды қымтап ұстап отырған. Әйелдің бұл ұлы міндетінен ағат кетпеуін отбасы бақылайды. Егер қателік жіберсе, өткен қателік үшін әке - қызды емес, анасын жазалауға абден ақылы. Бұл үшін ең алдымен ерлі-зайыптылар сыйласымды, салауатты болуы шарт. Егерде осылардың өзінен жаза басса, баланың «үйренгенім үйдегіге» жалт кетуі оп-оңай.

Қазақ - ұлттық құндылықтарын бойына сіңіруді алдымен қыз балаға тәрбие барысында үйретуден бастаған. Өйткені, бүгінгі бармақтай қыз бала - ертең бойжетеді, бүрсігүні ана, кейін құрметті әже атанады.

Сонымен қатар қыз бала тәрбиесінде араласатын қоңсы-көршілерінің жақсы адамдар болуын да қалт жібермеген. Жас бұтақ ағашқа қарап өскені сияқты, жас өскелең ұрпақ айналасындағы адамдарға қарап өседі. Бірақ, ол адам қандай тәрбие бере алады деген терең ойда қыз өсіріп жатқан кісі «Қызың жақсы болсын десең – қылықтылармен көрші бол» дейтін халықтың дөп басып айтып кеткен даналығын естен шығармаған.

Аналар - қыздарының әрбір әрекетіне қатты мән берген. Себебі, оның өзінде үлкен тәрбие жатыр. «Бір тізерлеп отыр, үнемі «сіз», «біз» деп сөйле, тасыр мінез, кеселі сөзден аулақ бол, кісі бетіне, әсіресе ер адамдардың бетіне тіке қарама, үлкенді сыйла, ересек кісілердің жолын кеспе, үлкен адамдар келгенде тұрып жол беріп, сәлемдесу керектігін, үлкен кісілер арасында отырғанда білермендік істемеу, сөзге қыстырылмау «шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без» дейтін халық даналығын есте берік сақтауға тәрбиелеуді, көп ортасында жыртақтап күлмеу, арының тазалығын сақтауды, ата-анаға қарсы шықпауды жіті түсіндіріп тәлім-тәрбие беруді қатаң қадағалаған.

Біз, қазақ халқы - текті халықпыз. Өткенге көз жүгіртер болсақ, көптеген адам нанғысыз қиыншылықтарды бастан өткердік. Бірақ, сондай қиын кезеңдерді бастан өткеріп жатқан кезде де ұлын - ұлықты, қызын - ұятты, арлы етіп тәрбиелей білген.

8. ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕ ЫРЫМДАР МЕН ТЫЙЫМДАРДЫ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Қыз балаларды болашақ отбасы өмірінде керегі болар деген оймен аналары отбасы тіршілігінде ескеріп жүрер ырымдарды да айтып түсіндіріп отырғаны дұрыс. Қыздарымыз отбасы тіршілігі мен жеке әрекеттерінде халық арасында қалыптасқан сенімдер мен ырымдарды біле жүргені дұрыс. Олар мыналар:

Кірдің суын әдетте адам баспайтын жерге апарып төгеді. Мұндай суды басып өту – жаманшылықты үйге алып келу, себебі «жаман нәрсенің бәрі кір сумен кетеді».

Ырым бойынша, қонаққа келген қызды әдетте үлкендер мен құрметті адамдар отыратын орынға отырғызу керек, әйтпесе «сол үйдің иесінің басына бақытсыздық орнайды».

Жолда кездескен жолаушыға «Қайда барасың» деген сұрақ қойылмайды. Оған сәлем беріп, жолы болсын айту керек, сонда оның өзі әңгіме барысында қайда бара жатқанын айтуы мүмкін.

Бас киімді тебу, лақтыру және теріс кию жаман ырым. Халық «адамның бар жақсылығы маңдайына жазулы тұрады» деп, киімдердің ішінде бас киімге ерекше мән берген: оны ұқыпты әрі таза ұстау қажет. Бас киімді құрметті орынға іліп қояды.

Кәмелетке толғанға дейін қыздың ақ және қара түсті орамал тартуына болмайды, себебі халықта алғашқысы тұрмысқа шығудың (жас келіндердің басына тартқан), ал екіншісі қайғы-қасіреттің белгісі.

Қыздар ерлерге арналып пішілген киімдерді немесе ер адамның киімін кимейді – жаман ырым.

Жерге түсіп қалған киімнің жағасын басуға болмайды – жаман ырым. Киіміңді киер алданда қағып-сілкіп ал – бұл жақсы ырым, оның үстіне киімге жұққан шаң мен жәндіктер түсіп қалады.

Киімді кигенде оң қолдан бастайды, шешкенде сол қолдан бастайды.

Аяқ киімді төңкеріп қоюға, ал киген киімді оңы мен солын ауыстыруға болмайды.

Таңғы асты ішпей жұмысқа аттануға болмайды. Жоқ дегенде бір үзім нан жеп кету керек. Қазақтардың «Айып етпеңіз, асығыспын, наннан ғана ауыз тиейін», «Тым құрыса нан ауыз тисеңізші!» деп жататыны осыдан шықса керек.

Нанды төңкеріп қою да жаман ырым. Нан – қасиетті тағам. Нанмен ойнауға болмайды. Нанды бір қолмен үзіп алуға болмайды – қолы жоқ мүгедек қана осылай істейді.

Нанды жерге тастау, лақтыру, аяқпен басуға болмайды. Дастархан жасағанда ең бірінші нанды әкеліп қояды. Бір жерде нан түсіп қалғанын байқасаң – көтеріп алып биіктеу жерге қой (тым болмаса ағаштың бұтағына қой – құстарға азық болсын).

Құрамында мыс немесе қола бар ыдысты пайдалануға болмайды, ішіндегі тамақ бұзылып кетеді.

Тамақ құйылған ыдыстың бетін ашық қалдыруға, ал қазанды төңкеріп қоюға болмайды, себебі «тылсым күштер тамақты бүлдіреді немесе қазанның астына тығылып, арамдап тастайды».

Тамақ немесе ішетін су құйылған ыдысқа әртүрлі зиянды жәндіктер түсіп кетпеу үшін, бетін әрдайым қақпақпен жауып қою қажет.

Иелері қазанды төңкерілген күйінде қалдырса, «үйдің құт-берекесін қашырғаны». Осы ырымға сүйеніп, жаңа ғана тамақ ішкен ыдысты да төңкеріп қоймайды.

Қонақтарға жарылған, кетік ыдыспен шай құйып беру – сыйламаудың белгісі.

Егер тамақ ішіп отырғанда біреу байқамай ыдысын қолынан түсіріп, сындырып алса, отырғандар мұны «шайтанның ісі» деп санаған.

Қандай да бір сәлем-сауқыт салып әкелген көршілердің ыдысын бос қайтаруға болмайды – бұл тәрбиесіздіктің белгісі болады.

Ыдыстағы суды ішердің алдында беткі жағын аздап төгіп тастайды, өйткені судың бетінде зиянды микробтар жүзіп жүруі, шаң қонуы мүмкін.

Қыз тәрбиелеп отырған аналар мынадай өсиеттер мен сенімдерді ескергені абзал:

Қыз тәрбиесі оның анасын таңдаудан басталады;

Әлдің әдемі әңгімеге ұлассын десең, ізгі аналарды үлгі етіп қиссаларды айт;

Үйге келсең, сыйлықты ең алдымен қызыңа бер;

Бақытты болуды армандасаң(қаласаң), қызыңды жақсы жар болуға тәрбиеле;

Қыз тәрбиесін теледидарға тапсырма;

Қызыңның жатар орны ұлдардан бөлек болсын;
Асыл тас ашық болса оны ұрлағысы келетіндер көбейеді,
қызың ашық болса, оны қорлағысы келетіндер көбейеді;
Ана деген бір мектеп, оны дұрыс таңдаған салихалы ұрпақтың
иесі болады. Өйткені, ана көрген тон пішеді.
Қызың өссе, қызы тәрбиелімен ауылдас бол. Өйткені оның
жолы жіңішке, тәрбиесі нәзік;
Ата-ананың әр сөзі қыз тәрбиесінің кірпіші екенін ұмытпа;
Тәлім тағылымды болу үшін, ұстаз ұлағатты болуы керек;
Ана жақсылығын ауырсаң білесің;
Ағайын алтау, ана біреу.
Әйел адам ақырын сөйлер болар;
Әйел адам еркекке қарсы қарап отырмас болар;
Әйел адам етегін жауып отырар болар;
Еркектің бес қаруына әйел адам тиіспес болар;
Ер адамды әйел түртіп оятпас болар;
Жүйрік атқа әйел адам мінбес болар;
Әйел адам «жоқ» деген сөзді айтпас болар;
Әйел адам ер адамның қайда баратынын сұрамас болар;
Әйелге жалаңбас жүруге болмайды;
Әйелге жолаушының жолын кесіп өтуге болмайды;
Әйелге ер адамның алдын кесіп өтуге болмайды;
Күйеуіңнен бұрын жатпа;
Күйеуіңнің ірге жағына жатпа;
Ата-енеңнің, қайнағаңның атын атама;
Ата-енеңнің, қайнағаңның жатқан жеріне жатпа;
Ата-енеңнің, қайнағаңның төсегіне отырма, төсегін басып өтпе.
Міне, осындай аналар мен қыз балалардың іс-әрекеттері мен
өзгелермен қарым-қатынастарында ескере жүретін ырымдары мен
тыйымдары бар екенін естен шығармауымыз керек.

9. ҚЫЗ БАЛАЛАРҒА АТА-ЕНЕЛЕРІМЕН БІРГЕ ТҮРҒАННЫҢ ПАЙДАЛЫ ЖАҚТАРЫН ТҮСІНДІРІҢІЗ

Қазіргі таңда қыз балалары тұрмысқа шығарда жігіттің ата-анасымен бірге тұрғанды ұната бермейді. Тіпті, өз балаларының тәрбиесімен де айналысқанды қалай бермейді, бала күтуші және сабағына көмектесуші адамдарды жалдап, мәселені шешеміз деп ойлайды. Ондай көзқарастың қалыптасуына қоғамның бүгінгі дамуында біздің еуропалық бағытты ұстанғандығымыз әсерін тигізіп отыр. Зайырлы мемлекет болдық деп табиғатымызға тән шығыстық тәрбие дәстүрлерін ұстанудың орнына табиғатымызға жат батыс мәдениетіне отбасы тәрбиесінде басымдық бердік. Нәтижеде қазақ отбасының бейнесі, тәрбие болмысы кдәуір өзгерді. Оған мынадай бірнеше белгілер тән:

-біріншіден, жас отбасыларының 50-70%-ға жуығы ата аналарынан бөлек жеке тұрғысы келетіндігін айтады. Бұл отбасындағы тәрбиенің ұйымдастырылуына екі жақты ықпал етеді. Біріншіден, жас отау иелері ерте өзбетінше өмір сүруге бейімделсе, екіншіден, отбасындағы ұрпақтар сабақтастығы үзіледі. Отбасындағы ересектер немере қызығынан шектеліп, жас отбасылары бала күтімі мен отбасы өмірін дәстүрлі тұрғыда ұйымдастыру бойынша көмек алудан шектеледі. Шын мәнісінде халқымызда отбасы тәрбиесі ұрпақтар сабақтастығы негізінде жалғасын туып келген. «Қариясы бардың қазынасы бар» деп ұққан халқымыз ересектер кеңесіне мұқтаж болған. Жас отау иелерін отбасылық қарым-қатынас пен бала күтіміне байланысты әртүрлі дәстүрлер мен талаптарға үйретіп отырған. Тіпті болмағанда отбасылық өмірге баулып, кейіннен еншісін беріп бөлек шығарған. Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесі бір шаңырақтың астында өмір сүретін бірнеше ұрпақтың өзара ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылатын тамаша ұрпақтар сабақтастығы арқылы жүзеге асырылып отырған. Оған мынадай мысал дәлел: «Өзінің маңдай терімен тапқан еңбек ақысын үшке бөліп отырған бір кісіден оның мән жайын сұрағанда, ол: «Бір бөлігін қарызыма берем, ал, екінші бөлігін қарызға берем, үшінші бөлігі ғана өзімдікі» деп жауап беген екен. Бұл мысалдың астарында қазақ халқының тарихи дамуында қалыптасқан өмір салтының көрінісі жатыр. Үш ұрпақтың: «ата - әке-бала» арасындағы қарым-қатынастың біртұтастығы мен тәрбиелік өнеге сабақтастығы арқылы отбасы тәрбиесінің тиімді түрде іске асуы сипатталып тұр.

- бүгінгі отбасына тән тағы бір ерекшелік, отбасыишілік қарым-қатынаста демократиялық және эголитарлық үрдіс белсенді байқалуында. Яғни мұндағы қарым-қатынаста ерлі-зайыптылардың ата-аналар мен балалардың бір-бірінің алдындағы міндеттерінен көрі, автономиялық құқықтары, мен бостандығы басым көрінеді. Мұнда дәстүрлі отбасыларына қарағанда демократиялық отбасыларындағы ерлі-зайыптылар бір-біріне моральдық-психологиялық тұрғыда талаптарды (өзара түсінісу, көңіл аудару сыйлау, қамқорлық көрсету, қолдау, шыдамдылық таныту секілді) жоғары қояды.

- отбасы дамуына тән тағы бір ерекшелік ажырасу фактілерінің үйреншікті құбылысқа айналуы. Ұлттық болмысымызға тән тәрбиенің халықтық сипат алуы күшін жойып, қоғамдық пікір бойынша да ажырасу құбылысы проблемадан шығудың бір жолы ретінде қарастырылуымен байқалады. Нәтижеде, жалғыз басты аналар, толық емес отбасылары және т.б. типтері көбейіп барады.

- бүгінгі отбасы тәрбиесіне тән тағы бір ерекшелік отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас пен өзара мейірімділіктің жеткіліксіздігі. Ата-аналар күні бойы үйде болмағандықтан, бала тәрбиесі назардан тыс қалады. Ата-ана мейірімі ақшалай, заттай, материалдық қамтамасыз етумен толықтырылуда. Мұндай отбасыларының тәрбиелік мүмкіндігі төмен болады. Осы орайда біз «Бала отбасындағы мейірімділіктің аздығынан ғана зардап шекпейді, оның ұшан теңіз молдығынан да зардап шегеді» деген қағидасын естен шығармауымыз керек. Себебі, мейірімділікті аз көрген бала жасық, тұйық, ұяң, өзіне сенімсіз т.б. өссе, мейірімділікті молынан көрген бала жалқау, өзімшіл, тақаппар, т.б. болып өседі. Сондықтан тең ортасын ұстау керек.

Дәстүрлі қазақ отбасы тәрбиесінің нәтижесінде ешқашан тастанды бала, қараусыз ата-ана болмаған, сонымен қатар, есікке құлып салынбаған, қарауыл да болмаған, тәрбие нәтижесі жоғары көрсеткішті берген. Себебі, халқымыз әрбір адамды ар ождан таразысы тұрғысында тәрбиелеп келген. Ешкім көрмесе де, естімесе де бақылаушы күштің бар екендігіне сендіріп, ар тазалығын қалыптастырған. Бұның дәлелі, «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп мал дүние адам игілігі үшін, ал ар намыс адам жанынан да асыл қасиет екендігін ұқтырған. Сондықтан, бүгінгі отбасы тәрбиесінде қыздарымызға ата-енелерімен бірге тұру арқылы отбасылық өмірдің қыр-сырын үйреніп барып бөлек шығуға болатынын түсіндіру керек.

10. ҚЫЗДАРЫҢЫЗДЫ БОЛАШАҚ АНА БОЛУҒА ДАЯРЛАҢЫЗ

Қазақ халқының дәстүрлерінде әйел адамның еріне дауыс көтермеуі, ерінің алдына шығып жүрмеуі, оның қас-қабағына қарап сөйлеуі мен ерін басына көтере құрметтеуі асыл дініміздің бұйырған амалдарынан болып табылады. Ер адам да жұбайына жұмсақ мінез танытып, әрдайым көркем мәміледе болуы тиіс. Өйткені әйел-ер азаматтың өмірлік адал жары, қуанышта да қайғыда да қасынан табылатын сүйеніш жұбы. Ата-бабаларымыз әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербеткен абзал жан, асыл ана деп бағалаған. Ері отбасын асырау қамымен уақыттың көп бөлігінде сыртта жүруіне байланысты әйелдің ең маңызды да жауапты жұмысы отбасындағы балаларын дұрыс тәрбиелеп, бойына ізгі қасиеттерді сіңіріп өсіруі болып табылады. Ол үшін ананың өзі тәрбиелі, көрегенді болуы керек. Түркі халықтары «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады», - деп бала тәрбиесіне ең жауапты өз әке-шешесі екенін айтқан. Қыздар ұлттың аналары. Қыз бала-болашақ ана. Барлық тәлім-тәрбие, мінез-құлық, жан сұлулығы мен рухани байлықтың бәрі ана сүтімен беріледі. Ежелден ата-бабамыз қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. «Қыз жат жұрттық...» деп әкесі қызына ерекше көңіл бөледі, ал шешесі жат үйдің табалдырығына барғанда сыпайы, көрегенді келін болғанын қалайды. Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деп бекерден-бекер айтпаған.

Бүгінгі жаһандану заманында сыртқы әсерлер мен өзге ақпарат, сондай-ақ, тәрбие көзінің көбейгені сөзсіз. Халқымыздың ұлттық дәстүріндегі бір ерекшелік - тәлімдік ақыл-кеңесті жас ұрпақ санасына, әсіресе, қыз балаға тұспалдап, астарлай жеткізу болатын. Бұл салт ауылдық жерлерде бүгінгі күнге дейін сақталған. Мысалы, «Келінім саған айтам, қызым сен тында» деген бір ауыз сөздің өзінде-ақ тәрбиелік талап-тілектерді бірден бетке айта салмай, көбінде оларды жанамалап жеткізгенін байқаймыз. Мұндай ақыл-кеңесті көп жағдайда қыздың анасы, не сырлас жеңгесі айтатын болған.

Бүгінгі күні қыздарымызбен қалай сырласып, ой бөлісіп жүрміз. Өкінішке орай жас қыздарымыз болашақ ана болу мен жар болу талаптарын бөгде адамдардан яғни өзі секілді өмірден түйгені

мен көргені жоқ тәжірибесіз қыздардан үйреніп жүр. Олар теледидардан көргені мен естігенінен қорытынды жасап, өз өмірлеріне тәжірибе жасағандай. Сондықтан, қыздарыңызды мектепте оқып жүрген кезінен болашақ ана болуға даярлап, ақыл кеңестеріңізді беріңіздер. Сыныптағы ер балалармен қарым-қатынаста ненің дұрыс, ненің бұрыстығын ескертіп, есіне слып отыру маңызды. Бүгінгі таңда аңғалдыққа ұрынып мектеп табалдырығында жүріп түсік тастатып жатқан да қыздар баршылық. Оның шарифатымыз бойынша да қандай обал екенін, медициналық тұрғыдан да қауіпті тұстарын түсіндіріп, сауаттандыру қажет.

Біздің ата-бабаларымыз бұл жаңалыққа ерте кезден ден қойып, отбасында ескеріп келген. Отандық ғалым С.Ғаббасов өзінің «Халық педагогикасының негіздері» деген тақырыптағы докторлық диссертациясында бала тәрбиесін ана құрсағынан бастау идеясын көтеріп, оны халқымыздың этнопедагогикалық дүниетанымына сай жүйелеген болатын. Ата - бабалар дәстүрін бүгінгі күні отбасы тәрбиесі жағдайында ескере отырып ұйымдастыру мәселесін педагог, әрі дәрігер - ғалым С.Ғаббасов құрсақ тәрбиесінің барысын баланың психологиялық-физиологиялық дамуы тұрғысында қарастырып, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін ашып көрсетті. Ол баланың құрсақтағы тоғыз айы мен қырқынан шыққанша және үш айға дейінгі тәрбиесінде, бағып - қағудың анаға тиісті сыбағасының ерекше екендігін айта келіп, нәрестенің құрсақтағы тәрбиесін негізінен түйсіктік әсерді және кеңіл - күй сезімдерін пайдалану арқылы дүниеге келген алғашқы сәтінен бастап...аялы алақан, жағымды әуен, еміренген дыбыс, еркелеткен сөз, аналық мейірімнің алуан түрлі қозғалыстары, іс-қимылдарының бәрін де ананың өзінің тәрбие әдістеріне айналдыра алатынын айтады.

Сондай-ақ, ғалым ана нәрестемен тілдесу мүмкіндігіне де ие екендігін, анасының нәрестесімен тілдесуі құрсақтағы төрт айлық мерзімінен басталатынын мәлімдейді.

Ғалымның айтуы бойынша нәрестемен сырласуға да болады. Нәресте қырқынан шығып қарақұлақ тани бастаған кездерде, оған арнайы ырғақ тауып өзінің ата-бабасы жайындағы ерекше аңыз сөздерді қысқаша айтуға болады. Бұл арқылы баланың зейініндегі ата - баба зердесін оятуға әсер етеміз, - дейді. Сәби қырқынан

шыққан мезгілінде өзінің көңіл - күйін анық білдіре алады екен. Сондықтан, ол сырласуға бейім күйде тұрса ғана әңгімелескен жөн деп ой түйеді. Сондай-ақ, *ақыл тәрбиесі* ана құрсағындағы тәрбиенің нәтижесінде қалыптасатындығын айта отырып, бесік тәрбиесінің бала дамуындағы маңыздылығын, оған деген басқа да ғалымдардың теріс көзқарастарына өзінің физиологиялық, медициналық және педагогикалық тұжырымдарын айтады.

Ғалым С.Ғаббасов өзінің зерттеуінде ана құрсағындағы сәбидің сезу, есту, сыртқы әлемді қабылдауы мен оған өз реакциясын білдіруі және т.б. белгілерін орыс тілінен аудармай сол қалпында беру арқылы тіршіліктің деңгейін сипаттауға тырысқан. Онда ана құрсағындағы сәби төртінші айда –ақ, сезгіштік қабілетке ие болады деп тұжырымдалады. Ол ана құрсағында мағынасыз жүзіп жүрмейді, сыртқы әлеммен байланыста бола алады, бір нәрсе ұнамаса теріс айналып жатады, тіпті аяғымен тебеді деп түсіндіреді. Американдық мамандар өздерінің көпжылдық зерттеулеріне сүйене отырып, 4 айлық жүктіліктің нәтижесі бойынша мынадай тұжырым жасаған. Біз де сол тұжырымды қазақ тілінде беруді жөн көрдік:

1. Ана құрсағындағы сәби барлық балалар секілді ол да тәттіні ұнатады және дәм сезу қабілетіне ие болады. Мысалы, ана организміне глюкозаны егу балада сору қабілетін тездетеді, ал иодты шашу керісінше баяулатады және балада унатпау сезімін тудырады.

2. Құрсақтағы сәби сыртқы құбылыстарды сезеді. Ана ерніне тиген зат сәбиде сору әрекетін шақырады, ал, бес айлық сәби сырттан сипағанды сезіп басымен қозғалады. Егер ана қарнына суық су шашса сәби ашуланады немесе аяғымен тебеді.

3. Құрсақтағы сәби анасының сөзі мен көңіл-күйін қайталайды. Сонымен қатар, анасы ұйқтағанда ол да ұйқтайды, анасымен бірге оянады. Анасы жақсы көңіл күйде болып, шаршамаған болса, құрсақтағы сәби де өзін тың әрі жақсы сезінеді.

4. Құрсақтағы сәби үшін темекі тартудың қаншалықты зиянды екенін бәріміз жақсы білеміз. Егер анасы бұрын темекі тарқан болып, құмары тұтып сол туралы ойласа, құрсақтағы сәбидің жүрек қағысы жиілеп, сәбиге оттегі жетіспей қысыла бастайды.

5. Туылмаған сәби ана құрсағында жатып сөздерді, тіпті толық сөйлемдерді де есте сақтауы мүмкін. Мысалы, екі жасар қыздың

анасы оның «Дем жұтамыз, дем шығарамыз» деген сөздерді айтқанда таң қалады. Ол жүктілік кезінде «болашақ аналар» курсына барып жүргенде жиі еститін команда болатын. Немесе мынадай жағдай: Жүктілік кезінде Париж қаласындағы Американдық фирмада жұмыс істеп жүрген француз әйелінің екі жастағы қызы туылғаннан кейін ағылшын тілін жақсы түсінетін болған.

6. Құрсақтағы сәби әуенді жақсы естиді. Ол рок әуендерді ұнатпайды, классикалық әуендерді ұнатып қабылдайды. Ырғақты әуендерден ұйықтап қалады екен.

7. Ата-ананың ұрыс-жанжалы құрсақтағы сәбиге өте қауіпті. Отбасындағы айқай шу, ұрыс-керіс салдарынан құрсақтағы сәби өліп кетуі мүмкін.

8. Әле туылмаған сәби ана құрсағында жатып ата-анасының дауысын естиді, олардың дауыс интонацияларына қарай ажыратады, көңіл күйін сезеді. Ата-анасының көңіл күйі жақсы болса, сәбидің жүрек қағысы қалыпты болады. Дәрігерлер болашақ аналарға құрсақтағы сәбилерімен жиі әңгімелесіп, көтеріңкі көңіл күй сыйлауын кеңес береді. Ондай сәбилер туылғаннан кейін байсалды әрі көп жыламайтын болады дейді.

9. Құрсақтағы сәби жарықты жақсы сезеді. Ана қарнына бағытталып түсірілген қатты жарықтан құрсақтағы сәби қашады және теріс бұрылып жатады екен.

10. Ана құрсағындағы сәби өзінің екі айлық кезеңінен бастап физикалық күш көрсету мен ауыр жарақаттарды жақсы сезінетін болады. Егер ана қарнына ауыр соққы тигенде құрсақтағы сәби тығылып, жан сақтауға кіріседі екен.

Міне, осылайша халқымыз жас келіндердің көңіл күйіне олардың жүктілік кезеңінде аса мән беріп, қаралы хабарларды естіртпей құрсақтағы сәбидің өміріне алаңдаушылық танытқан. Ауыр зат көтергізбей, қараңғылықта жалғыз далаға шығармай немесе жалғыз өзін қалдырмай сақтықпен күтім жасауы құрсақтағы сәбидің аман-есен жарық дүние есігін ашуға жағдай жасағандығы.

Құрсақ тәрбиесі қазақ халқында әйелдің жүкті кезінде басталып, оған ерекше қамқорлық жасалған. Оның сүйген «жерік асын» тауып беріп, жүкті әйелге ауыр жүк көтертпей, оның көңіл - күйін жоғары ұстап, түрлі тұрмыстық әдет - ғұрыптарды жасаумен байланыстырылады. Осылайша қамқорлық жасаудың арқасында

бала құрсақта өте жақсы әрі қалыпты өсетінін, айы - күні жетіп уақытысымен дүниеге келетінін халықтық медицинамыз жақсы білген. Халқымыз құрсақта жақсы тәрбие алған бала кейін ақылды, сұлу, сымбатты, жақсы азамат болып өседі деп ой түйген. Сондықтан, қыздар мен келешек аналар құрсақ тәрбиесіне де көңіл бөлулері керек. Көптеген зерттеулер көрсетіп отырғандай, қазақ халқында баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөлді атқарғандықтан, оның негізі болып табылатын ұлттық салт – дәстүрлерімізді білгеніміз және тәрбиеде пайдаланғанымыз жөн.

Шындығына келгенде тұңғышына аяғы ауырлаған жас келіншек ана болатынын білгенімен, шынайы мәніндегі жүрек елжіретер аналық сезімді әлі түсінбейді. Бірақ оның бүкіл болмысында өзгерістер жүріп жатады. Жас болашақ ананың бойына бала бітпей тұрғандағы қалпы, айналаны қабылдауы енді басқаша ағысқа түсе бастайды. Өзінен-өзі мазасызданып, болмашы нәрсеге ренжіп, болар-болмасқа тарылып, әр нәрседен секемденіп, бұрын өзіне тән емес күй кешу пайда болады. Неге десеңіз, алдында не күтіп тұрғанын шамалап болжаса да, болмай қоймайтынын шындықпен бетпе-бет келгенде қал-жағдайының қандай күй кешерін білмейді. Белгісіз бір бұлыңғыр дүние. Ал белгісіздік қашанда құпиялы, тіпті қорқынышты. Өйткені өмірге адам әкелу – әлемдегі ең ауыр, ең қасиетті құбылыс. Сол үшін әжелеріміз: «Екі қабат әйелдің бір аяғы жерде, бір аяғы көрде», - деп, ана болу бақытының қасында толып жатқан қауіп-қатердің бар екенін айтады. Ұғымды енелер өтпелі кезенді жақсы түсінеді, түсінгендіктен келін мінезіндегі құбылып тұрған көрініске, аумалы-төкпелі жай-күйіне кешіріммен, жанашырлықпен қарап, бауырына тарта мейірім көрсетеді, мезгілімен тынығуға жағдай жасайды. Оның көңіл күйін түсірмейге тырысады.

Аяғы ауыр әйел ашық-жарқын жайдары болса, көңіл күйі көтеріңкі жүрсе, толғағы жеңіл, аман-сау босанады, бала ерте күліп, жақсы ширайды дейді. Ұрпағының қамын өмірге келмей жатып ойлаған ақылды ене ауыл жастарын шақырып, «келін көңілі» деп аталатын әдемі бас қосуды жасап береді. Жастар жүрген жер көңілсіз болушы ма еді, күмбірлетіп күй шертіп, ән шырқап, қызық ойындар ойнап, жарасымды әзіл-қалжыңмен болашақ ананың көңілін көтереді, жан дүниесін сергітеді. Жанашар жақындар, құрбы-құрдас теңтұстар арақідік өздері де «келін көңілін»

жалғастырып, сауық құрады. Қазіргі ғылыми-зерттеу тәжірибелері жағымды сезімде жүретін ананың баласы мейірімді, сезімтал, кісіге жақын үйірсек болатынын дәлелдеп отыр. Ал әжелеріміз мұның бәрін оқымай-ақ, табиғи тектілігі арқылы баяғыда-ақ білген.

Ененің баса назар аударып қадағалайтын бір қамқор ісі – келіннің уақытымен дұрыс тамақтануы. Асты аз ішсе, баланың өсуі тежеледі, көп қабылдаса, бала тым толып, кейін босанарда қиындық туындайды, бұл ана мен баланың өміріне қауіпті. Сондықтан сиырдың, қойдың майлы еттерін шектеп, есесіне, нәрлі, дәмді тағамдарды, әсіресе сүт қосылған астарды, сүт өнімдерін молынан ішкізген.

Баланың сүйегі шымыр, мықты болсын деп қызыл ірімшік жегізіп, аракідік сағыз шайнатады екен. Ертедегі сағыздардың ешқандай химиялық қоспасы жоқ, таза өсімдіктерден алынатын қарағайсағыз, құмсағыз, жерсағыз секілді табиғи түрлері болған. Сонымен бірге сәбидің көру, есту қабілеті жақсы жетілсін деп әрі келіннің тамағы бойына сіңсін деп рауғаш, жуа, қымыздық, саумалдық, түйетабан сияқты өсімдіктерді, қарақат, бүлдірген, мойыл, таңқурай, жидек секілді жемістерді мүмкіндігінше жегізуге тырысқан. Келіннің өзін күтіп таза жүруіне үлкен көңіл бөлінген. Киікоты, көкмарал, жалбыз, шайшөп, жұпар сияқты хош иісті шөптерді пайдаланып жуынуға үйреткен. Ұқыпты ене, егер келіні қысқа қарай босанатын болса, жоғарыдағы шөптерді жазда көлеңкеде құрғатып кептіріп, дайындап алып қоятын болған. Сол секілді емдік қасиеті бар арша, адыраспан сияқты өсімдіктерді үйге түтіндетіп, іштегі баланың тыныс мүшелерінің сезімтал болуына әсер еткен. «Балаға жағымсыз кесірі тиеді», - деп келіншектің тіс тазалығына да көңіл бөлген. Таңертеңгілік және жатарда тұзды сумен немесе жоғарыда аталған хош иісті шөптердің қайнатпа тұнбасымен аузын шайқатқан.

Үлкен кісілер немере көруді аңсап күтумен бірге нәрестенің аман-есен өмірге келуіне өздерін де міндетті санаған. Қамқор ене келінге ауыр зат көтертпей, шаң-тозаңы, күл-қоқысы бар жұмысқа жолатпаған. Әлденеден шошып, түсік тастау қауіпі болмасын деп түнде далаға жалғыз шығармаған. Ұрыс-керіс, у-шу болып жатқан бейәдеп көріністерден аулақ ұстаған. Аяғы ауыр әйел көзінше кім-кімге де өрескел сөйлеуге, айғайлап арындауға тыйым салған әрі келіншектің өзіне «Шырағым, даурығып дауысыңды көтермей,

биязы, сыпайы сөйле, әйтпесе, бөпенің мінезі шөлкем-шалыс, салдыр-күлдір содыр болып қалады», - деп жағымсыз әдеттерден сақтандырған. Сол секілді: «Үйге келген кісіні есіктен қайтарма, «қырықтың бірі – Қыдыр» деген, қолыңнан дәм татқызып, ықыласын ал, шарапаты тиеді. Жас балаға зекіме, олар періштедей пәк, күнәсіз, баланың мейірімі түссе, бойың жеңілдейді. Итке «кет» деме, тамақ бер. Ит – жеті қазынананың бірі, иесіне жақсылық әкелер берекенің күзетшісі. Малды ұрма, олардың әрқайсысының киесі, қасиеті бар», - деген секілді қарапайым да астарлы ұлағатты тәлімін беріп, келінді келеңсіз әрекеттерден тежеп, әдептілікке, ізгілікке жетелепті. Сол арқылы іштегі балаға тәрбие ұрығын сепкен.

«Келін жыласа, бала жасық болады» деп келінді жылауға жеткізбей, қас-қабағына қарап, әлдебір суық хабарды, тосын жаманатты естіртпей, кездейсоқ зардаптардан қорғаған. Келіншектің күйеуіне: «Қосағыңның аяғы ауырлады, салмағын өзің көтеріс», - дей отырып, оның азаматтығына сенім артып, міндет жүктеген. Өйткені көңілі күпті әйел, ең алдымен, жұбайына арқа сүйеп, оның сүйіспеншілігіне зәру боп тұрады. Ер-азамат жарын ыстық ықыласына бөлеп, жанға жағымды әрекеттермен аялап, отырса, іштегі балаға әке мейірімі, әкенің рухани күш-қуаты анасы арқылы беріледі деп ұққан. Ал болашақ анаға ауыр сөз айтып балағаттау немесе қол жұмсау қазақта үлкен күнә саналған. Ондай анайы мінезді парықсыздарды бүкіл ауыл болып айыптаған, қатты сынға алып жазалаған.

Адам қуатты табиғаттан алады. Бұл біздің қазақ үшін жаңалық емес. Аналарымыз құрсақтағы сәбидің болашағына қамқор болу үшін келін күтіміне мән беріп, оны табиғат кереметтерімен тәрбиелеп, сол арқылы болашақ ұрпағына қамқорлық жасаған. «Қарағым, заңғар тауға қара, немерімнің өресі биік болсын. Жазық далаға, көкжиекке көз жібер, немерем кең пейілді, дарқан болсын. Жайнаған гүлге, жайқалған көкорайға назар аудар, сәбиің шырайлы болады. Бұлақтың көзін аш, бала қайырымды, мейірімді болады» деген секілді ақыл-кеңестерін айтып, жас келіннің табиғатты қастерлеп түсінуге, жақсы қасиеттерді жаратылыстың өзінен үйренуге баулыған. Сол сияқты кең далаға, сағымданған көкжиекке қарасаң жансарайың кеңігендей әсер аласың, әрі адамның көру қабілеті артып, жанары өткірленеді.

Көңіліне түйгені мол, көрегенді келіндер келіннің айы-күні

жақындап келе жатқанда далаға алып шығып, жалаңаяқ таза аяқпен жүргізген. «О, кеудесі түкті қасиетті Жер-ана, өзін медет бере көр! Перзентінді пәле-кесірден сақтап, бойын жеңілдете көр!» - деп тілек тілеген. Мұны негізсіз деп айта алмаймыз. Жердің адам денесіндегі артық энергияны, бойға сіңген бөтен, былғаныш күштерді өзіне тартып алатыны ғылымда да дәлелденген. Найзағай түскен, тоқ соққан адамды жерге көміп емдейтіні сондықтан. Оның үстіне жалаңаяқ жер басып жүргенде табандағы шоғырланған нерв жүйелерінің қызметі артып, адамның денсаулығы жағымды әсер беретіні тағы да даусыз. Қазір емшілердің емдеу тәсілінде табиғаттың өзінен – күн нұрынан, ай сәулесінен, оттан, судан, жерден қуат алып, науқасты сауықтыратыны жайлы жазып, жаңалық ашқандай жар салып жатады. Осылар қазаққа таңсық емес, қарапайым табиғи әдіс-тәсіл болған.

Қолында екіқабат келіні бар саналы ене Ай сүттей жарық түнде келінді ай сәулесі астында жүргізіп, серуендетіп, ғарыш қуатының әсерін дарытқан. «Бала айдай сәулелі, айдай көпке ортақ білікті болсын!» - деп тілепті. Келінді ай жарығында бұлақ суына, көлге шомылдырып: «Бала судай таза, судай тұнық, судай қасиетті болсын!» - деп ниет еткен. Іле-шала маздап жатқан отқа қыздырып: «Бала айналасына оттай опалы, оттай мейірімді, оттай жарық, оттай күшті болсын!» - деп жас келіннің көңілін жақсылыққа иландырып жігерлендіріпті. Суық пен ыстықты кезек алмастыру арқылы бойға күш-қуат сіңіруді ата-бабаларымыз бағзы заманда-ақ білген.

Келін күтімінде оның киім-кешегіне де зор мән берген. Бой тазалығымен қоса, киім-кешектің кірсіз әрі денеге ыңғайлы болуын қадағалаған. Келінге қара, қоңыр, сұр түсті киім кигізбеген. Керісінше ашық түсті кең-мол тігілген киім таңдалған.

Өкінішке орай қазіргі кезде жас қыздарымыз екіқабат болғанына қарамастан тар шалбар, немесе жабысып тұратын көйлектер мен жейделер киіп жүреді. Көптің көзі түсіп, қарны айдан анық жалаңаштанып тұрғандай ерсі көрінеді. Сондай жас келіндердің аналары, ежелері немесе жұбайы осыны көрмей ме дерсің. Соған қарамастан, емін еркін жүрген жас келіндер ұлттық әдептіліктен алыстап, мені көрдің бе деген кейіп танытқандай.

Кең көйлек көлденең көздердің еріксіз қадалар сұғынан сақтайды. Содан кейін онсыз да тар құрсақта жатқан балаға

сырттан қосымша қысым түспейді. Баланың дене мүшелерінің емін-еркін өсуіне кең киім айтарлықтай септігін тигізеді. Жаман айтпай, жақсы жоқ, нәресте іштен кем-кетікті тумауы үшін бұл да бір сақтық шарасы. Әсіресе мықынды қысатын киімдер аяғы ауыр әйелге қауіпті. Босанар кезде қиындық туындауы ғажап емес. Жаратқан ием сақтанғанды сақтайды.

Қазіргі уақытта дайын киімнің де, матаның да аулан түрін кездестіруге болады. Сондықтан, қыздарымыз бен жас келіндерімізге құрсақ тәрбиесін үйрете отырып, олар бойында әйелдік әдептілікті қалыптастыру маңызды.

Міне, осындай құрсақтағы нәрестенің қандай сезгіштік қабілетінің болатынын жас қыздарымызға отбасында түсіндіре отырып, олардың отбасын құруға өте жауапты қарауын үйретуіміз керек.

11. ҚЫЗДАР ТӘРБИЕСІНЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСТЫҢ КЕШЕГІСІ МЕН БҮГІНІ

Түркі халықтары әйелдерінің тұрмыс тіршілігі мен тәрбиесі қашанда өзге ұлт өкілдерін қызықтырып келген және соған сай зерттеулер жүргізіліп келді. Ресейлік ғалымдар А.Левшин, Н.Зеланд, В.Радлов, Н.Северцев, Г.Потанин қазақ қыздары мен әйел тәрбиесінің ерекшеліктері туралы өз зерттеулерінде көптеп сипаттаулар беріп баяндаған. Нақты айтқанда, қазақтар жөнінде Ресейде алғаш монографиялық еңбек жазған А.Левшин қазақ әйелдерінің инабаты, шаруақорлық, іске шебер, еріне адал болатындығын былайша сипаттаған: «Қырғыз» әйелдері – түйе жетектеп келе жатып та, жасы үлкен ерлерге ізеттілік көрсетуді ұмытпайды. Қазақта балаға әкеден гөрі ана көп қарайды, қыздарын үй ішіндегі өнердің бәріне үйретеді. Сонымен қатар, қазақ ауылының әдет - ғұрпын, салт - дәстүрінде қыз ұзату, келін түсіру, өлікті жөнелту рәсімдерімен байланыстыра сөз етеді. Қазақ ауылындағы қонақжайлық, үйлену, сонымен байланысты ырымдар мен жол - жоралғылар жан - жақты баяндалған. Әсіресе, қазақтардың бала тәрбиесіне, қыз баланы тәрбиелеуге баса көңіл бөлуіне тоқталып, «олар қыздарын оқытуға, түрлі қолөнерін үйретуге, ою - өрнек, шілтер тоқуға, ас даярлауға жастайынан

бейімдейді. Оны ауыз әдебиетінің асыл үлгісі «ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалынан байқауға болады», - дейді.

«Қазақ қыздарына тәрбиені отбасында жүрген аналары өздерінің иманжүзділігімен, ақылдылығымен, қонақжайлылығымен үлгі - өнегесін, қасында жүріп, көрсетіп, үйрету арқылы тәрбиелейді. Жастарды отбасылық өмірге тәрбиелеу идеялары бабаларымыз еңбектерінде ертеден келе жатыр. Ұлы ғұламалардың бірі Ж.Баласағұн үйленуге бел буған жігіттің қыз таңдауда оның негізгі төрт түрлі белгісіне қарай құмарлығының болатындығынан дерек береді. Ол қыздарды төрт негізгі топқа бөліп қарастырады да соның ішіндегі қайсысы дұрыс екендігін жіті бағып қарап таңдауын жігіттерге кеңес береді. Онда қыздардың жігітті адастырар белгілері былайша сипатталады: *Ер жігітті адастырар көп себеп: бірі - күндей сұлулықты көксемек, енді бірі даңқтысын қалайды, үшіншісі - байлықты жар санайды*, - деп бұл қыздарды таңдаған жігіттің отбасылық өмірде жолының болмайтындығын көрсетсе, *төртіншісі - бірін де ойға алмайды, ақ ниетті, әдептісін таңдайды*, - деп қыздардың ішіндегі ең таңдаулысы қашан да тәрбиелісі болуға тиісті екендігін ескертеді. Мұндай ой - пікір мен көзқарас қазақ даласындағы бір туар ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдерінде керемет өзінің жалғасын тапқан. Онда Абай: *"Жасаулы деп, малды деп байдан алма, кедей қызы арзан деп құмарланба, Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата - ананың қызынан қапы қалма"*, - деп жастарға тәрбиелі үйдің қызынан қапы қалмауын кеңес берген болатын.

Сонымен қатар, Ж.Баласағұн жігіттерге неге бұл үшеуіне үйлену бақытты болуға жеткіліксіз деп санайтынын да дәлелдеп көрсетеді. Нақтырақ айтатын болсақ, *бай келіншекте байға құрмет болмайды, бай бай емес, меншігім деп торлайды*, - деген өлең жолдарында ақын бай, дәулетті отбасынан шыққан қыздың ерін өз меншігіне айналдырып, оған құрметпен қарамайтындығын, бар ойлағаны дүние - мүлікке құмарлық болып, оның тілінің ызғарлы да өктемдігін суреттесе, *"Еркетотай такаппары тектінің, менсіне ме безбіреудің тексізін"*, - деп "тектінің" қызы "тексіз" жарын адам санатына да қоспайтынын, қашан да такаппарланып, асқақтай сөйлейтінін ескертеді. Қазақ халқындағы әйел баласының отбасындағы рөлінің маңыздылығын айғақтайтын

"жақсы әйел жаман еркекті адам етеді, жаман әйел жақсы еркекті надан етеді" деген мақалдың астары да осыны аңғартса керек.

Ғұлама ғалым сұлу құмар жігіттерге адам баласының сұлулығы тән сұлулығымен емес, жан сұлулығы арқылы өлшенетінін, ал құр тән сұлулығы ақыл-парасатсыз, үйлесімді мінез - құлықсыз жігіттерді адасушылыққа алып келетінін де назардан тыс қалдырмайды. Осы тұста ақын тәрбиелі үйдің қызының тағы бір ерекшелігі оның жібектей мінез - құлқының болуы екендігін: *құлқы жақсы кісі - бақтың иесі, ісі гүлдер, тиіп құттың киесі* (1705 бәйт) - деп, тәрбиелі келіннің отбасына келуі құт, берекенің келуімен тең екендігін суреттейді. Мәселен, Кейкаус көзқарасындағы отбасы тәрбиесінің ұйтқысы жақсы әйел екендігі туралы пікірлер Ж.Баласағұн пікірлерімен сабақтасып жатады. Онда автор отбасы тәрбиесі тиімділігінің алғы шарты ретінде отбасында жақсы жардың болуын көрсетеді. Кейкаус та жақсы әйел алу үшін жар таңдауда қателеспеу керектігін айтып, ұлына жар таңдауда кеңестер береді. Оған дәлел ретінде "Қатын алмақ болсаң, оның дүниесі көбін талап етпей, тәрбиелісін алғын", - деп адамның адамдық сипаты оның тәрбиесінің дұрыстығымен бағаланатынын түсіндіреді. Отбасындағы әйел баласының бойындағы асыл қасиеттер табиғатының таза болып, жан дүниесінің пәк, адал болуын қажет деп санайды, осындай әйелдер қашан да еріне дос болып келеді деп есептейді. Сонымен қатар, жақсы әйел уақытыңды, дүние - малыңды жақсы сақтай алатын береке көзі, өмірінің рақаты болады деп тұжырымдайды. Сондай - ақ, жұрттан асқан сұлу қатын алма, өйткені, оған ғашықтар көп болады", - деп Ж.Баласағұн көзқарасымен келіседі.

Үйлену, жекжат таңдауда Кейкаус әйелді жат жерден алуды дұрыс деп санайды. Өйткені, өз қарындастарың онсыз да ет пен сүйек, қан мен тамырдай жақын. Басқа ру, тайпадан әйел алсаң, біреуің екеу болғаны, әрі жат жұртты өзіңе жақын еткенің болып табылады деп санайды. Сондай-ақ, Кейкаус отбасындағы әйел теңдігін асыл бағалап, онымен санасып тұрмыс жарастығын бірге бөлісіп отыруды "Білімді қатынның іс - әрекетіне тыйым салушы болма, егер сен қызғаншақтық жасамасаң, кемсінбесең, қатының саған ата-анаңнан да мейірімді болады",- деп әйел баласының тәрбиелісі отбасындағы ынтымақ пен береке қазынасы екендігін

ескертеді.

Орта ғасырдағы ғұламалар Қорқыт, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи еңбектеріндегі отбасы тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктеріне, соның ішінде жар таңдау мәселелеріне тоқталатын болсақ, бәріне де ортақ талап, ең алдымен отбасын құрудан бұрын жақсы жар таңдау ұлы міндет етіп қойылатындығын айқындаймыз.

Алладан бала тілеу, соның ішінде ұл баласының отбасы өміріндегі орнының ерекшелігін ескере отырып, оны тәрбиелеудегі талаптар да қыз баласына деген талаптан өзгеше. Бәрінің көзқарасында қыз баласын жат жұрттық деп санап, оны қонақ, ел мен ел арасын жалғастырып, қосатын дәнекер ретінде туылған кезінен бастап ең сыйлы қатынас жасалады. Әрі қарай қыз баласының болмысын қалыптастыруда оған болашақ ана деп қарау байқалады. Ондағы тәрбие мақсаты бүкіл рудың, ұлттың болашағы байланыстырылатын қыз тәрбиесіне қатаң тәртіп пен талап қойылатындығынан көрінеді. Ұлы ғұламалар еңбектеріндегі ұл және қыз тәрбиесінде бөліп жармай адамзатқа қажет болатын барлық өнер атаулысын бала бойына сіңіру ортақ мақсат етіледі, дегенмен, жынысына қарай жүзеге асырылу тәртібі де мұқият ескеріледі.

Қазақ халқының қыз алысу рәсімінің шет елдерде жүрген қандастармыздың ортасында сақталған түрлерін профессор С.А.Ұзақбаева өзінің диссертациялық жұмысында Ираннан келген қандасымыз Мәниже Жатқанның сұхбаты арқылы көпшілікке ұсынады. Онда: “...қыз баланың қылығы, әдебі, ибасы түзелмей ештеңе өзгермейді. Иранда тұратын қазақтар ата - баба салтымен қызды айттырады. Жігіт келіп қызды көреді, соң арадағы жеңгелер екі жақтың пікірін сұрайды. Қыз егер жігітті ұнатса, “білмеймін, ойналайын” деп жауап береді. Ал егер ұнатпаса “қазір тұрмыс кұрмаймын, басқа қызды іздей берсін” деп жауап қайтарады. Ер жігіттің басын кеміту, бетіне турасын айта салу деген болмайды. Ал, арада жүрген жеңгелер “Еркем әлі жас қой, айналайын, бойжете берсін” деген сөздермен жігітке жауабын береді. Жігіт содан - ақ бәрін түсіне қояды. Жеңгелер шешемізге айтады, шешеміз әкемізге айтады, әкеміз ағайындармен ақылдасып, жігіттің тегін зерттеп барып ризашылығын береді деп сипаттайды. Содан кейін құда болады. Мұндай асқан әдептілік пен жоғары

мәдениеттілік қашан да қазақ халқындағы “Қыз қылығымен сүйкімді” деген аталы сөзді толықтыра түскен.

Статистикалық мәліметке жүгінетін болсақ, бүгінге дейін Қазақстан Республикасы бойынша кәмелет жасына толмаған мектептегі қыз балалардың 30 мыңы жүктілігі бойынша тіркеліп, соның 10 мыңының түсік жасатқаны мәлім болды. Сонымен қатар, мектеп жасындағы қаншама оқушы қыз балалары көптеген себептермен мектепті бітірмей тұрмыс құрып жатқандығы тағы бар. Бұл деген сөз, жас қыздарымыздың отбасын құру мен оның жауапкершілігін түсініп, сезінетін жасқа жетпей жыныстық қарым-қатынасқа баратынын дәлелдейді. Сонда ата-аналар мен мектеп мұғалімдері тарапынан сауаттандыру мен ақпараттандыру жұмыстарының бұл бағытта мүлдем жүргізілмейтіндігі көрінеді. Ол аз болғандай, жас отбасыларының бір жылдағы көрсеткіші бойынша да әрбір үйленген жұптың 40%-ның қайта ажырасатыны отбасын құрған жастардың да болашақ отбасылық өмірге дайын болмай қадам жасайтынын көрсетеді.

Халқымыз: «Әйел күннің шуағынан жаралған» деп дәріптеген. Өйткені, әйел баласына тән қасиеттер нәзіктік пен мейірімділік, қамқорлық пен жылылық секілді сезімдермен байланысты болуы тиіс. Ата-ананың орнын өте жоғары бағалайтын асыл дінімізде: «Ата-ананың балаға бере алатын ең жақсы мұрасы – жақсы өнегелі тәрбиесі» делінген.

Әйтсе де, бүгінгі ата-аналар жұмысбастылықпен күні бойы күнкөріс қамымен жүріп балалар тәрбиесін назардан тыс қалдырады. «Қызым үйде, қылығы түзде», - деп халқымызда айтылғандай қыз балаларының жүріс-тұрысы мен мінез-құлқының сырт көз бақылауы бойынша қалыптасқан болмысына бір мезгіл назар аударып отыру да қажет-ақ.

Бүгінгі қыз балаларының тәрбиесі мен мінез-құлқындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін салыстырып білу мақсатында ер балалардан алынған сауалнамалар нәтижесі мына төмендегідей көзқарастарды айқындатады:

1. «Бүгінгі қазақ әйелі қандай болуы қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа сұралған жігіттердің 40%-ы «Инабатты, кішіпейіл, мәдениетті, көпшіл, сыпайы әрі қарапайым болуы қажет» деп жауап берсе, 30%-ы «Қазақ әйелі ата-анасын құрметтейтін, туған туыстарымен жақсы қарым-қатынаста болуы қажет және

қазақылығын сақтап, салт-дәстүрін ұстануы қажет» деп жауап берген. Ал 30%-ы «Қазіргі заман талабына сай білімді, білікті болу керек, ең бастысы заманнан артта қалмауы қажет» деп жауап берген. Демек, жоғарыдағы жауаптардан қазақ әйелдеріне тән қасиетті негізінен бауырмашылдық пен ұлттық мінезбен байланыстарғандары басым болып отырғандығын көруге болады.

2. «Бүгінгі қазақ қыздарының бойынан қандай тәрбиелілікті көргіңіз келеді?» деген сұраққа сұралғандардың 82%-ы олардың бойынан қазақи тәрбиені көргісі келетінін айтқан. Ол деген сөз қазақ қыздарының бойында ұлтқа тән тәлім-тәрбиенің болғанын дұрыс көретінін білдірген. Ал қалған 20% жігіттер заман талабына сай үлгіде киінген және көзі ашық қыздарды ұнататынын айтқан.

3. «Қандай қыздарға үйленгіңіз келеді» деген сұраққа жігіттердің басым бөлігі отбасы тыныштығы мен абыройын басты орынға қоятын, бойында иманы бар қыздарға үйленгісі келетінін айтқан.

Бұдан шығатын тұжырым, қазақ жігіттері қыздардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп тәрбиеленген қыздарға үлкен құрметпен қарайтынын аңғартады.

Бабаларымыз дәстүрінде қыздың тектілігін әртүрлі жолдармен тексеріп көретін болған. Мәселен, бойжеткеннің көшкен жұртына зер салып қарауы мүмкін. Сондай-ақ, қыз көруге келгенде сол шаңырақтың көсеуіне көңіл аударады, егер көсеудің екі жағымен от көселсе, онда “шешесі салақ” – деп бойжеткенді көрмей-ақ жүре беретін болған. Сонымен қатар, қалыңдықтың ақылдылығына аса назар аударған: сыншылар әртүрлі сыйлық ұсыну арқылы бойжеткеннің дүние мүлікке көзқарасын тексерген, жұмбақ шешкізіп, зейін зердесін байқаған, аға-інілері құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасына қарай бауырмалдығы мен қайырымдылығын екшеген. Киген киімі, істеген ісі, сөйлеген сөзіне қарап, оның ұқыптылығы, іскерлігі және мінез-құлқынан мағлұмат ала білген.

Жоғарыдағы сауалнама жауаптарын талдай келе, қыз балаларымызды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің бүгінгі замандағы әдістері мен тәсілдерін ұсынудың қажеттілік туғызып отырғандығын байқаймыз. Сондықтан ата-аналар үшін отбасы тәрбиесі жағдайында қыз балалар тәрбиесін тиімді ұйымдастыруға мынадай ұсыныстар жасағымыз келеді:

1. Қыз балаларымыз бойында ұлттық мінез бен ұлттық сананы

қалыптастыру үшін отбасындағы қарым-қатынас пен тәрбие қашанда ана тілінде болуы тиіс. Бала қандай мектепте оқыса да, оның отбасындағы алған тәрбиесі өз ана тілінде болатын болса, тәрбиеде ұтылмайтынымыз анық.

Осы тұста елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзін есте ұстағанымыз жөн: «Білім мен тәрбие адамгершілікті тұлға қалыптастырудың қос қанатындай. Білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық болуы керек». Осылайша бүгінгі жаһандану заманында әлемдік білім мен ұлттық тәрбиені тең ұстауымыздың қажеттілігін ескертеді.

2. Отбасындағы бала тәрбиесімен тек ананың ғана емес, ата-ананың екеуінің де айналысқаны абзал. Өйткені, ер азаматтың тәрбиедегі ықпалы тек ер балалар үшін ғана емес, қыз балалары үшін де маңызды. Әкесінің қамқорлығы мен қолдауы қыз балаларының болашағы мен ертеңгі өміріне сенімділік беріп, жол ашады. Сондықтан болар, қазақ халқында әкелер қыз балаларды ренжітіп, ұрыспаған. Әсіресе әкесі тарапынан қыздарына дауыс көтеріп, қол көтермеген. Егер әкесі қызына қол көтерсе, қызы бақытсыз болады деген сенім болған. Бұл бүгінде де маңызды.

3. Қыздарымыздың кину мәдениетін қадағалау қажет. Өйткені, киім тәрбие айнасы іспетті. Аналарымыз қыздарына көйлек киюдің қыз балалары үшін қандай пайдалы тұстары бар екендігін түсіндіріп отыруы тиіс. Медицина саласының мамандарының тұжырымдауы бойынша әйел балалары үшін көйлек кигеннің пайдалы тұстарын: "...Ер адам көбіне көктен, әйелдер жерден қуат алады. Сондықтан болар, әйелдің шашы магнит тәрізді ауадағы кір-лас қуатты жинағыш келеді. Бұл да оның, әсіресе, бас ауруына ұшырауына әсер етеді. Ашық-шашық жүрген әйел көктен өзіне қажет емес, артық қуатты алады, сөйтіп оның бойында еркектерге тән гистостерон гормоны пайда болады. Нәтижесінде, ағзаның гормональды бұзылуы етек алып, жыныс органдарындағы қатерлі ісік және т.б. ауруларға жол береді. Ал баланың бітуі мен тууына аса қажет әйелге тән экстрогенос гормондарының керекті мөлшерде қалыптасуына ықпал ететін жерден келетін қуат ұзын, кең көйлек арқылы әйел денесіне молынан, еркін өтеді. Тар шалбар осындай аса маңызды процеске кедергі жасайды. Осы процестер дұрыс жүзеге аспағандықтан, қоғамда жантүршігерлік түрлі оқиғалардың (лесбиянкалар, гомосексуалистер, трансвеститтер, т.б.) орын

алуына себеп болуы мүмкін", - деген тқжырым жасайды. Сондықтан "Есті қыз етегін қымтап ұстайды" деген дана сөз айтылады.

4. Қыз балаларының мінез-құлқының қалыпты болуына мән бере тәрбиелеу қажет. Ұлы ғұлама әл-Фарабидің «Бақытты болудың бірден бір шарты - жақсы мінездің болуы» деп айтқанындай қазақ қыздары мен келіншектерінің тұлғалық сапаларының ең басты көрінісі олардың мінез-құлқының жағымды болуымен айқындалған. Себебі, адам мінезінің жайдары да ашық, сабарлы да ұстамды болуы оларды кез-келген ортада дұрыс ұстауға жағдай туғызған. Ол туралы да әжелеріміз жас қыздарға үнемі айтып, естеріне салып отырған. Оны «Күле, күле, күлкім жетті басыма, күлмей жүрсем, кім келеді қасыма» деген мақалдар астары дәлелдейді. Бұл қатарлар арқылы жастарға адам мінезінің тым жеңілтек те, тым салмақты да болмағаны дұрыс екендігін ескере отырып, орта шамасын ұстағанды жөн көреді. Себебі, тым жеңілтектік түбінде бір пәлеге ұрындырары хақ, ал тым тұйықтық өзімен өзі қалып ортадан ажырап қалуға алып келуі мүмкін дегенді меңзейді.

5. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту қажет. Мектептегі «Қыздар жиналысы» немесе «Сырласу кеші» секілді клубтар жұмысын жандандыру арқылы қыз балалар үшін пайдалы кеңестер мен ақпараттарды таратып, пікір алмасу жұмыстарын күшейту қажет.

6. Мектептерде ата-аналар үшін де мектеп психологы мен педагог мамандар тарапынан психологиялық-педагогикалық кеңестер беретін орталықтар немесе «Ата-аналар университеті» секілді орталықтар жұмыс жүргізіп тұруы қажет деп білеміз. Өйткені, ата-аналар өздігінен педагогикалық-психологиялық сауаттылығын көтере алмайды, немесе барлығы дерлік оған шамалары келе бермеуі мүмкін. Сондықтан, балалары оқитын мектептен өз балаларының дамуы мен тәрбиесі жайлы ақпараттар мен кеңестер алып отыруға мүмкіндік жасалса, бұл ынтымақтастық пен өзара байланысты күшейте түсер еді.

7. Қыз тәрбиесін жетілдіруде тек қыз балалары үшін ғана тәрбиелік шараларды ұйымдастыру жеткілікті болар деп ойламаймыз. Ол үшін ер балаларға арналған іс шаралар мазмұнында да олардың қаздарға деген қарым-қатынасы мен қамқорлығын қалыптастыру мен ынталандыру шараларын

жоспарлы жүргізу қажет деп білеміз. Өйткені, қыз балаларды қорғаушы да қамқоршы ер балалар екендігін олар сезінуі тиіс. Сондықтан, ер балалармен жүргізілетін жұмыстарда қыз тәрбиесі мәселесін қою маңызды.

Бүгінгі қыз балалар тәрбиесін қолға ала отырып, қоғам тәрбиесін түзейміз, қоғамда тәртіп орната отырып болашаққа жарқын жол салатынымызды ұмытпағанамызы жөн болар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамның бүгінгі дамуы ата-бабаларымыздың қалыптастырып, ұрпаққа аманат етіп қалдырып кеткен тәрбие дәстүрлері мен талаптарын заман ағымына қарай қайта жаңғыртып қолдануды қажетсініп отыр. Бүгінгі жаһандық мәдениет барлық этностық тәрбие дәстүрлеріне өзіндік ықпал етіп, біртіндеп ортақ мәдениетке жақындатып келеді. Ұлттық болмысымызды сақтап қалғымыз келсе ең алдымен ұлттық дәстүрімізді қайта жаңғырта отырып, оны заман талаптарына сай жетілдіре отырып пайдалану жолдарын ұсынуымыз қажет. Ол алдымен отбасы дәстүрлері арқылы іске асырылмақ. Сондықтан әрбір отбасында ата-ана балаларымен ұлттық дәстүрімізге сай өмір сүруді үйрете отырып, тәрбиені ұлттық рухта ұйымдастыруға көңіл бөлуі тиіс.

Біз аталмыш оқу құралында ұлттық құндылықтарымыз: денсаулықты сақтау, еңбекқорлыққа үйрену, қонақ күту мәдениетін меңгеру, ата-анаға құрмет, қызды құрметтеу, киіну мәдениетін үйрену секілді тақырыптарды қамти отырып, олардың қыз тәрбиесіндегі мәнін айқындауға мән бердік. Әсіресе ата-аналарға қыз балаларының тәрбиесін ұйымдастыруда қажетті кеңестер береміз. Бүгінгі күнгі қыздар арасында кездесіп жатқан проблемалар төңірегіндегі ақпараттар ата-аналар үшін қажет болар деген мақсатта, олардың себептері мен мәніне тоқталып өтуді жөн санадық.

Оқу құралының мазмұнын анықтау мен сипаттауда көптеген Отандық ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, отбасындағы қыз тәрбиесіне қажетті ақпараттарды іріктедік. Отбасы тәрбиесіндегі қыз балалар тәрбиесінің ерекшеліктері мен оған қойылар талаптарды сонау ертеден келе жатқан аңыз әңгімелер мен оқиғалар желісімен бере отырып, қазақ қоғамында қалыптасқан сенімдер мен нанымдар арқылы баяндадық. Өйткені, бүгінгі қазақ қызының тәрбиесі мен оны іске асыратын отбасы шарттары дәстүрімізбен байланысты қарастырылса, күнделікті тіршілігімізде кездесетін іс-әрекеттер сыры ашып көрсетілсе оқырманға анағұрлым түсінікті болар деген оймен бердік.

Бүгінгі қыздар туралы көпшілік көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар алып, отбасы тәрбиесінің қыз балаларға деген тәрбие талаптары мен ата-аналардың қарым-қатынасын

анықтадық. Ата-аналар үшін отбасы тәрбиесі жағдайында қыз балаларды тәрбиелеуде педагогикалық-психологиялық кеңестер ұсындық. Отбасы тәрбиесінің негізі - отбасы құндылықтарын жаңғырту мен дамыту негізінде ұрпақтарымызды заман талабына сай тәрбиелеу болмақ. Өйткені, заманнан артта қалмай жаһандық ақпараттарды игере отырып, отбасы құндылықтарын бойына сіңіріп өскен әрбір қыз балалары ғана бүгінде заман талабына сай тұлға болмақ. Олай болса, отбасы тәрбие бастауы ретінде салт-дәстүріміз бен адамгершілік сапаларымызды қалыптастырып шығаратын шеберханамызға айналуы тиіс.

Әйтсе де, алдағы уақытта қыз тәрбиесін жетілдіре түсу мақсатында ата-аналарды қызықтыратын тақырыптар жете зерттелуі тиіс деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж.

2. Алтай Х. Таңдаулы хадистер аудармасы. -Алматы,1994.- 112 б.

3. Атемова Қ.Т. Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы. Монография. –Алматы, 2009. -328 бет.

4. Асқаров Б. Сәбиге ат қою. // Ислам және өркениет. –2005. – № 7(55), шілде. – 11 б.

5. Ахметова З. «Бабалар аманаты». –Алматы, 2014.

6. Акбаев Н. Ата салтынды аяла // Қазақ салт - дәстүрлері туралы таным. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 160 б.

7. Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1984. –Т.15. –Б.7-9.

8. Әшенұлы А. Ата-ананың балаларына қатысты міндеттері: "Шапағат-нұр". //Ислам тану журналы. – Шымкент, 2002. – Б.46 - 21.

9. Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1984. –Т.15. –Б.7-9.

10. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы:Жазушы. 1986. - 358 б.

11.Жұманұлы З. Ата - ана ақысы. // "Ислам және өркениет". –2005. –№8(56), тамыз. – Б.10- 11 б.

12. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты : Филол. ғыл. канд. дис.авторерефераты. - Алматы, 2008. - 35 б.

13. Бекжігіт А. Әкімжан Ы. Мухаммед пайғамбардың өсиет хадистері. -Шымкент: Азиат. 2005. - 96 б.

14. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.

15. Жұмабаев М.. Көп томдық шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек мақалалар.-Алматы.: Жазушы, 2005.- 232 б.

16. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. –Алматы: „Жазушы“, 1989.-448 бет.

17. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт - дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары. - Алматы: Ана тілі, 1994. - 80 б.

18. Кенжеахметұлы С. Қазақтың әдет - ғұрыптарының беймәлім 200 түрі. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1998. - 256 б.

19. Қазақ мақал - мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.

20. Қазақстан Республикасының статистикалық жылнамалығы. -Астана, 2011.

21. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы:«Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

22. Қазыбек Бек. "Түп - тұқияңнан өзіме шейін".

23. Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. //Редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. - Алматы:"Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1999. - 128 б.

24. Қазақ мақал - мәтелдері /жинап құрастырған Өтебай Тұрманжанов. - Алматы: Ана - тілі, 1993. - 173 б.

25. Қазақстан Республикасының статистикалық жылнамалығы. -Астана, 2011.

26. Қазақ мақал - мәтелдері. //Құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.

27. "Мұсылман" журналы, 2004. №1, қаңтар, -Б.-24.

28. Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее урбанство //В кн. Мир казаха. - Алматы, 1997. – С.45 - 55.

29. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж.

30. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуының жаңа серпіліс жасау қарсаңында. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. - Астана: Елорда, 2006. - 44 б.

31. «...народы Средней Азии». Рукопись профессора Ю.К.Малницкого. ЮКОГА. Фонд № 1170. Название фонда «Документы о жизни и деятельности казахской национальной интеллигенции в Туркестане», ОП 10, Дело 4. – 118 с.

32. Орамал қасиеті. /Егемен Қазақстан. 28.12.2016. //https://egemen.kz\

33. Орамал қасиеті. /Егемен Қазақстан. 28.12.2016. //https://egemen.kz

34. Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет - ғұрыптары. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 150 б.

35. Өміралиев Қ. Ата тарихымызға үңілсек //Жалын. – 1985. –№5. –Б.105-121.
36. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. - 464 б.
37. Сахих хадистер. /Ред. басқарған Мыңбаев М.Г. Таңдамалы бірінші кітап. - Алматы, 2003. - 224 б.

«ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ АБЫРОЙЫ» тақырыбындағы дөңгелек үстел жұмысының сценаріі

Жүргізуші: №25 мектептің директоры – Нұрлан Бахадүрұлы Мырзатаев.

Дөңгелек үстел жұмысының мақсаты: Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының міндеттерін іске асыру мақсатында бүгінгі қоғамда белең алып отырған қыздар тәрбиесінің олқылықтары мен келеңсіз құбылыстарының себептерін айқындау және алдын алу, отбасы тәрбиесін жетілдіруге ықпал ету мақсатында мектеп, отбасы, қоғамдық мекемелер арасында ынтымақтастық байланыс орнату.

Жүргізуші: Құрметті, бүгінгі дөңгелек үстел жұмысына келген қонақтар, ата-аналар және ұстаздар!

Ел басы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауында бүгінгі тәрбие мәселесін қолға алуды ерекше атап өткендігі бәрімізге мәлім. Соның ішінде әсіресе қыз тәрбиесіне ерекше тоқталып: «Балалар қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар қорғансыз болуға тиіс емес... Бала тәрбиесі – тек ананың ғана емес, ата-ананың екеуінің де міндеті. ...Ең алдымен біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек, олар болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары», - деп атап көрсеткен еді. Бұл сенім біздерге және әрбір оқушының ата-анасына үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Міне, сондықтан біз бен сіздер бүгін елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының міндеттерін іске асыру мақсатында бүгінгі қоғамда белең алып отырған қыздар тәрбиесінің олқылықтары мен келеңсіз құбылыстарының себептерін айқындау және алдын алу мақсатында мектеп, отбасы, қоғамдық мекемелер арасында ынтымақтастық байланыс орнату үшін жиналып отырмыз.

Бүгінгі дөңгелек үстел жұмысына бірнеше мамандар шақырылған. Сондықтан, жұмысымызды бастау алдында бүгінгі қонақтарымызды таныстырып кетейін:

1. Облыстық білім департаменті, тәрбие бөлімінің жетекші маманы **Жанабаева Марина**

2. Қалалық білім басқармасының маманы -

3. Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры **Жанат Тоғайбекова**

4. Облыстық наркологиялық диспансерінің бас дәрігері **Әлкенов Серғазы Түймебайұлы**

5. Ішкі істер департаменті қызметкері **Жетібаев Ғалым Астанаұлы**

6. Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаменті есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының маманы **Нүркелді Абилов**.

7. Облыстық кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының әлеуметтік педагогы **Оңғарбаева Сәуле Полатовна**

8. Облыстық СПИД-тің алдын алу және онымен күрес орталығы бас дәрігерінің орынбасары **Қожахмет Маширов**.

9. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, п.ғ.д. **Усманов Адиджалил Атиярұлы**

10. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, п.ғ.д. **Атемова Қалипа Тұрсынқызы**

11. Облыстық ата аналар комитетінің төрағасы **Әнуар Бейсе**

12. Облыста танымалы педагог, Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, екі рет қажылықта болған ана, ұстаз, бүгінде қыз бала әдеби мәселелерін көтеріп жүрген маман **Құрманбекова Шарапат Қожахметқызы**

13. Шымкент қаласы, №23 З.Космедемянская атындағы лицей-мектебінің психологы **Тойлыбаева Динара**

14. Мектеп директорлары мен мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары және ата- аналар, мектеп директорлары мен жоғары сынып оқушылары қатысып отыр.

Жүргізуші: Бүгінгі пікір алмасуда сөзімізге арқау болу үшін дөңгелек үстел жұмысында қаралатын мәселелерге қатысты бейне-ролик көрейік. (Бейне-роликтен қыздар туралы көріністер тамашалау)

Жүргізуші: Міне, бәріміз көргендей бүгінде жастар арасында қылмыс та, тәртіп бұзушылық та, бос жүрістер мен көңіл көтеру секілді әрекеттер көбейіп барады. Солардың қатарында қыздарымыздың да саны артып отыр. Бүгінде тіпті қыздар арасында өзара төбелес пен келіссөздер жиі орын алып келеді.

Біз бүгін қыз тәрбиесінің талаптарын сөз етуден бұрын қыздар тәрбиесіндегі проблемалардың жағдайын талдау жасаудан бастасақ. Жалпы қыздар тәрбиесінде қандай проблемалар бар?

Сұрақтар:

1. Бүгінде қыздарымыз тәртіпсіздік пен бұзақылыққа мінез-кұлқының жамандығынан барады ма, әлде жұмыссыздықтан, тарығушылықтан барады ма? Яғни саналы түрде әрекет ете ме? Немесе мас күйде, наша шегіп алып бара ма?

2. Қылмыста қыздардың үлес салмағы қандай? Олардың себептері неден туындаған және қандай жас аралығын қамтиды?

3. Кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталықтарындағы қыздар үлесі қандай? Олардың ата-аналары тарапынан тәрбиелеуге талпыныс бар ма?

4. Тәртіп бұзушылық пен тәрбиесіздікке ата-аналар қаншалықты жауапты, жауапқа тартылады ма? Осы істе нақтылы шаралар қарастырылған ба?

5. Облыста ата-аналар комитеті ата-аналар арасында қандай шаралар атқаруда, Ата-аналар тарапынан ықылас немесе ұсыныстар бола ма?

6. Бүгінгі қыздардың осындай өмір салтын ұстануына қандай ықпалдар түрткі болды? Психологиялық тұрғыда олар қалай өзгерді?

7. Мүмкін ересектердің жастарға қояр талаптарын бойжеткендер дұрыс деп қабылдамайтын шығар. Олардың көзқарастарында қандай да бір келіспеушіліктер бар шығар. Оған қыздарымыз не дейді екен?(Оқушылар пікірін тыңдау)

8. Ата-аналар қыз тәрбиесінде мектеп тарапынан қандай іс-шаралардың болғанын қалар едіңіздер? (Ата-аналар пікірін тыңдау)

9. Бүгінгі мектеп оқушылары арасында еуропалық үлгіде бой түзгенімен болмысынан ұлттық ерекшеліктері көрініп тұратын қыздарымыз да аз емес. Осы екі менталитеттегі тәрбие дәстүрлерін қатар алып жүру арқылы тәрбиеде тиімділікке жетудің қандай тәжірибелері бар?

10. Отбасы, мектеп және құзырлы мекемелер бірлесе отырып отбасы тәрбиесін, соның ішінде қыз тәрбиесін жетілдірудің қандай шараларын ұсынасыздар?

Жүргізуші: Бүгінгі «Қыз тәрбиесі – ұлт абыройы»

тақырыбындағы дөңгелек үстел жұмысында талқыланған пікірлерді қорытып, тұжырымдай келе мынадай шешім қабылдауды ұсынамын:



- ата-аналар үшін, сынып жетекшілерінің ата-аналармен жұмысында пайдалануға арналған оқу-әдістемелік құралдарды жазу қажет;

- құзырлы мекемелерде жинақталған ата-аналар білуі тиіс ақпараттарды мектеп арқылы отбасыларына тарату, сауаттандыру жұмыстарын жүргізу қажет;

- қыз тәрбиесіне қатысты оқиғаларға байланысты құзырлы мекемелер мамандарымен ата-аналардың жиі кездесулерін ұйымдастыру;

- облыстық теледидардан «Ел болам десең, бесігінді түзе» айдарымен бала тәрбиесінің барлық даму кезеңдерін қамтитын бағдарлама жасау керек.

Жүргізуші: Осымен дөңгелек үстел жұмысын аяқтаймыз. Бүгінгі қыз тәрбиесі мәселелеріне бейтарап қарамай, алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге және белсенді атсалысқандарыңыз үшін шексіз алғысымызды білдереміз.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Қыз баласының отбасындағы орны	5
2. Қыз тәрбиесін оған көркем әрі мағыналы есім беруден бастаңыз	16
3. Қыз балаларды қонақ күтуге үйретіңіз	20
4. Қызыңыздың киіну мәдениетіне мән беріңіз	34
5. Қыздарыңыздың мінез-құлқының дұрыс қалыптасуын қадағалаңыз	37
6. Қыз балаларды тазалыққа үйретіңіз	44
7. Отбасындағы қыз тәрбиесіне әкенің де қатысуына көңіл бөліңіз	47
8. Қыз тәрбиесінде ырымдар мен тыйымдарды пайдаланыңыз	53
9. Қыз балаларға ата-енелерімен бірге тұрғанның пайдалы жақтарын түсіндіріңіз	56
10. Қыздарыңызды болашақ ана болуға даярлаңыз	58
11. Қыздар тәрбиесіне деген көзқарастың кешегісі мен бүгіні	66
Қорытынды	75
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	77
Қосымша	80

Әтемова Қ.Т., Турсунходжаева Н.А.

**ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ПАЙДАЛАНУ**

Оқу құралы

Басуға 20.08.2015 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 6,25 шартты баспа табақ. Таралымы 100 дана. «Әлем» баспаханасы.
Тапсырыс №2008. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, 7

+ 7 702 331 44 37, +7 776 331 44 37